

ҚЫЗЫЛЖАР АҚЫНДАР АНТОЛОГИЯСЫ





*Кызылжар ақындар
антологиясы*



УДК 821.512.122

ББК 84 (5Каз)

Қ81

Коллектив авторов (40 человек)

Қызылжар ақындар антологиясы

Алматы: - Алейрон, 2021, - 232б.

ISBN 978-9965-476-70-9

Қызылжар – казак әдебиетінің талай маркаскаларын құндактаған қасиетті өлке. Шалкар шабыт иесі Шал ақын, марғасқа Мағжан, сөз зергері Сәбит, кеменгер Ғабит, кара өлеңнің жезкінігі Кәкімбекті туған топырак казіргі таңда да каламгерлерге кенде емес. «Қызылжар ақындар антологиясы» жинағын өлең конған өнірдің бүгінгі буынының жырлары еніп отыр. Алдыңғы толқын ағалар мен ізін басқан жалынды жастардың жүрек төрін жарып шыққан отты өлеңдері оқырманын бейжай қалдырмауы тиіс.

567123

ISBN 978-9965-476-70-9

УДК 821.512.122

ББК 84 (5Каз)

ISBN 978-9965-476-70-9

9 789965 476709

Северо-Казахстанская

областная библиотека

им. С. МИКАНОВА

г. Петропавловск

Коллектив авторов (40 человек), 2021
«Алейрон» баспасы, 2021

Болат Қожахметов

1946 жылы Солтүстік Қазакстан облысының Есіл ауданындағы Өрнек ауылында туған.

Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің тұлегі. 1961 жылы «Ленин туы» газетінде алғашқы өлеңі жарық көрді. 1968 жылы осы газет қызметкерлерінің қатарына қабылданып, 2017 жылға дейін табан аудармастан еңбек етті.

Республика жас ақындарының «Жігер» фестиваліне екі рет қатысты. Оның өлеңдеріне «Лениншіл жас» газетінде – Ғафу Қайырбеков, «Жетісу» газетінде – Тұрсынхан Әбдірахманова оң баға берді.

2013 жылы Түркияның Елазіг қаласында өткен «Хазар жыр кешіндегі» өлеңімен сынға түсті.

Құранның бірнеше сұресін өлеңмен аударды. В.Гюго, К.Симонов бастаған және қазақстандық орыс ақындарының туындыларын тәржімалады. Ал өзінің өлеңдері республикалық «Простор» журналы және «Литературное Приишимье» альманағы арқылы орыс оқырмандағына таныс.

2002 жылы «Аспандағы арғымактар» және 2009 жылы «Жыр борайды» атты өлең кітаптары жарық көрді. Биыл болса «Өзім және өзгелер жайында» атты эсселер жинағы қолға тиді.

Ақынның драмалық шығармалары да бар. Сатираның дүниеліктері де бір кітапты толтыра алады.

«Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері», «Қазақстанның құрметті журналисі» атақтарына ие. «Құрмет» орденімен, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мереңкелік медалімен марапатталған.



Той көйлегі

Ақ торғынға оранып,
дамылдаған.
акку құстай тараңып,
мамырлаған,
калындықтың кигені –
үлпілдеген,
той көйлегі тозаңға шалынбаған.

Соңғы жауған сәуірде
Аппак қардай,
той көйлегі –
денеге шап-шак қандай!
Көкіректі ұрғылап,
құміс толқын,
бойды шарпып барады –
аптап бардай...

Ақ желкендей көйлекті
желге керіп,
махаббат пен масатқа
тең бөленіп,
қалындық шыр айналып, билеп кетті
етегімен бірге
Жер дөнгеленіп...

Махаббаттын
ақ көйлек ақ туындей,
өзі болса –
сол тойдың аққуындей.
Қылан сағым би лебі
лекітеді,
жүректердің

таратып шаттығын бай.
Тыныстамай
ак көйлек тағат тауып,
тағы да ұшты –
кептердей канат қағып...
сол-сол екен,
көпшілік биге шықты,
кәрі-жасы –
күллісі адакталып.

Бұған болса-болмасын,
жұрт райлаиды,
жадыраған жүздері
нарттай жанды.
... Той тарқады.
Би тынды.
Көйлек болса –
көкке ұшып кетті де,
бұлтқа айналды...

Бір той өтер осылай
жас шағында,
өтер, кетер –
бәрі де кас-кағымда.
Бірак та
той көйлегі тозбас:
бұлт боп көшіп-конып жүреді аспанында...

1977 жыл.

Алпыстан асканда

Бәрінен де
бұл жаста тартынасын;
тартынбасаң –
терлейсің, алқынасын;
тамыры ине сұққанда
тыйыласың,
терен ойға сұнгитін
алтын басын;
жас көнілмен
жатарда кино көрсөн –
көз шырымын алмастан
шарқ ұрасын;
тағы да оның үстіне –
түйіншектей
тұрып алар түйіліп –
артық асын;
көз жұмғанмен,
кірпігің айқаспайды,
аунап-аунап,
амалсыз сан тұрасын;
шам жақпастан
шынымен ойланасың:
Есіл едің,
енди кеп тартыласын;
қар үстінен
шабытың карғып акқан,
бұлак едің,
бір күні сарқыласын;
өмір-өзен
өткелін тосса-дағы,
ми батпақтан шыққандай
малтығасын;

Жекіруге болмайды –
жан адамға;
жансызданып қалады –
жарты басын;
ажалыңнан бұрындау
алса Құдай,
онда ойлайсын:
болар, деп, артына сын;
одан-дағы
бәріне басыңды тос,
көкшулан шаш,
Көк мұздай жалтырасын;
түнде ғана
жіпсітін тұла бойын.
күндіз –
безгек болғандай қалтырасын;
баска түгіл,
басың да кішірейер,
сөзің артып,
ал өзің олқырасың;
алғы жакта –
тұрған жок алтын таулар,
тапса екен –
ғұмырдың арты ұнасым;
өсүменен келіп ең –
осы жасқа,
енді өшүмен,
өмір-ай, шал қыласың...

ақпан, 2009 жыл.

Қап тауы

Тигендей төбен Күнгө әрі,
тоғысан көптің мактауы;
сәукеле киген шындары,
калындықтайсың, Қап тауы!

Тәкаппарсың-ау сен бірақ:
төменге басты имейсің.
Қалындық тауға албырап,
карайды кім-кім – білмейсің.

Мысыңмен басар сұстисын,
мәнгілік тондай сіреусін.
Күн астындағы күштісін, –
көктегі бұлтқа тіреусін.

Шындарды шалған ауанды-ай!..
Шау көкіректі ашасын.
Қымызға қанған адамдай,
кашай бір аяқ басасын.

Суыннан мөлдір сімірсем,
сүрер ме ем ғұмыр бір ғасыр?
Зәмзәмдай нәрге үнілсем,
жатқандай ғажап мұнда сыр.

Топыракқа кім тартпасын, –
тұрғынын көр де, тауын көр!
Тауына тартпау – мәртке сын,
тұп аталарың – кіл жауынгер!

Мұрыннан бұрын мінез де
тарткан-ак екен, тау, саған!
Сыңары татыр мын езге,
шырқауды олар ансаған!

Үлгісі дерсің тауының
бастарындағы бөрікті.
Дәуірдің көрген дауылын
карттары қандай көрікті!

Бірінен-бірі аумаған,
бойжеткендері егіздей.
Орамал қөлдей байлаған,
көйлегі болса теніздей...

Сәукеле киген қалыңдық –
Қап тауым, естен кетпейсің!
Ақынның бірақ жанын ұқ, –
кен жазирама жетпейсің!

Шілде, 2009 жыл.

**Аспандағы арғымақтар
немесе балалық туралы этюд**

Көктегі керуен...
Шолғанда көзбен көбелеп:
Шалбурыл бұлттар
арғымақтарын жебелеп,
солардың
бұйра жалынан жанбыр себелеп,
дүние
демде буырқанатұғын, не керек...

Арғымақтардын
кос капиталынан жел кеуlep,
тоғысып бұлттар,
аспанның төсін белдеуlep,
нөсерге
жасын жан беріp, отпен демеуlep,
жауатын жаңбыр,
боздаған бұлттар бебеуlep.

Өткінші осы:
кас-кағым сэтте басылып,
арғымак-бұлттар аттанып,
аспан ашылып,
кемпіркосақ та керіліp,
көкке асылып,
сынығы Күннің
жататын Жерде шашылып...

Өткінші солай өтетін лездे –
армандай,
кететін лезде –
тұтамдай тірлік-жалғандай.
Мен тұратынмын –
үсті-басым су малмандай,
арғымактарымнан айрылып,
жаяу калғандай...

Аспани шағым
арғымактарымды жебелеп,
нажағай-нөкер
жөнкілген көшті көбелеп,
бұлттардын
бүйра жалынын жаңбыр себелеп,

балалық, шіркін,
демде өте шыкты, не керек...

Кедейім, кербезім

Қазағымның
кедейлікпен елі егіз,
каншама жыл:
конторғай боп келеміз.
Мінс, қызық:
қызылымыз қашқанмен,
кербез болған қалпымында
өлеміз.

Кербездікпен калдырсақ та
тарихта із,
кедейліктен құтылмаған
халықпаз.
Ақындары,
шешендері,
 билері
жарлы болған жалпак елің
анық біз!

Біздің тарих
кедейліктің тарихы,
онда
қырсық, жалқаулық пен бар үйкы.
Соның бәрін бүркемелеп
кербездік,
кіргізбейді орамына
кәрі иті.

Ұлттың
біткен болмысына шендесе,
екеуін де
акын айтсын ендеше.

Жарты ғасыр
бір өкілі боп жүрген
жібермеспін,
жырға коссам, мен де есе!

Не батады,
білесін бе, ал маған?
Нөпір халық
бір науан үй салмаған!
Ортасында ну орманның отырып.
үй салуға
шым ойыппыз жалма-жан.

Жиғанымыз
алтын да емес, пұл да емес.
Өрмек құру,
киіз басу,
құр кенес...
Табыла ма
аз акылға мол дәulet,
калып жатсак
бәрінен де жылда кеш...

Жайбасарлық жарылқаған
уа, кімді?!

Жарлы кербез
тындаған ба акылды,
бала күнгі велосипед
болмаса,

баса алмады
машинаға такымды.

Мың, миллион
калада да санымыз.
Түспес
гараж, саяжайдың манына із.
Авто мініп,
бакша күтіп көрмедік,
атар біздің
оларсыз да таңымыз.

Кедейлік ол
іш казандай жайнаған.
Мұкәммал жок
үйімізде жайнаған.
Әйел жүдеу,
бала-шаға аш болса да,
данғазамыз:
кайда жиын, кайда ән?

Бүйіріміз шығып
тамақ ішпейміз,
есесіне
киімді дәп түстейміз.
Бір киермен
шыға келсек сыйқып,
ұнатқандай
ұшырасқан іштей қыз...

Әттен, шыр жок:
шодырайған жағымыз,
әйтсе де оған сынушы ма ед

сағымыз?!

Өлейін деп жатқанда да
той жасап,
бар тапканды шашатын кім?
Тағы біз!

Біз сәнқоймыз,
жасымыз бен кәріміз;
біз данғоймыз,
осы отырған бәріміз!
Біз дегенің
сыртқа жүнін қампайтар,
білдірмейтін арыктығын
бәріміз!

Бола ма еken,
міне, мұндай елде ездік?!

Мұндай елім!

Кедей жанын әр кезде ұк!
Сырт жалтырап,
іш калтырап тұрады-ay,
жалт-жұлт еткен, калт-құлт еткен
кербездік...

Күн

Бесікте жаткан баласын,
пысылдап демінді аласын.
Ештене көрмей жатып-ак,
емшекке аузыңды саласын.
Ашқанда алғаш көзінді,
Алдымен Күнді табасын.
Сондай-ак болар сағатын:

Күн-жүрек болып соғасын.
Күнменен бірге оянып,
табасын тұнде жарасым.
Торалтар сүт пен ак сәуле,
Болса да нақ сол бар аян.
Ананнан артық аялар
Күн-емшектен де сорасын.
Бірге өсіп, біте қайнайсын:
жатасың және тұрасын.
Байкай да алмай каласын, –
балалық шактың шамасын...
Ал содан кейін көрінер,
Жас дәурен деген дара шын.
Сом алтын Күннен от алыш,
өзін де от боп жанасын.
Тұніне-дағы тап болып,
талай да талай тоңасын.
Жастық шақ Күнге күймеген
жүктейді саған жана сын:
ғұмырлық жарын боларлық
ғашығына жіп тағасын;
Сыйлайды күнің шығыршық –
сакина алтын саласын,
тұрмыс-көліктің рөліндей
оған да ие боласын.
Жүргізушиң сен болсан,
жолаушың жалғыз: жар асыл.
Тағатсыз тосып әр түнді
тоймастан тоят табасын.
Сәбілі болып бір күні
құлаққа келер тамаша үн...
Сен болсан «рөлге» жабысып,
шарлайсың елдің даласын.

Бір шылап алып суына,
Шоласың небір қаласын.
Бөрідей жортып жүргенде
бұрыл тартып та қаласын.
Егделігіңмен егіз ол –
ауру-сырқауың және сын.
Ажалдың бұл бір хабары,
айыра алсан қрасын...
Кілемге салса көтеріп,
көріңе қалқып баrasын...
Әлемде Күн ғой мәнгілік,
Әрқашан нұры тарасын!
Сынығы сонын – сакинаң,
Жарық кып тұрсын моласын.
Саусакта қалған қайран «рөл»,
Жер астын енді орасын...

Таң

Қайырлы таң, жалпы Алаш!
(Тілегім осы, халқым рас!)

Өмір – ринг бірак соғар гонг,
Басталар бірден жанталас.
Ісіміз ілгерілеу үшін
Іргесін оның бар қалас!
Атанның белі қайысқан
Отанның жүгін аркалас!
Бұйырмаса да бір бақыт,
Құйылмаса да ортақ ас;
Түріңе кара, жұнжіме,
Тіліңе туған шорқақ жас!
Баратындарың – күзет бір,
Табатындарың – он қалаш.

Адамның ойын бөгемес,
Заманың мынау шарты оғаш.
Тайрандал билей бермендер,
Жайрандал көпке ортаны аш...
Отбасың өссін еңбекпен,
Жатпасың жолда жарты ағаш.
Ғұмырың өтсін қызықпен,
Құмарың онсыз таркамас.
Койылар сенін алдына,
Сойылар картқа марка жас.
Адалдық деген асу бар,
Жамандық та бар – корка бас...
Табағын таңым тартқан сон,
Басталады дей бер бар талас...
Отқа да, суға түседі, –
Онсыз да миы орта бас...
Су кешкен халық емес ек,
Кырда өскен жұртпыш малтымас.
Шоқ болып жатпас сөзіміз,
От болып қалай щалқымас?!

Асаяу үшін мал жимадық,
Босау үшін арқа-бас...
Тойлау үшін тырбанар,
Калмауы үшін мал тағы аш.
Табылар, эттен, достар аз,
Жабылар және сонша кас...
... Күн-күлше наңға кол созып,
Дүлдүлше көбі шаршамас!

Тал тұс

Донғалак – Күннің шырқауы,
тас төбендеғі нұр тауы –
тал түстен асқан жок мезгіл,
Алтыннан құйған құрсауы.
От шашқан отыз жасында,
Қайраттың қардай бұрқауы.
Шаңдай тұс – шырқау биікке,
Алланың: «Шық!» – деп жұмсауы.
Төбеннен төніп тұратын,
Күнді аңсар, тіпті мылқауы.
Табанды казак аз, әттең,
Таусылмас оның сұлтауы.
Және де тойшыл, үйқышыл,
Жалқаулық деген – ұлт жауы.
Ұялмас халқым арактан,
Ұлғая түсті ұрттауы.
Бәрінен басым сор мынау:
Бірінен-бірі сырттауы...
Жұртым-ау, көктен мені ізде,
Жайқалар сонда жыр бауы.
Алайда бізге бөгет көп:
акшасыз және ауру-сырқауы...
Құрулы жатыр жасырын,
кулық-сұмдықтың қырық ауы...
Жанынды жайып салмайсын,
Жайылмасын деп жұртқа уы.
... Шайқай тұс – шырқау биікте,
Арманның жатыр бір тауы.

Тұн

]Апатпен тынып сапары,
Акшамда Құнің батады.
Канжоса болған секілді,
Канталап қызыл шапағы.
Әзірейіл ә дегізбес,
Аранын ажал ашады:
Автокөлігін айдаса,
Тартатын адам нашаны.
Шандатса түнде тежеусіз,
Шыбын кайда қашады?!

Опат боп талай науқастар,
Ойсырап калар ошағы.
Бұзыктар кездік такаса,
Бандиттер мылтық атады.
Калың жұрт бұдан бейхабар,
Корылға басып жатады.
Түнімен тойлап жүрер, рас,
Кімнің көп ақша, атағы...
Жезөкше қыздар жаландап,
Жалаңаш тәнін сатады.
Лыптылдаш лек-лек жұбайлар,
Ләzzатын дәмін татады.
Тұн, эттең, тыныш болмайды,
Ұйқынды шайдай ашады:
Бәріне тап береді, –
Бұралқы иттер «жасағы»;
Баж еткен мысықты естіртпес?
нашакорлардың шатағы.
Пойыздар өтер зіркілдеп,
Әйтеуір басын катады,
Көзің іліне бергенде,
Күлімдеп таңың атады.

Арба
қазақы және ...

Көңілде өшпес көрініс:

Жаз.

Ат.

Арба.

Қай үйдің де алдында –
казақы арба.

Ауылына кез келген
жеткізеді –
атың менен арбадай
ғажап барда!

Божыны ұстап,
ішегіндей домбыраның,
бұл қазағым
шыққан жоқ аз сапарға.

Желік берер көнілге
көлік осы,
киялыш да,
ойың да азат, арда.

Ізін басқан
Артқысы – алдыңғының,
төрт донғалак түсірер –
таза таңба.

Арба жолы –
ендіктер, бойлықтардай
жолаушының бағытын
созады алға.

Рас, үйінен шыққан соң
қырық кадам,
мұсәпірді тосады
азап та алда.

Тұрмайды арба
бір күн де қантарулы,
тіршілікте күйбен қөп:
маза бар ма?!

Атты жегіп,
андыздай жөнелесін,
дәл сол күні
иленіп саз жатар ма?!

Үйеме ғып
үстіне шөп тиейсін,
жетемін деп
көршілес озаттарға.

Одан кейін
отынға кіріс дереу,
қыста тоңып,
басқаға мазак болма!

Я мұрындық,
я жетек сынып жатад,
жанталасқан пендеге
Жаза бар ма?!

Донғалакты майлауды ғана
білер
иесімен бірге,
иә, тозады арба...

...тақтайлы

Біздін үйде болды бір тақтай арба,
бәріне әзір тұрар тан атпай арба, –
солидолмен майлаймын донғалағын,
суарып кеп биені ак қайнарға.

Шайымды да ішпестен жегіп қоям,
шаруаның малында токтау бар ма?!
Шабамыз да жинаймыз отын-шөпті,
шаш тартқан күз ырысты шақ қой ол да.

Сықа толса бірде отын, бірде шөпке,
сықыр-сықыр етпейтін жок қой арба.
Бата, той ма – бәрінен калған жокпыз,
бір арба жан домалап доптай алға.

Барап жерге көк бие жеткізетін,
бұлкектеуден бір танбай, шаппай жолда.
Үлбіреген кезім ғой мектептегі,
үйде, түзде – кайда да мактаулы, арда.

Өбектеген, беу, әкем баласынып,
өзі отырар божыны қакпай алда.

Жаңбыр құйып тұрғанда жаяуладық,
жылтырады-ау көзіміз шоктай зорға.

Тұнделетіп оралдық талай жерден,
түспей орға немесе сокпай жарға.

Ауылдарды айт шетінен тоскан бізді,
ашық құшак, былқыған ак май – алда.

Аткөпір ғып отын-шөп тасығанда,
арба сынып, сан рет сактады Алла.

Белгілі еді тәртібі мал күтудің, –
болса егер жолсоқты, отка айдама.

Тұған кезде қылқұйрық қантарулы,
тан атқанша кегжитіп көп байлама.

Жастық шакта атжанды ауылдағы ұл,

жылдар өте елге тек жаттай болма.
Байғұс болу, бак кону – барлығы да
байланысты Аллаға, бак-талайға.
Тек ауылға жол түсіп, жеткенінде,
туған жердің жұртын да таппай қалма.
Бітіп барад ауыл да, арба түгіл,
басымыздан, ойпырай, бак таяр ма?

**13 қараша, 2018 жыл.
Болат ҚОЖАХМЕТОВ,
ҚР мәдениет қайраткері.**

Сагындықов Болат Магазұлы

1936 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Бостандық ауылында дүниеге келген. Экесі-Сағындық 1937 жылы тоталитарлық режимнің құрбаны болып, халық жауы ретінде атылған. Анасы-Сағындыкова Қамаш-барлық мұлкі тәркіленгеннен кейін, отбасында асырауында қалды. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1955 жылы Омбы ауылшаруашылық институтына түсіп, оны 1960 жылы бітіріп, ғалым агроном мамандығын алды. Барлық енбек жолы туған облысында өтті. Агрономнан облыстық ауыл шаруашылығы баскармасы бастығының бірінші орынбасарына дейінгі саланың барлық сатыларынан өтті. Екі ауданда: Булаев және Бескөл аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс істеді. 1970 жылы КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін үздік бітіріп, окуға түсті. Он бес жыл совхоз директоры болып жұмыс істеді, оның ішінде төрт жыл Тимирязев ауданының «Москваецкий» Целинный совхозында. Еңбек «Халықтар Достығы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және Он үш медальмен, сондай-ақ Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының және облыстың Құрмет грамоталарымен белгіленді. ҚР Президентінің алғыс хаттарымен екі рет марапатталған. Екі рет ВДНХ медальдарымен марапатталған. Құрметті демалысқа шыққаннан кейін Болат Магазұлы бүгінгі күнге дейін белсенді қоғамдық жұмыстар жүргізуде. Өзінің 19 жылын «Память» қоғамдық қорын басқара отырып, жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын мәнгі есте сактау мәселелеріне арнады. Оның бастамасымен және үнемі табандылық танытқан облыс әкімдігінің колдауымен Сталиндік тоталитаризм құрбандарына мемориалдық кешен салынды, оның құрамына ескерткіш,

куғын – сүргінге ұшыраған 7612 солтүстікқазакстандықтың есімдері жазылған құрбандарды еске алу қабығасы, депортация мен ашаршылыққа арналған естелік стелалар кірді. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың анықтамалық деректерінің екі томы және қуғын-сүргін құрбандарының балаларының, немерелерінің, жақындарының естеліктері, сондай-ақ қуғын-сүргіндер бойынша мұрағаттық және статистикалық деректері бар «Ақталған есімдер» кітабы шығарылды. Репрессияға арналған тағы бір кітап жазылды. Мұндай мемориалдық кешен әзірге республика облыстарының ішіндегі жалғыз кешен. Б.М. Сағындықов алты жылдан астам облыстық ардагерлер Кенесі жанындағы Ақсакалдар кеңесін басқарып келеді, оның бастамасымен облыс орталығында ардагерлер аллеясы салынды, ардагерлер клубы ұйымдастырылды, сондай-ақ қаланың он бір мектебінде мемлекеттік тілде оқытатын сыныптар ұйымдастырылды. Әткен 2014 жылы жас ұрпақты тәрбиелеу мектебі ұйымдастырылып, жұмыс істей бастады, оның жұмысын ардагерлер мен құрметті ақсакалдар жүргізеді. Үш жыл бұрын ардагерлердің ұсынысы бойынша Қазақ тілі бойынша анықтама бюросы ұйымдастырылды. Б.М. Сағындықов «Облыстың Құрметті азаматы» атағына ие болды. Журналист ретінде БАҚ-тағы белсенді жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының Құрмет грамотасымен марапатталған. Сағындықов Б.М-төрт өлендер жинағының авторы.

Алты баланың әкесі, тоғыз немеренің және үш шөберенің атасы.



Тында, әлем!

Тында, әлем!
Мен бақытты казақпын!
Шаттанамын, тәуелсізбін, азатпын.
Бабалардың арманына жеттік біз,
Бастан кешіп тауқыметін азаптын.

Тында, әлем!
Қазақ деген халқымды.
Алға басқан қадамы нық, қаркынды.
Көрші елдердің көшін бастап келеміз,
Тез игеріп, мына тентек наркынды.

Тында, әлем!
Қазақстан еліме,
Кең далама, ұлан-байтақ жеріме,
Миллион тонна алтын астық дәніме,
Жер қойнауы толған байлық кеніме.

Сүйсін, әлем!
Ұлағатты жүртym бар.
Біr котанда жүз отыздай ұлтым бар,
Татулықпен біrlігіmіz жарасқан,
Достық деген баға жетпес ғүрпым бар.

Сенші, әлем!
Өркендеген еліме,
Біз берікпіz иgi ниет сенімге,
Кұдай косса, қосыламыз ертең-ақ,
Өркендеген елу елдің шебіне.

Мен казакпын

Мен казакпын сан ғасырлар күрдасы,
Мен казакпын мың заманнын сырласы.
Қасіреттің дариясына батпаған,
Қилы-килы сүм ғұмырдың мұндасы.

Көк найзасы мұқалмаған батырмын,
Жауларымнан қаһарымды асырдым.
Шайқасканда койдай қырып тастадым,
Көл-дария өз қанына батырдым.

Бабаларым Қожаберген, Қабанбай,
Батырларым жау жүректі Баяндай.
Жұздеген жыл жерімізді жаулаған,
Жонғарлармен кескілескен аянбай.

Бүгін, міне, егеменді елімде,
Қасиетті өзім туған жерімде,
Зор сеніммен мәңгілікке жол тарттық,
Жер жаннаты Ұлы дала белінде.

Жау күйінер, дос сүйінер ел болдық,
Өркендерген елу елмен тең болдық.
Бауырымда жұз отыз ұлт өкілі,
Тату тұрған пейілменен кең болдық.

Мен казакпын әлем түгел таныған,
Шанырағымда құт-береке дарыған.
Құн-құн сайын өміріміз гүлденді,
Жакындастық отыз елге дамыған.

Мен қазакпын бүгініммен мактанам,
Бейбіт өмір құшағында шаттанам.
Бітірер іс алда әлі келелі,
Атқаруға айқын жолмен аттанам.

Мен қазакпын. Сақтап қалдым тілімді,
Гибратты ұлағатты ділімді.
Бір Алланың, өз елімнің ұлымын,
Ардақтаймын қасиетті дінімді.

Уа заман-ай, заман-ай

Уа заман-ай, заман-ай,
Сұм заманның жаманы-ай.
Ойран салған дауылы,
Әкелген елге азабы-ай.

Жиырмасыншы ғасырдың,
Көрсеткен килы қастығын.
Қиналған кайран қазағым,
Нәубетіне бас ұрдың.

Құрсауда дүрілдің,
Қисапсыз койдай қырылдың.
Қуғын-сүргін отының,
Жасынында құрыдың.

Құрығын құрған наданның,
Миллиондаған адамның.
Талкандалды тағдыры,
Құрбаны болып заманың.

Есепсіз шетке қашқаны,
Таулардан талай асқаны.
Жат жерді барып паналап,
Ентігін әрең басқаны.

Арал жакка айдады,
Тап жауы деп байларды.
Тұған жерден қуылып,
Көрді әлекті қайдағы.

Көксітеді көнілді,
Кім қайда, ой-хой, көмілді.
Жастанып жатыр сорлылар
Белгісіз жат өнірді.

Билеген елді малғұндар,
Есірген, ессіз, азғындар.
Не көрсетпеді халқыма,
Қанішерлер, құзғындар.

Ұмытылмас мәңгілік,
Елге келген сан бүлік.
Отырған кезде ел билеп,
Мұртты көсем, әнгүдік.

Бәрі бастан өтті ғой,
Сенің құнің батты ғой.
Бүгін елім аман-сау,
Азат таңы атты ғой.

Қалижан Тащенов

1957 жылдың 16 желтоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь (кейін Сергеев, казіргі Шал ақын) ауданының Кенес ауылында туған.

1979 жылдың күзінен бері 43 жыл табан аудармастан Есіл (Ленин) ауданындағы Мектеп негізгі мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабак беріп келеді. Атақты ҚазПИ-дің филология факультетін аталған мамандық бойынша сырттай бітірген.

Ұстаздық еңбегі аудан, облыс деңгейіндегілерді санаамаламағанда, сала министрлігінің, КР Құрмет грамоталарымен аталып өтілген. «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» т.с.с. төсбелгілермен марапатталды.

Өлеңдері жетпісінші жылдардың аяқ кезінен бастап облыстық «Ленин туы» газетінде басыла бастады. Қатысуға тура келгенде облыстық мүшэйраларда жүлделі орындарға колым жетсе, ұстаздар арасындағы мүшэйраның жеңімпазы.



Өлең туралы өлеңдер

«Өлең елі жатпағанмен қашыкта,
Аз жазасың», – деп сөгүге асықпа:
Шынымды айтсам, коркар ісім біреу: ол –
Жыр жазуды айналдыру машықка.

Жарық көрген аз өлеңге өсіп те,
Жұргенім жоқ (Тәнрім, олай дәсітпе).
Жазуым – аз, екшеуім – көп. Үркітер,
Жыр жазуды айналдыру кәсіпке.

Мезгіл жетсе, алмас тұннен таң бұға.
Сыннан сақтап жүрген жоқпын жанды ыға.
Жасқантады өлең күнін түсіру,
Жыр жазуды айналдырып дағдыға.

Жазу оңай үйқастыра көпіртіп.
Шабыт-селді тежер сана тек іркіп.
Аттанға айғай коспан жасық жыр құрап,
Қызыл сөзден жүргенде онсыз ел үркіп.

Өнер жолы бұраны көп, ауыр да.
«Көбірек жаз», – деп камшы ұрма сауырға.
Тағам дәмін келтіретін тұз-дағы,
Молдау болса, жайлыш тимес бауырға.
Құр айғаймен көпшілікке жақты кім?
Деген емен: «Өз арнасын тапты үнім».
Жүрегіңе тиер кезі болады,
Өзі-дағы тіл үйірер тәттінің.

Коя тұршы: «Жырың аз», – деп шағынбай.
Сәл қимылдан қолдан сусыр сабындей,
Көбік – өлең тудыра алман,
Жарың да
Суып кетер құша берсөң, сағынбай.

Өкпелеме: «Азғантай», – деп өлеңін.
Есептеме оның жолын, көлемін.
Көптің бәрі көтере ме үдайы,
Басты сыншы – катал уақыт елегін!

...Әр жерден бір жылтитқанмен тәбесін,
Ұғам аздың бәрі асыл емесін.
Тек сөзімді оқыған жан мезі боп:
«Жырдың құнын кетіруін», – демесін.

Тартпаған жан тек талғамы ортаны,
Жыр оқыры тежер қалам жортағын.
Көп, аз емес, сәттік сайқал сөзбенен,
Жұрттың жанын жүдегіден коркамын.

* * *

Конағына кім тосады шикі асын?
Іздеп жырдың келісті ырғақ, ұйқасын.
Сөзді екшеп отырып сан шығардым,
Небір әсем ойдың үйпа-тұйпасын.

Ұстатпайтын кейде, мейлі, шыңға шық,
Салмақты ой мен бедерлі сөз жымдастып,
Енді өленге айналарда,
Сый қонак
Кіріп үйге, куар оны тым қашық.

Отырып ап қанша қабак түйгенмен,
Қай әмірге қашан шабыт-күй көнген.
Кейде ойың үркіп, жүре береді,
Шыбыннан да жазғы кеште үйге енген.

Теледидар, кітап, газет, шакырыс,
Кызметін тұр...
Теніздей мол жатыр іс.
Бәрі – сылтау, жырдың жауы – желкеге,
Мініп алған жалқаулық па нақұрыс?...

Жоқты бардай сылтау қылыш үйген – мін.
Киындық та ширататын и – көнгін.
Кейде сәтті жыр жолдары туады,
Үстінде де күнделікті күйбенниң.

* * *

Жылтыр сөздер жылмиш үйген – мін.
Жаттанды үйқас жамырай шүркырасты.
Жауыр тенеу ерқашты жылқыдайын,
Жаны шыға шынғырып шырқырасты.

Шабыт емес, мұз ақыл – құлқын құрған,
Көбейді өлең-өнерді қылқындыған.
Мезі болдым шынайы сұлу емес,
Тек бой түзеп сыланған сылкым жырдан.

Артық, кемсіз біркелкі, қалыптыға,
Ендігі өлең тағдыры қалыпты ма?
Шым еткізер жүректі шынайы жыр,
Сиреп әбден, жанымды налытты да...

Таразыдай танымас жар, қасынды,
Сыншы қайда қолына ап балта-сынды.
Құдіретті өленге кірше жұғып,
Былғағанды ұшырап жанка сынды!

Манызынан айрылған бата

«Біреуді қарғагың келсе, «мұғалім бол» де».
Әлім ағайының 70-жылдардың басындағы әзілі

Балалыктың есте калған дерегі,
Көз алдында көлденендей береді:
Көнілінен шықсан болды, үлкендер:
«Мұғалім бол, айналайын», – дер еді.

Тануға әркез даяр тұрар көбі мін,
Таба жүріп ересектер көнілін.
Сол батаны жиі естідім, содан ба,
Ұстаздықпен барады өтіп өмірім.

Жүрмей босқа мұғалім деп ат алып,
Тәтті-ащысын осы істің тата анық.
Жүргенде, өтті ғұмыр дені мектепте,
Бүгін мен де жаска келдім аталық.

Арман еткен атып алдан ак таңы,
Қанша бала үмітімді актады.
Тіпті менің күткенімнен әрі асып,
Кияларға қанша қанат қакқаны!

Максаттарын балалығы қалқалап,
Бақса-дағы, жетекке алған нар талап.
Алып шықкан канша окушым биікке,
Алдымда жүр ел алғысын арқалап.

Тек соларға еліктірген арманы,
Тілім канша алғыс, бата арнады.
Шынымды айтсам, біріне де әлі күн,
«Мұғалім бол» деуге аузым бармады.

Қаншамасы мақсатына өрдегі,
Жетпек болып, алға ұмтылды, өрледі?
Тек біріне шын көңілмен жаркылдай:
«Мұғалім бол» деуге тілім келмеді.

Деме: «Оны шәкіртіне кимады».
(Талайына тағдыр соны сыйлады).
Бұғінгі күн күлдышрап тым төменге,
Түсіп кеткен мәртебесі қинады.

Неше жерден білікті жан болса да,
Мұғалімге біреу төрін тоса ма!
Сырылып кеп тапқан орны сол төрден,
Аяқ киім жанындағы босаға...

Басшы атаулы канша айтқанмен толғана,
Той, жиналыс – бәрінде де сол баға.
Бұрындары аузына жұрт карайтын,
Мұғалімдер – енді бүгін колбала.

Қалта, карын отыр төрде боп үстем,
Ұстаз біткен айналысты жок іспен,
Білім беру, тәлім егу орнына,
Арпалысып жүрер тіпті қоқыспен.

Тіпті күн де түсірместей шұғыла,
Мұғалімдер жан сақтайды бұғына.
Жығылуға міндettі ол әрқашан,
Басшы, шәкірт, ата-ананың ығына.

Өшкен бүгін мұғалімнің отты үні.
Түсіп кеткен жүрттан биік шоқтығы.
Оған жалғыз құқық қиған бұл коғам:
Ол – ешқандай құқығының жоқтығы!

Солай, ешбір құқық деген жоқ онда.
Қалта қағар ұры сыйлы одан да.
Мұғалім боп қалай өмір сүрмекші,
Ұстаздықты жерлеп жаткан коғамда!

Көре тұрып терең білім жиғанын,
Келмейді ертең шәқіртімді қинағым.
Бізге арнаған аталардың алғысын,
Алғыр, албырт окушымға кимадым.

...Кей кездері басқа шауып бар қаның,
Келсе егер біреулерді карғағың,
Ауыр сөзбен былғамай-ақ аузынды,
«Мұғалім бол» дер тіркесті арнағын!
...Бұл тіркеске мен естіген кездегі
Мәні оралса...
Осы – менің арманым!
Сосын көре жатар едім калғанын...

Нұрсайын Шәріп

1951 жылы 10 кантарда Мамлют ауданындағы Бостандық ауылында туды. Бостандық сегізжылдық мектебінен, облыс орталығындағы №2 казак мектеп-интернатынан білім алды. 1973 жылы Евней Букетов атындағы Караганды мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтап, казак тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығын алды. Тұған ауылында 15 жыл мұғалім, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып енбек етті. 4 жыл Андреев ауылдық кеңесінің төрағасы, облыс орталығындағы дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатының мұғалімі, гимназия директорының оку ісі жөніндегі орынбасары, облыстық тіл комитетінің бас маманы қызметтерін атқарды. Қазіргі «Qazyyljar» телеарнасында 11 жыл тілші, редактор, облыстық «Soltustik Qazaqstan» газетінде 9 жыл «Әлеумет», «Экономика» бөлімдерінің редакторы болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін облыстық ішкі саясат баскармасында 2 жыл Өнірлік коммуникациялар қызметінің директоры, соңғы кезде осы мекеменің сарапшысы қызметтерін атқарды. 2009 жылдан бері халықаралық «Qazaqstan daūiri» газетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі. Бірнеше рет облыс әкімінің, салалық министрліктің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Еңбек ардагері» медалінің иегері.



Елім менің

Елім менің,
Болмаған ерінде мін.
Желбіреткен ту қылып сенімдерін.
Жатсақ тағы мың өліп, мың тіріліп,
Туған жердің төсі ғой керілгенім.

Елім менің.
Ер болған өрімдерін.
Жаһан білді таспадай өрілгенін.
Керей менен Жәнібек атқа қонып,
Көрсетпеген іргесі сөгілгенін.

Елім менің,
Тербелген төріндемін,
Сенің арқаң жатжұртқа көрінгенім.
Хан Абылай Үш жүздің басын косып,
Сақтап қалды туған жер телімдерін.

Елім менің,
Болмаған тегінде мін.
Асқактап тұр өзінмен «Елім!» дер үн.
Айқара ашып құшағын жатына да,
Жатырқамай көл қылған көнілдерін.

Елім менің,
Тарихи жерімдемін,
Азаттығын ту қылған сенімдемін.
Бауыржандар батыр боп тұрған кезде,
Болмак емес «Елім!» дер Ерімде мін...

Ұлы ханы қазақтың

Көрген жан жок тасқанын,
Ардан биік асқанын.
«Шыбын жаным – Елім!» деп,
Ойламаған бас қамын.

Бастап талай оң істі,
Бекем кылған қонысты.
Шығармаған төрінс,
Қытай менен орысты.

Өзі түсіп қармакка,
Жер жастаған қалмак та.
Қала түгіл, бір сүйем
Жер бермеген Жармакка.

Биік қойған намысын,
Бар қазақтың қамы үшін.
Ардак тұтқан қашаннан,
Бұқар жырау – арысын.

Жүрсе дағы ат айлап,
Болған емес жат аймак.
Сол «Сабалак» кезінен,
Жауға шапқан атойлап.

Жинап небір батырды,
Женіс дәмін татырды.
Басын косып Үш жүздін,
Қазак таңын атырды.

Кім айтады аз-ақ тым?!
Сыйлап кеткен ғажап құн.
Мәрмәр тас боп тұр бүгін,
Ұлы ханы қазактын.

Ардагерлер

Көп емессіндер,
(Әкем де жок сіздермен кеңессін дер).
Өздерін бар: «Ұлдарым тең өссін!», – дер.
Арманымен жарқылдаш жасындағын,
Кан майданнан оралған елессіндер.

Жок жасқанарын,
Бұл өмірде шарыктап тасқан арын.
Өздерін бар: «Білсін, – дер, – аскан әлін».
Сұрайтыным карттықтан: «Берлин барып,
Жауды женген ерлерді жаскамағын!».

Жасымаған,
Бірін – атам, бірін дәл – асыл ағам,
Женіспенен мына елді асыраған.
Қауқары жок демейді бүгін ешкім,
Тілеп жүрген ауылдың жасына кам.

Дауыл сынды,
Кеудесімен карсы алған ауыр сынды.
Колдамайтын өмірі қалыс үнді.
Өздеріндей болам деп бүгін мен де,
Баптап жүрмін балапан қауырсынды.

Көп емессіндер,
(Құрдастарың азайды кенессін дер).
Өздерің бар: «Ұлдарым тен өссін!», – дер.
Арманымен жарқылдап жасындайын,
Кан майданнан оралған елессіндер.

Мынау менің ауылым шалғайдағы

Мынау менің ауылым шалғайдағы,
Келе жатыр үзілмей бал қаймағы.
Жасы кетіп, кәрісі сиресе де,
Каламенен тірлігін жалғайды әлі.

Жалғайды әлі баскамен катынасын,
Атар күнін сен қалай батырасын?!
Екі қолға бір күрек таппай жүр деп,
Азаматтың айтпайық атына сын.

Мактан етем, терегін, қайыңын да,
Бел-белесі кәдімгі сай ұфымға.
Жусанының иісін аңсауменен,
Тербелемін сағыныш қайығында.

Жаны жомарт карттарым, аманбысын?
Аңсап журмін көре алмай қаранды шын.
Тұған жердің тұғырлы тұлғасысын,
Батырса да батпандал заман күшін.

Көп болатын іні мен асыл ағам,
Женгелер де жететін жасымаған.
Қосағынан айрылған карындастар,
Ұстап отыр отаудың басын аман.

Тұған жердің тұрсындар күзетінде.
Өздеріне құрметім, ізетім де,
Алдарында бәріңнің бас иемін,
Жан жүрегім дайын тұр дыз етуге.

Кезден өттік алды-артқа қарамайтын

Елден ерек туғандай есірмедім,
Болмаса деп тіледім есімде мін.
Басқан емен жалғанды жалпағынан,
Тұрған кезде таусылмай есіл демім.

Ала жібін ешкімнің аттамағам,
Бауыр болып көрінер жат та маған.
Берілмедім жан баурап құмарға аса,
Бәрін көріп тұрғанда хақ Тағалам.

Жұрттан бөлек жоқ менің жасырарым,
Баяғыда басылған тасыр арын.
Жылдар жүгін арқалап жүргесін бе?
Келтіргім-ақ келмейді басыма мін.

Кезден өттік алды-артқа қарамайтын,
(Қатты қысты демеймін заман-ай тым).
Артын ойлар жандардың бірі болдық,
Мінбек тұғіл, косакка жарамайтын.

Дей алмаймын мен сенің есіндеңін,
Сыйластыққа жетсек дер кесімдемін.
Төр іздеген кезім жоқ алабөтен,
Тұған жердің төсі ғой көслігенім.

Жапар Төлегенов

Солтүстік Қазакстан облысының Жамбыл ауданы, Амангелді ауылында 1957 жылы туған. Орта білім алғаннан кейін Петропавл ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумын тамамдады. Содан бастап зейнет демалысына шыққанша ауыл шаруашылығын оркендетуге өз үлесін қосты.

Ол соңғы жылдары өнер шараларына демеушілік жасап келеді.



Алтайға тағым

Атажұртқа Алтайға тағым етіп,
Көрмек болып жерін, тауын ниет етіп.
Асуынан асканда көкргегіме,
Құйылды өр Алтайдың рухы жетіп.

Әрлігі өр Алтайдың өремізде,
Сыр тұнған тарихынды тереміз де.
Адамзаттың дамуының шынын алған,
Жалан айтып үрпакқа береміз бе?

Асқактайсын бір жұтым ауасынан,
Тазарасың мөлдір бұлак дауасынан.
Бабалардың аруағы селт еткізіп,
Қалықтады Біржан салған тау асып ән.

Әрлігі Ер Түріктің өр Алтайдан,
Жігері мырзалығы келген қайдан.
Өзін емес, өзгені бұрын ойлап,
Конакжайлылық дарыған осындайдан.

Атажұрт бір өзіне тағым еттік,
Тарихыңа тұлғанды көріп жеттік.
Кешу етіп, үрпағынды түсінерсін,
Тәбәрік деп тасынан ала кеттік.

Бұл таста Ер Түріктің өрлігі бар,
Жаудан, тастан қайтпаған ерлігі бар.
Неше ұлысқа бөлінсе де көк түріктер,
Дарыған тек қазакқа (мәрттігі) серілігі бар.

Жасы токсанның төртеуіне келіп, Құдай қосқан ко-
сағы Айша анамызбен шаңырақ көтергендеріне жетпіс
жыл толған Некібаев Қожатай аксақалдың, абыздың
мерейлі игілікті тойларына құттықтау толғау.

Карт абызым абызым,
Ақылманым нағызым.
Отан үшін от кешкен,
Батырлардан қалған жалғызым.
Токсан төртке келсен де,
Күш қуатын бойында.
Саналы өткен ғұмырдың,
Әр парагы ойында.
Жетпіс көктем өтсе де,
Тандаған жар Айша анам,
Токсан бірге жетсе де,
Кейуана болған кең данам.
Жетпіс жыл бірге сүріпсін,
Өмірдің ашы-тәтісін,
Сабырдың түбі сары алтын,
Бакыттың таны атты шын.
Токсан төрт жастың ішінде,
Біреуге йшай демеген.
Қиналған көрсे адамды,
Көлденең тарткан көмегін.
Қазаки салтпен үйге әкеп,
Қонақ кып жайған төсегін.
Бабадан қалған көнекөз.
Тәйт-әрі деп тоқтатқан,
Бейәделеп елдің өсегін.

Отан үшін от кештін,
Дәл онтоғыз жасында.
Азат қып жаудан Киевті,
Соғыстың жүрдің басында.
Майданда болып атты әскер,
Өрімдей өңкей батырлар,
Бірі жоқ бүгін қасында.
Көрмеген жанға ертегі,
Сиякты бізге расында.
Жусанын туған даланын,
Сүйесің сұын, тасын да.
Абайша бәрін дос санап,
Қазактың кәрі жасын да.
Сондыктан Алла беріп тұр,
Абыздық ұзак жасын да.
Төрт қабырганды түгел қып,
Жарынды сактап қасында.
Жаратушы хош көрді,
Үлгі алып ұрпак тұрсын деп.
Силастықтың өнегесін,
Халыққа айтып жүрсін деп.

Қырық жыл бала оқытып,
Білімнің нәрін септіңіз.
Инемен күдік қазғызып,
Ізгіліктің дәнін ектіңіз.
Жиырма жыл жазып толтырып,
Аттестат деген күжатты.
Сол балалар бүгінде,
Бәйшешек болды, бұр атты.

===== Кызылжар ақындар антологиясы =====
Адалмен еңбек еткен соң,
Халқың сені ұннattы.

Он бала өсіп жеткізіп,
Өнерпаз қылып бәрін де.
Немере саны жиырма бес,
Кіргізіп ұрпак сәнін де.
Бахтиярың велошабандоз,
Қорғап жүр елдің намысын.
Көк туды биік өрлетіп,
Елдіктің шырқап әнін де.
Шөберелер де баршылық,
Аталап келіп, құшактар,
Тәубе деп шүкір етесіз,
Әзірше олар ұсактар.
Өскенде оқып, білсін деп,
Алпыс жыл жаздың бір кітап.
Дәстүрді сақтап жүрсін деп,
Шешендік сөздер сұрыптац.
Оюлап, қолдан өрнектеп,
Маржандай теріп әріпті.
Талғаммен жиған інжулер,
Сөздері қандай дәріпті.

Орындалсын кіл жақсылық ойларың,
Неменемен биіктесін бойларың.
Алла берген ғұмырды жасаңыздар,
Құтты болсын жетпіс жылдық тойларың.

**Кызылжарлық оқырман балаңыз
Жапар Бәриұлы.**

Кәмилә Әлібаева

Кәмилә Әлібаева 1957 жылы 18 акпанда Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Арал-ағаш ауылында дүниеге келген. Туған ауылында 8 жыл оқып, 9-10-сыныпты Қарақоға орта мектебінде бітірген. 1977 жылы Алматыда эстрада-цирк өнер студиясында КСРО халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевтің курсында оқыған. Облыстық филармонияда Қазак ССР-нің еңбекі сіңген әртісі Мархаба Иманқұлованың карамағында «Қос-Алқа» және «Көнілашар» ансамбльдерінде әнші болды. 1980 жылы «Арай» ансамблімен бірге Мәскеу Олимпиадасына қатысты. 1990-2015 жылдары зейнетке шыққанша дейін облыстық телеарнада қызмет етті. 1991 жылы Тұнғыш Президент – Нұрсұлтан Назарбаевты арнаумен карсы алды.



Ақкайыңды қалың орман Өндірбайдың ортасында, Келте-Сордай аңы көлінің жағалауында орналасқан Арал-ағаш ауылында туып өстік. Өте бакытты балалық, жастық шағымыз сол жерде өтті. Жасым жетпіске караса да, сол ауылда өткен кездерімді сағынамын, ешқашанда ұмыта алмаймын.

Әлі қүнге дейін түсіме кіреді. Ауылды, сол ауылдың адамдарын сағынамын. Арал-ағаштың жусанының іісі, құдығының сұы ерекше еді.

Өнердің аркасында талай елді араладым, бірақ дәл сондай, яғни біздің құдықтың сүйндей тәтті суды кездестіре алмадым.

Әркімнің өз ауылдары жақсы шығар, бірақ біздің ауылға жетпейді-ау деп ойлаймын.

1987 жылы ауылдың сонғы үш үйі көшкенде шыккан өлең.

Аңсаймын ауылымды

Ауылым Келте-Сордың жағасында,
Сөз етсем маған кінә тағасың ба?
Косылып, жырлайсың ба ауылдасым,
Жок әлде, колымды кеп кағасың ба?

Көз тігіп, айналана барлап караш,
Ойлаймын айткан сөзім болмас оғаш.
Колыма қалам алдым сағынып мен,
Атыңнан айналайын, Арал-ағаш.

Талай жан білім алып, ер жеттін,
Қарамай алды-артыңа елден кеттін.
Бүгінде ауылым тұр тұнжыраумен,
Дегендей: «Мені неге тастап кеттің».

Елі ғой бабамызбен ата-ана,
Жанына, малына да болған пана.
Бүгінде мойын бұрып қарағанға,
Көрінер анадайдан орны ғана.

Не пайда жоғары білім алғаныңа,
Баска елге бастық болып барғаныңа.
Шашылып, халқын кетіп жан-жакка,
Өз елің адыра болып қалғанында.

Шетінен жастарымыз өнерлі едік,
Ақылмен сәл кішкене бөгелмедік.
Отырсақ тірлік жасап, тарамай-ак,
Оты өшіп ауылымның сөнер ме еді?

Айтамын көкейдегі ойдың бәрін,
Ән-куймен келтіруші ек тойдың сәнін.
Ел жиып, таң атканша ойнаушы едік,
Ақ сүйек, алтыбакан ойындарын.

Сылдырап ағаштардың жапырағы,
Кел-кел деп өздеріне шақырады.
Әр жерде калып жатыр карттарымыз,
Бұйырмай өз елінің топырағы.

Алыстан қол бұлғайды Өндіrbайым,
Жайқалып шие, жидек онда әрдайым.
Маңында теріп жетін бір адам жок,
Тұрғандай басып-жаншып, кайғы-уайым.

Әлі де талай тандар атар еді.
Ауылдың талай дәмін татар едік.
Орнында тұрса егер Арал-ағаш,
Ата-анам бір зиратта жатар еді.

Тағы айтам, мейлі келіс, иә келіспе,
Басымды кессен дағы мен беріспеймін.
Ауылды тұп орнымен құртқыздындар,
Тізгінді беріп қойып бір неміске.

Әнімді ауылым арнап өтем,
Зарла десен өмірден зарлап өтем.
Ауылды тұп орнымен құртқан жанды,
Өмірден өле өлгенше қарғап өтем.

Мен болдым талай-талай жиын топта,
Халық жүр батыры мен ханын жоқтап.
Тірілтіп жатқанында өлгендерін,
Ауылды кайта күру киын боп па?

Мен бүгін ауылым деп ән саламын,
Әр танды жақсылықпен қарсы аламын.
Ештен кеш жақсы деген нақыл сөз бар,
Халқыма елге қайт деп жар саламын.

1986 жыл.

Ерік Асқаровты еске алу

Мағжанның жалғасы – акын Ерік,
Қарапайым халқына жакын Ерік.
Жарқ етіп жұлдыз болып аспанымнан,
Мезгілсіз ағып түскен батыл Ерік.

Өзі жоқ, ұмытылmas ізі қалды,
Еншалла, ұл-қыздары көзі қалды.
Сонында баға жетпес казына боп,
Тізілген өлең-жырмен сөзі қалды.

Елмен, жерін қілең жырға қосып,
Ак-карасын айтатын осып-осып.
Айтысқа шыға қалса Ерігіміз,
Ерекше отыратын халқы тосып.

Жастайынан өлеңге ғашық еді,
Ержетіп, есейгенше асық еді.
Жалынды жыр жазғанда буырқанып,

Теніздің толқынындай тасып еді.

Теңеймін арыстанға арқыраған,
Тау-тасты жарған судай сарқыраған.
Аспанда көп жұлдыздың ішіндегі,
Біз үшін жалғыз жұлдыз жарқыраған.


Ерікке Мұкағали баға берген,
Жас қайың інімсің деп сонына ерген.
Шабытты өлеңдерін оқығанда,
Алысқа барасың, сен, бала деген.

Бұгінде алпыс жасқа келер еді,
Талай-талай өлең жыр терер еді.
Кейінгі ұрпағына ұлғі болып,
Соңынан талай ақын ерер еді.

Ақын еді ағыл-тегіл ағылатын,
Тамсанып талай таңдай қағылатын.
Ерікті ешқашан да ұмыттаймыз,
Сіздердей халқы барда сағынатын.

Қасым Нұрғалиев

1956 жылы Айыртау ауданындағы Дәуқара ауылында дүниеге келген. Шоқан Уәлиханов атындағы университеттің филология факультетін 1996 жылы бітірді. 1991 жылдан бері Дәуқара орта мектебінде казак тілі мен казак әдебиетінің мұғалімі болып енбек етті.



Қазақ тілім – қазақы қасиетім

Ардақ тұтып, алашым бас иетін,
Қазақ тілім – қазақы қасиетім.
Алғаш рет естідім осы тілде,
Ана әлдиін, әкенің өсиетін.
Осы тілде сейлескен қаны қазак,
Осы тілде шырқалған әнім ғажап.
Осы тілде інгәлап өмірге кел,
Осы тіл деп өледі жаны қазак.
Ана тілім, мұзбалак қырандайсын,
Аскак үнмен сен бүтін ұрандайсын.
Әр сөзінді жаттайтын жаным ұйып,
Қасиетті кітабым – Құрандайсын.
Туған жерін өзгеден дара сүйген,
«Ұшырады деп қандай дала күйге».....
Осы тілде күбірлеп, ең соңғы рет,
Көз жұмыпты шет жерде Фараби де.
Туған жердің кайнарын сарқылтпаған,
Шежірелі аңыз сыр сарқыт маған.
Ажалды да кідірткен қыл кобызын,
Осы тілде сарнатқан Корқыт бабам.
Ана тілсіз жанынды тоңдырасын,
Өзге тілді сен қайтып ондырасын?
Біле-білсен, күйші атам Тәттімбет те,
Осы тілде сейлеткен домбырасын.
Аңғарамаймыз асылды қалай ғана?
Ана тілім өзгеден тұр ғой дара.
Адамзатқа ой салған қара сөзін
Осы тілде жазды ғой Абай дана.
Бар байлық та тілімсіз арзан маған,
Бақыттым ғой бұл тілім маржандаған.
Осы тілде мұң шертіп, Мұқағали,
Осы тілде сырласқан Мағжан ағам.

Мағжан ақынның монологы

Сыбыс жетті: «Кешікпей атады екен»,
Кош бол енді, ағайын, атамекен!
Халқын сүйген аяулы азamatқа.
«Халық жауы» дегені батады екен.
Тұз сепкендей сыйздайды жарапарым,
Тыныштықты қайткенде таба аламын?
Тіршіліктің тозағын тәрк еттім,
Тез келсе екен қинамай жан аларым.
Кім тұсінсін, кім ұқсын ақын жанды?
Бәрі дұрыс оларға, бәрі занды.
Барлық кінәм – жырламай кедей табын,
Мадактаппын күні өткен батырларды.
Жыр толғамай партия, Кенес жайлы,
Жаксы көрген жайым бар болыс, байды.
Сталиндей көсемді мактан тұттай,
Дәріптеппін «қанішер» Абылайды.
Және улаппын ұлтымның санасын көп,
«Данышпансың, ұлысың, дарасың» деп
Есім кетіп, есіріп, егіліппін,
«Пайғамбарым, Құраным, Алашым» деп.
Жан екенмін жаны жат, басқа ұғымды,
Жаулық іске арнаппын жас ғұмырды.
Жана заман талабын көзге ілмей,
Ансайды екем ескілік дәстүрімді.
Сол себепті атуға кескен үкім,
Сыртым бүтін болғанмен, ішім түтін.
Көшін жолда қалдырған керуеншідей,
Қалай өлем ақтамай ел үмітін?
Арманым көп ансаған, қалай өлем?
Ажал жайлы жазған да ем талай өлең.
Қайда барсам алдында қазылған көр,

«Корқыт көрі» сол ма деп карай берем.
Осы ой менің жанымды мазалайды,
Аш бөрідей жүректі қажалайды.
«Жан азасы» Моцарттың секілденіп,
«Корқыт қүйі» мені де азалайды.
Сол Корқытым бүгінгі өзім бе еді?
Жеткізгендей осыған көзім мені.
Бастау алған тереннен қайнар едім,
Сарқылтты ғой сары уайым, төзім мені.
Жабықканда дем берер жанашыр кім?
Жолбарыстай тордағы аласұрдым.
Ассын мейілі, болмаса атсын мейлі,
Мен болайын құрбаны Алашымның!

Шоқан ұшқан ұя

Сырымбет – Шоқан ұшқан ұя сді,
Қырандар канаттанған кия еді.
Суреттеп берсем оның сұлтулығын,
Бір емес, мын өленге сиар еді.
Үш шоқы аныз болған мекен еді,
Қандай жер оған, сірә, жетер еді?!
Басына оның өрлеп шығар болсан,
Көнілің шабыттанып кетер еді.
Алашка аты мәлім Ақан сері
Бөлгесн әсем әнмен осы жерді.
Сұнкармен саят құрып саласында,
Суарған бұлағынан Құлагерді.
Сыр шерткен дәуірлерге, ғасырларға,
Жерүйік Сырымбеттей асыл бар ма?!

Күн көзі шымылдығын құра кояр,
Ақша бұлт мойнына кеп асылғанда.
Үш шоқы, өзге таудан дарасын ба?

Лңыз боп ел аузында қаласың да.
Тасына бала Шоқан таңба салған,
Көл, бұлак сылдыр каккан саласында.
Сырымбет самал желмен сырласқандай,
Тамсанып Күн менен Ай нұр шашқандай.
Кикулап аспанында күс керуені,
Кия алмай Сырымбетті коштасқандай.
Шынары Үш шоқының мықты ма екен?
Ғажайып уақыт сырын ұқты ма екен?
Киялмен болашакқа көз жүгіртіп,
Басына жігіт Шоқан шықты ма екен?
Етекте жұрт әңгіме құрды ма екен?
Назарын Сырымбетке бұрды ма екен?
Омбыдан туған елге келген Шоқан,
Сурет сап бауырында тұрды ма екен?
Көзіне көркем бейне ілді ме екен?
Аралап тау бектерін жүрді ме екен?
Өзінін даңқы шығып күні ертең,
Ел есінде каларын білді ме екен?
Жүрегін тебірентіп құтты мекен,
Халқы үшін Шоқан қайғы жұтты ма екен?
Қазактың тендік алып, ел болуын,
Армандал өле-өлгенше өтті ме екен?

Қожаберген жыраудың сонғы тілегі

О, дариға, бұл жалған калып барад бізден де!
Өтті өмірім халқыма бакыт құсын іздеумен,
Асылдардың асылы Асан қайғы айтқандай,
Арман бар ма жігітте үйде туып, түзде өлген?!
Асық атар шағымда жамбы тігіп, жақ аттым.
Жабу жауып, үкілеп, жүзден жүйрік жараттым.
Тұлпар мініп, ту ұстап, жағаласып жауыммен,
Алдаспанмен кыл қабар кек құрышын тараттым.
Алты малта ас болып, аш бөрідей түн қаттым.
Жолбарыстай жалаңып, жолсыздардан жым тарттым.
Тебінгіміз тер сасып, қанжығада қан қатып,
Атой салып төбеде, жау жүрегін мұздаттым.
Жағына жібек байлаған аруды құштым жасымда,
Сертке берік тен құрбы табылды әркез қасымда.
Достарыма кайнардың көзі болдым ынтығар,
Дұшпаныма шүйілдім, ұксап қаһар жасынға.
Алшы топта тіл безеп, асыл сөзді бастадым,
Атак қуып, ар сатып, артық сөйлеп таспадым.
Кара нардай көтеріп ел жүгінің ауырын,
Отар құты – серкедей бұқараны бастадым.
Күйге қостым елімнің бостандығын, тендігін
Жырға қостым жұртыйның батырлығын, өрлігін.
Қасіретті күй кешіп, қан жүтқанда карындас,
«Елім-айға» сыйғыздым ел қайғысын, сл мұнын.
Алаламай алысты ағайынмен тен көрдім.
Қысылғанға жол таппай, ақылменен дем бердім.
Еркіндіктің кадірін аспандатып әрдайым,
Намыс отын лаулатар аламанға жер бердім.
Тоғышардан безініп, талаптыны жараттым.
Алды болдым әр сәтте өнерсүйгіш санаттын.
Алауыздық дертімен ауырғанды аластап,

Гатулықтың балынан ағайынға жалаттым.
Кенес айтып ханға да, ақыл кенін бөлістім,
Көрші жұртпен келісіп, жолын аштым өрістін.
Ел басына күн туып, ер сыналар сәттерде,
Сардар болып сан қолға, туын тіктім жеңістін.
Онеге боп өтті өмір, өкінбеймін өтерде,
Тәуекелмен тас жұттым, қауіп пенен қатерде.
Жыландықтың жорғалап жерде өткен ғасыры,
Қырандықтың бір сәттік ғұмырына жетер мे?!
Қыска ғұмыр таусылды өткіншідей, білемін,
Ерлік жырын тоқтатпақ мына қайсар жүрегім.
Бұршак салып мойныма сұрайтұғын бар еді,
О, Тәнірім, өзіңен жалғыз ғана тілегім.
Ол тілегім – Алашым азапты өмір көрмегей!
Азаттықтың байрағын жат қолына бермегей!
Шаңырағын әрқашан бірлік, достық мекендереп,
Тәуелсіздік алауы ошағында сөнбекей!

Өзбек Тастамбеков

1960 жылы шілде айында бұрынғы Ленин, казіргі Есіл ауданындағы Еңбек ауылында туды. Окушы кезінде ана тілін, әдебиетті өте жақсы көрді. Ана тілі, ауыл, табиғат жайлы өлеңдерін облыстық, ауданараптық газеттерде жарияланып тұрды. Бірнеше рет ақындардың облыстық айтысына катысып, бағын сынады. Жүлделі орындарға ие болды. Соңғы рет 2019 жылы катысты. «Игібай Элібаев» атындағы арнайы жүлдеге ие болды. Облыс әкімінің Алғыс хатымен мараپатталды. Өзбек Сабырұлы төрт баланың әкесі. Соның ішінде Фархат пен Санжар да әкесінің ізін қуып, ақындық жолға түсті. 2017 жылы ауыл кітапханасының көмегімен «Өлеңмен өрілген өмірлер» атты отбасылық кітаптары жарық көрді. Осы уақытка дейін Өзбек Сабырұлы көптеген қызмет аткарды. Соның ішінде механизатор болып, комбайн тізгіндеді. Бірақ сонда да мәдениетке, әдебиетке деген сүйіспеншілігін жоғалтпай, жиі өлең жазып келеді.



Соғыс таңбасы

Соғыс деген хабар жетіп түнерген,
Аттаныпты азаматтың көбі елден.
Ауылымда бір кісіні көруші ем,
Бір жақ беті әжептәуір көгерген.

Отыратын бір орында қозғалмай,
Жұмбағы мол бұл кісіде ой қандай?
Көз маңайын келістіріп көкпенен,
Әдейілеп біреу бояп қойғандай.
Жастық кездің әрбір сәтін тойлаған,
Қайдан келсін «соғыс» деген ой маған.
Көрген сайын сол адамға таңғалып,
Болмысынан осылай деп ойлағам.

Тәубеменен ішілетін таңғы асы,
Қазіргі ұрпак-тек солардың жалғасы.
Кейін білдім: бетіндегі көк дактар –
Сұм соғыстың салып берген таңбасы.

Тұрмыс-тірлік, түзеуменен бесігін,
Әр шаңырақ шаттана ашкан есігін.
Арғы атадан туыс болып келетін,
Тәукебай деп атаушы еді есімін!

Халық әр кез қуанышын тойлайтын,
Құрбы-құрдас әзілдесіп ойнайтын.
«Неше неміс қырғаныңды айт» десе,
Сол Тәукебай ештеңе айта қоймайтын.

Мысқыл болса түпке адамның жететін,
Тәуке ағам тұрып кана кететін.
«Соның өзі қайбір соғыс көрді», – деп,
Отырғандар оны мазақ ететін.

Бір басына жетерлік бар ақылы,
Айту, айтпау-оған өзі хақылы.
Ұлы Женіс карсанында мектепке
Ардагерді арнайылап шақырды.

«Сағындырган туған атамекенім,
Сені ойласам, сейіледі секемім.
Сенің үшін құрбан жаным, білсем де,
Тірі калу екіталай екенін.

Бойға бітіп өшпендейділік, каталдық,
Жауды аямай жастандырып, жайпадық
Оқ боратып, алға қадам бастырмай,
Тойтарыспен бетін әрі қайтардық.

Ер боздақтар ерлігімен танылды,
Көк түтіннен тынысымыз тарылды.
Астан-кестен, ыскырған оқ аздай-ақ,
Дәл касыма бомба келіп жарылды.

Сол бір сэтте көмек келіп жетіпті,
Мені өлді деп қасымнан да өтіпті.
Сонғылары сырылымды естіп қап,
Госпитальға жедел алып кетіпті».

Әңгімесін естіп көніл тоқ болды,
Көп кешікпей ол кісі де жоқ болды.
Өмірінен erte үзіп әкеткен,
Кеудесінде калып койған оқ болды.

Біздің ауыл

Қалада емес, ауылда менін тірлігім,
Босқа өтпеген ешқашанда бір күнім.
Ағайын бар, бауырлар бар осында,
Татулықпен жарастырған бірлігін.

Қалың орман, аққайындар маңайы,
Табиғатпен көрікті ауыл арайы,
Самал желі санамызды сергітіп,
Көгімізден күн күлімдеп қарайды.

Куаныштың сәтін әр кез тойлаған,
Өзінді айтсам келмес жаман ой маған
Бала жастан жалаң аяқ ширығып,
Асай аттың құлағында ойнағам.

Азайса да ауылдардың қатары,
(Осынау жәйт жанға қатты батады).
Біздің ауыл ажарланған арудай,
Күйі ойнап, әні айтылып жатады.

Беу, ауылым, саған әсте табынам,
Жемісінді көрем әр күн бағыннан.
Анасына еркелейтін сәбидей,
Алыс кетсем, мен өзінді сағынам.

Талай-талай қызығыңа батсам да,
Тоймай жүрмін дәмін қанша татсам да.
Үйде отырмай, шаңғы байлап аякка,
Таза ауада серуендер бір қайтсам ба?

Нарыққа да төтеп берген тосылмай,
Мұндағының бәрі маған – досымдай.
Құт – береке ырысы мол бүгінде,
Біле білсөң, біздің ауыл осындей!

Тәуелсіздік – тұғырым

Тәуелсіздік –
жас емендей жасаған,
Ірген мықты, берік болсын босаған.
Алыстап кеткен ата-бабамың,
Арманы едің аңсаған.

Тәуелсіздік –
арайлап атқан таңым ең,
Сондыктан әркез сүйемін сені жаныммен.
Себебі бізге жетіп ең туың желбіреп,
Жастардың қыршын қанымен.

Тәуелсіздік –
көрсеттің бізге кең жолды,
Тізгінің ұстап, атына мықтап ер конды.
Тек сесі басым кеңестен ұлттың құтылып,
Еңсесі биік ел болды.

Тәуелсіздік –
Баршаға бак боп қонып – ең,
Келмеске кетті кер тартпа күндер сорымен.

Шаттанып әр кез әз халқым жүріп келеді,
Бабалар салған жолымен.
Тәуелсіздік –

бұл азаттық, еркіндік,
Санамызды улағаннан серпілдік.
Құс қанаты талатұғын қиямда,
Қырандайын қанат қағып желпіндік.

Тауып берген тірлігімнің тұнығын,
Тәуелсіздік – ұмытылmas ұлы ұғым.
Әркендей бер, өрістей бер әмәнда,
Қазағыма құты қонған тұғырым!

Жауыр болған «Жанағы»

Тіл байлығым – теңіздейін телегей,
Жүрміз соны кейбір сэтте елемей.
«Жанағы» сөз жауыр болып бүгінде,
Жабысты ғой тілімізге кенедей.

Бой көтерген шөгір шөптей, сорайып,
Сонғы кезде кетті-ау мұлде молайып.
«Жанағымыз» жинақы ойды бұзумен,
Қайран тілім калмаса еken қарайып.

Кеп қалғандай қасыма бір ұлт бөтен,
«Жанағы» деп сөз басталса селт етем.
Тілімізге тікенге ұксап қадалған,
Қашан ғана құтыламыз бұл дерттен.

Айтсам дағы ақиқатын шегелеп,
Кімдер менің шындығымды елемек.
«Жанағы» деп, «жанағы» деп тұрғандар,
Намысымды келтіреді керемет.

Ілескенмен көркемделген көшке мен,
Ана тілдің тазалығын хош көрем.
Қыстырмалы, қыңыр сөздер жетпесін,
Бүгінгінің ұрпағына өскелен.

Арнау

Ауылым – менің киелім,
Өзінді сондай сүйемін.
Маңайың ару – аккайын,
Көк орай шалғын жиегін.

Кетпеген әсте бастан күт,
Жазайын жыр қып, дастан қып.
Атыннан сенің айналдым,
Ауылым менің – Бостандық.

Суындаі мөлдір жылғаның,
Арналар саған жырларым.
Себебі сенде өтіпті,
Отыздан астам жылдарым.

Сен емес елдің осалы,
Арманың алдан тосады.
Талайды етті талантты,
Білімнің мықты ошағы.

Аппак ай жуған бетінді,
Қазақы елсін кең тілді.
Өзінде оқып, білім ап,
Төрт ұлым өсіп жетілді.

Қалықтап кекке есімің,
Молайып ырыс, несібің,
Танылдың талай елдерге,
Ауылым – алтын бесігім.

Өткізген сенде өмірің,
Дарынға толы өнірің.
Осындай елден кетерде,
Босайды неге көнілім?

Айналған бүгін әніме,
Шырқалар сол ән әлі де.
Жайлауын, далан, сайын да,
Ыстық кой маған бәрі де.

Сұлудай сымбат сән бердің,
Шабытқа шалкар дем бердің,
Аман бол ізім қалған жер,
«Жантілеу», «Батан», «Бәйгелдім»!

Туғаннан кетсем «өгейге»,
Жолымды біреу бөгей ме?
Көзімде жас бар сағынар,
Кептелген тас бар көмейде.

Ардакты, асыл мекенім,
Кешікпей сенен кетемін.
Қоштасар сәтім келгенде,
Білемін киын екенін.

Болған соң панам, тірегім,
Сәттілік саған тіледім.
Кимасым кетіп қалғандай,
Жыртылды жамау жүрегім.

Ешкімге такпай бекер мін,
Баратын жерге жетермін.
Алғысым шексіз аулыма,
Басымды иіп кетермін.

Ғалия Малдыбаева

Ғалия Ғалымкызы Малдыбаева, Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданында 1961 жылы тамыз айында, есімі елімізге танымал, ССРО және Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, қазақ әдебиетінің іргетасын қаласкан, қазақ поэзиясының өсіп-өркендеуіне белсене араласкан қаламгер, журналист, қоғам кайраткері, әдебиет әлемінде өзіндік орны бар тұлға Ғалым Малдыбаев пен Зураш Ерғаликызының жанұясында дүниеге келді. 1978 жылы Петропавл қаласында №2 мектеп-интернатты тамамдал, жоғары білімді Талдықорған және Алматы қаласы университеттерінен алып, зангер дипломына ие болды. Баспасөзден 2014 жылы «Көңіл-Керуен» атты елеңдер жинағы және «Сағдиан елінде» атты бүлдіршіндерге арналған заманауи ертегі кітабы жарық көрді. Отбасы бар.

Қазіргі таңда «СҚО әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының, Ғабит Мұсірепов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасының директоры кызметін атқарады.



Тұған жерім

О, тұған жер, бір өзіңе арнар едім әнімді,
Бір өзіңе арнар едім жүректегі барымды.
Мөлдіреген бұлақтарың сылдыр қағып, күн ұзак,
Арнасында толықсиды асау өзен сарынды.

Бәрі есімде балалыктың қамсыз, албырт күндері,
Әлі есімде бұлақтардың жамыраған үндері.
Асау өзен ағысындаі алға ұмтылып уақыт,
Тоқтамайды өр екпінмен, зымырайды-ау ілгері.

Жасыл кілем, ақшыл көрпе кезектесіп жамылған,
Тұған жерім, құдіретті уақытқа бағынған.
Сені ойласам елестейді жан әкемнің нұр жүзі,
Арман құған алыстағы қарашибын сағынған.

Тұған жерім айтарым көп, айтарым көп өзіңе,
Сені ойласам туған анам елестейді көзіме.
Саған деген махаббатым ұшан-теңіз туған жер,
Жақсылықты жанымдағы сыйғыза алсам сөзіме.

Ой нөсері

Сел боп ағып, ойдың түрлі нөсері
Белгілі ғой бұлт секілді көшері.
Арпалыскан сезімдердің түйінін,
Жүрек емес, сана ғана шешеді.

Сел боп аққан сезім күйдің нөсері,
Қыз емес пе ем, кекілі бар кешегі.
О, жаратқан! Есейіппін мен бүгін,
Адам деген қалай жылдам өседі?!

Неге адам аз-ак ғұмыр кешеді,
Туа салып, неге жылдам өседі.
Неге адам мәңгілік боп тумайды,
Мазалайды небір ойдың нөсері.

Кейбіреулер жақсылыкты көрмейді,
Неге біреу мейірімге шөлдейді.
Неге адамдар қателігін кеш ұқса да,
Кешірім де сұрағысы келмейді.

Міне, осындай талай ойдың нөсері,
Маза бермей көкейімді теседі.
Қаумалаған қалың ойдың түйінін,
Сөзсіз менің ақыл санам шешері.

Марал Оспанова

1951 жылы шілде айының 23 жүлдөзинде, бұрынғы Преснов, казіргі Шал ақын ауданы Ортақкөл ауылында, казак жазушысы, СССР жазушылар одағының мүшесі Зейнел-Ғаби Иманбаевтың отбасында дүниеге келді. 1968 жылы Кызылжар қаласындағы облыстық №2 мектеп-интернатты аяқтап, 1970-1976 жылдар аралығында Целиноград мемлекеттік медицина институтында оқып, дәрігерлік мамандық алғып шыкты.

Соколов аудандық орталық ауруханасында 20 жыл дәрігер болып енбек еткен жылдар аралығында түрлі қызмет аткарды: участкелік дәрігер, көп жыл терапия бөлімінің басшысы, әскери-дәрігерлік комиссияның тұрақты аға дәрігері, аудандық терапевт болды.

1994-1999 жылдары мәслихат депутаты болып сайланып, түрлі мәселелерге өз пікірін ашық айтЫП, шешімін табуға ат салысты. 2000-2002 жылдар аралығында Кызылжар аудандық денсаулық бөлімінің бас маманы, ал 2002-2016 жылдары Қазақстан Республикасы Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінде бас маман қызметін аткарды.

2015 жылы Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрлігінің «Денсаулық сактау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен мараппатталды. Аты-жөні Астана Медицина университетінің «Алтын Корына» кірген түлегі.

2002 жылы Алматы қаласы «Ғылым» ғылыми баспа орталығында алғашқы өлендер жинағы «Кызылжарым» жарық көрді. 2003 жылы ақын Мағжан Жұмабаевтың 110 жылдығына арналған өлендер жинағы «Кызылжар-

дан ескеп леп» атты кітапқа бірнеше өлеңдері басылды. 2004 жылы Петропавл қаласында облыс ақын қыз-келіншектерінің «Бәйшешектер-Подснежники» атты шығармалар жинағы жарық көрді, оған орысша-қазақша бірнеше өлеңдері кірді. 2004 жылы жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың 80 жылдығына арналған «Қалам кадірін ұстаған біледі» атты жинаққа да өлеңдері басылды. «Сырлы сезім», «Жақсының аты өшпейді», «Қоңыр дәптер» өлеңдері жарық көрді.



Отаным десем....

Отаным десем, жүргім менің езілер,
Отаным десем, жанаңдан жасым төгілер,
Отаным десем, қуаныш кернеп қеудемді,
Жүргім соғып, көнілде лаулар сезімдер.

Отаным десем, көлбейді жасыл белестер.
Өреміз біздің өзгемен ертең теңесер,
Отаным десем, мактандып, тасып, тебіренем,
Тек сонда менің айдарымнан жел есер!

Отаным десем, егіліп жаным елендер.
Шабытым шалқып, оралар ойға өлендер,
Отаным десем, қиялым ұшып қияға,
Бақытты елдің ертеңі әркез елестер.

Жолдар, жолдар ...

Қараймын да тарам-тарам жолдарға
Батамын мен терең теңіз ойларға.
Бұл жолдармен ақын Абай өтіпті,
Бала Шоқан ғылым ізделеп кетіпті...

Сапар шеккен хан Абылай қаншама,
Батырлары, билері де ханша да.
Қанша халық Меккеге де аттанған,
Ұзак сапар тым катерлі болса да.

Жолдар, жолдар, сендерге егер тіл бітсе,
Айтар еді кімдер өтті, кім кетті?
Қанша ғалым, саяхатшы, саяткер,
Арманына кім жетпеді, кім жетті?

Көшіп-конып осынау кең далада,
Ата-бабам бағзы сол бір заманда.
Кең пейілді, парасатты қалпымен,
Намыс туын құлатпаған қалай да.

Бұл жолдарды ата-бабам күзеткен,
Сан ғасырлар көш-керуен көп өткен.
Тізбектеліп өтіп жатқан заман-ай,
Көзден таса, кетпеген тек жүректен.

Жауға шапқан Балта Керей Тұрсынбай,
Аруакты Ағынтай мен Қарасай.
Бұл жолдарға каны тамған азаткер
Бабалардың Кенесары, Наурызбай.

Жолдар, жолдар, асықтырып арманға
Жетелейді аскар биік тауларға.
Көк шалғында жұпар жұтып, дем алып,
Батайыншы түпсіз терең ойларға....

Күз

Далам менің қызыл күрен,
сарғылт-қошқыл түске еніп.
Кигізгендей ала шапан,
Өзбек ағам күз келіп.
Балаусасы балқұрағы,
қоңыр тартып, қуарып,
Айдын көлім мұнаяды, жетімсіреп құс кетіп.

Қара сұyk жел еседі,
өнменіңнен өтердей.
Кеудендеңгі жылуынды,

сұрып бір кетердей.
Сұр аспанда бұлт қөшеді,
Түйіледі тұнеріп.
Жаңбыр жауып, сабалайды терезенді тесердей.

Сонда да бар коныр күздін
қайталанбас шақтары,
Естен кетпес маужыраған,
сары алтындай бактары.
Сары күзде ғашық жандар
жас шаңырак көтеріп,
Арайланып алғаш рет
атқан бакыт тандары.

Алқаптарда егін басып,
комбайндар жосылған.
Енбек үні камбаларда
ән мен жырға косылған.
Берекелі бейбіт өмір
нәсіп болып халқыма,
Ел басына келмесін тек
жамандықтар тосыннан.

Әлі талай
даламызға коныр сары күз келер.
Бұл өмірде таусылмасын,
Игі ырыс біз көрер.
Күз сұығы көп бөгелмес,
өтер, кетер тондырып,
Сұымасын жан жылуы
Адамдарға біз берер.

Гүлшат Рамазанова

Гүлшат Мұсілімкызы Рамазанова, 1959 жылы дүниеге келген. Алматы облысы Көксу ауданы Алғабас ауылдының тумасы. 40 жыл үздіксіз еңбек еткен ардагер ұстаз. «Халық мұғалімі» төсбелгісінің иегері. 1980 жылдан бері СКО Жамбыл ауданындағы Амангелді сеғіз жылдық, Талпын орталау және Благовещенка орта мектептерінде Тарих, Адам және қоғам пәндерінен сабак берген. Өлеңдері мен әңгімелері жергілікті баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрады. 2020 жылы жарық көрген «Гүл сезім» жыр жинағының авторы.



Туған жер

Туған жерім – алтын бесік мекенім,
Жүрегімді қолыма алып жетемін.
Аунап-кунаң топырағында аяулы,
Жыл құсындай ұшып қайта кетемін.

Әкем менен анам туған аянда,
Мәпеледің нәзік гүлдей саянда.
Көкірегімді кере түсіп дем алсан,
Сенің жұпар иісіне тоям ба?

Әрбір тасың маған алтын көрінер,
Аспаныңнан нұрлы жаңбыр төгілер.
Жеткен кезде ауылымның шетіне,
Көңілімнің қалың бұлты сөгілер.

Туған жерім – алтын бесік мекенім,
Кеш сездім-ау оның ыстық екенін.
Қадірінді білген сайын, туған жер,
Жыл құсындай қайта оралып жетемін.

Ұлы Абай жолымен

Абай ата – бар қазақтың баласы,
Абай ата – бар қазақтың данасы.
Ұрпактарды толғандырап әр кезде,
Ақын айтқан асыл сөздің сарасы.

Абай ақын – мактанышы халқымның,
Біртуары дүниеде мәрт ұлдың.
Куаныш бол кернейді ғой қеудемді,
Абыройыңнан сенің ададанқының.

Кара сөзің тынға түрен салғандай,
Бөрі анық, кеменгерлік талғамды-ай?!...
Жырың калды ортамызда, тәнін жок,
Опасыз сүм дүниенің жалғаны-ай.

Күнсің, бабам, жарқыраған көктегі,
Тудың бізге жырдан шапак төккелі.
Абай ата, сенің сұрген өмірің,
Тектен-текке бос әуре боп өтпеді.

Казағымның атын өзің шығардың,
Өлмейтүғын жыр-ғұмырды құп алдың.
Жаным қазак болсын десен, жеткіншек,
Абайды оқы, өскіні бол шынардың!

Домбыра

Күмбірлеген әуенін домбыраның,
Жүрегімнің түбіне кондырамын.
Өрте менің жанымды жалындатып,
Дірілдетіп тәнімді тоңдыр, жаным!

Қоңыр үнді домбыра, тербе мені,
Әуеніңмен қыр гүлі тербеледі.
Тебірсөнген жүрегім діріл кағып,
Шабыт жыры төгіліп селденеді.

Қандай ғажап тұлпардың шабысын-ай!
Мынау нәзік саусақтың қағысын-ай!
«Бұлбұл» келіп сайрады тансәріде,
«Адай» кетті дүркіреп сағы сынбай.

Қайран отты жанарың-ай!

Сенің отты жанарыңды,
Еш ұмыта алмадым.
Батып түр ғой жан дүниеме,
Саған ермей қалғаным.

Арасында түрлі жанның,
Өзімді-өзім алдадым.
Көз алдынан кетпей қойды,
Сенің отты жанарың.

Ақ гүл конған жас жүргсін,
Кара жерге көмілді.
Сенсіз, досым, жүрмін сүріп,
Мәнді, мәнсіз өмірді.

Мағынасыз деп айта алман,
Өз орным бар өмірде.
Қайран отты жанарың-ай,
Калып қойған көнілде.

Сен үшін өмір сүремін

Жайкалған жасыл бағымда.
Жайнаған жастық шағымда.
Кездестің маған аяулым,
Мұнар ма әлде сағым ба?

Жанымды ұғып сыр аштың,
Өзіңмен ғана мұндастым.
Үйқысыз түндер өткізіп,
Өзіңмен ғана сырластым.

Омірдің асау толқыны,
Лактырды талай жағаға.
Сонда да бірақ болмадым,
Қалмадым ешбір табаға.

Бір өзің үшін сүйініп,
Сүрініп кетсөн күйініп.
Тілеуің тілеп жүремін,
Сен үшін өмір сүремін.

Толқытып менің жанымды,
Тыңдайсың салған әнімді.
Жаным-ау өзің келтірдің,
Өмірде менің сәнімді!

Жанар Қалиева

Жанар Әсеткызы Қалиева, 1979 жылы дүниеге келген. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының тума-сы. СҚУ филология факультетін тамамдаған. Бүгінгі танда Есіл ауданы, Бұлақ орта мектебінде казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет етуде. Өлеңдері 2000 жылы жарық көрген республикалық «Жас ақындар антологиясында», «Қызылжардан ескен леп», «Бәйшешектер» жыр жинақтарында енген. Сондай-ақ республикалық «Мағжан» журналында, жергілікті «Солтүстік Қазақстан» газетінде өлеңдері жарияланып тұрады.



Өз елім

Бақытым менің, жақұтым менің – өз елім,
«Өз елім!» десем, жалын атқандай өзегім.
Сен үшін, елім, өртеніп отқа жанамын,
Сен үшін, елім, қындыққа да тәземін.

Сырғиды жылдар, тәуелсіз өзің ел бүгін,
Бұл-дағы, елім, байлығың сенің, кендігің.
Арайлап атқан әр таңың нұрын шашады,
Қарсы алып мынау тәуелсіз елдің теңдігін.

Болашак саған күлімдеп қарап тұрғандай,
Әз халқың бүтін сән-салтанатын құрғандай.
Биікке өзің қол созып тұрсың, Тәнірім
Сен үшін, елім, осының бәрін қылғандай.

Есімің, даңқың жаһанға жалпақ жайылды,
Тарихың қайта аршылып жатыр байырғы.
Куаныш лебі, шаттықтың лебі жайлады,
Тауың мен тасың, өзен-көл, жыран, сайынды.

Мұнайың, алтын, күмісің, бәрі – қазына,
Қосылды үнің ғарыштың әсем сазына.
Күн санап жайнап, өркендер, елім, келесің,
Өмірдің мынау қарамай қысы-жазына.

Айтылды Әнің Әнұран болып қалықтап,
Қыраның ұшты көгілдір көкте шарықтап.
Баршаны барлап қарап тұр, әне, кос пырак,
Күніңнен сені, үніңнен сені танып қап.

Өзінді, елім, бақыттыма да балар ем,
Сүйсініп сенің, сұлулығына канар ем.
Мен ғана емес, сүйінер жүрттың бәрі де,
Өзінді бүгін мойындаң отыр бар әлем.

Қыздар

Қыз – қызғалдақ, бүгін тіптен
тым ерекше гүлдеді,
Бөктерлерде өсе бергін жайқалып.

Қыз ол – ана, бұл әлемнің
алтын қазық діңгегі,
Ал, ананы сыйламайды қай халық?

Көп созбайын, қыз дегенде
таусылған ба тілектер?
Нәзіктіктің тұғырына қонайық,

Қыздар деген – бұлқіл қағып
соғып тұрған жүректер,
Қыздар, қыздар, біз бақытты болайық!

Қыздар деген – сұлулықтың,
тазалықтың кепілі,
Әрбіріңнің даңғыл, дара жолың бар.

Қыздар көп-ау, үлкен, ... кіші...
желкілдеген кекілі,
Қыздар, қыздар, сендер аман болындар!

P.S. Тек бақыттың ыстығына күйіндер!
Тек бақыттың сұғына тоңындар!

Неге?

Торы төбел мініп, төнірек кезсем, танды шақырып,
Таба алар ма екен торыққан көңіл мәнгі тақырып?
Төзбейтін едім түп-төркіні жок ызғардай сынға,
Тұн құшағында жалғыз қалдырдың... қызғанбайсың ба?

Қаталап қаным қағынып кетті... алапат қалды...
Қатар ек менің бағыма мынау қарақаттарды,
Қашықтан тұрып қағып түсірер көздеушім едің,
Қасында тұрып колымды создым... сезбеуші ме едің?

Сергелден бір күй жанымды жеді, жарапы жүрек,
Солып түр сезім бір жымыюдың амалын тілеп.
Сөз айтудың да қажеті жок-ау есті көңілге,
Сыбдырсыз сырмен сырлылаған ем... естімедің бе?...

Қос сезім

Қос сезім бір-бірімен сырласқанда,
Қымбат болып көрінді құрдастар да.
Кол ұстасып екеуі шабыттанып,
Карайды қарауытқан тұнгі аспанға.

Тілейді бір-бірінің амандығын,
Тұнгі сыр осыменен тәмам бүгін.
Тәңірім, бір бақыт бер екеуіне,
Тағдырыңның көрсетпе жамандығын.

Қатар жүрсе екеуі көгереді,
Кос тағдыр бірді-бірге тенер еді.
Қасындағы жан үшін жүрегін де,
Қаласа, сұрып-ак берер еді.
Жасасын ғашықтардың ак желкені,
Жүзе берсін ғашықтық кемелері!

Тағы тұн...

Тағы тұн. Жазалы ой. Сыр-сымбат.
Мен жалғыз. Тұр дала тын-тындал.
Тыныштық, әлемді шарпыған,
Мен үнсіз. Тек көңіл шалқыған.

Қаранғы. Бұл жауып бар айды,
Тұн бүгін ұрлана қарайды.
Нені тұн, нені тұн жасырды?..
Жүрегім бір тулап басылды.

Тағы тұн. Тағы да ой. Сұр аспан.
Кос жанар, сырдан-сыр құрасқан.
Мен жалғыз. Ал, ойым... алыста...
Ақ боз ат... желменен жарысқан...

Аманжол Загыпарұлы

Аманжол Зағыпарұлы 1985 жылы 23 желтоқсанда Монголия мемлекетінің Баян-Өлгий аймағының Алтын-цөгце ауылында дүниеге келді. 1993 жылы мектеп табалдырығын аттайды. 2003 жылы мектепті бітірген-нен кейін, атажұрты Қазақстанға оралып, СҚМУ-дің жаңындағы даярлық тобында оқиды. 2005 жылы Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл қалалық гуманитарлық колледжді үздік дипломмен бітіріп, сол колледжде казак тілі мен әдебиеті пәннің ұстазы болып 5 жылдай қызмет істейді. Қазіргі уақытта Ерік Аскаров атындағы облыстық ақындар мектебінің жазба ақындық бағыты бойынша жетекшісі қызыметін аткаруда.

Жетістіктері:

2005 жылы Ақмола облысы ақын, жазушы, драматургтарының шығармалары бойынша көркемсөз оку шеберлерінің I облысытық байқауында әуесқойлар арасында 2-жүлделі орынға ие болған.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болған Т.А. Мансұров жариялаған «Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы – Қазақстан ғүлдену жолында» (2006) атты рефераттар байқауының I дәрежелі сыйақысының, Республика күніне және Қазақстан халықтар ассамблеясының он жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында II (2005), Наурыз мейрамы карсанында өткізілген облыстық ақындар айтысында I орындардың (2007) иегері.

Облыстық білім беру департаментінің ұйымдастыруымен А.Құнанбаевтың 160 жылдығына арналып өткізілген «Абай оқуында» Бас жүлдені алды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы өткізген М. Жұмабаев оқуларының

«Мен жастарға сенемін» аталымы бойынша I орынды, республиканың Тәуелсіздік күніне арналған қалалық II мүшэйрада бірінші орын иегері болды.

Алматы қаласында Қазақстан ұлттық телеарнасында жексенбі сайын өткізіліп тұратын «Аламан айтысқа» қатысып, облысымыздың намысын корғап, абыроймен оралды.

Солтүстік Қазақстан облысының білім департаментінің ұйымдастыруымен Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына арналған облыстық әдеби окулардында «Жүргім жырмен тербелген» аталымы бойынша I орынды женіп алды (2008).

2008 жылғы М. Мақатаев атындағы II Республикалық ақындар байқауының дипломымен марапатталып, II орынды женіп алды.

«Менің Қазақстаным, менің жерім» атты республикалық жас шығармашыл жастардың байқауында III орын иегері.

Облыстық Нұр-Отан білімшесінің ұйымдастыруымен өткен «Мен жемқорлықка карсымын» атты облыстық жас ақындар мүшэйрасының Бас жүлде иегері.

Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Абай мен Пушкин» атындағы облыстық ақындар мүшэйрасының женимпазы.

Киелі Сырдың бойы Қызылордада Нұр-Отанның он жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына белсенді қатысып, дипломмен марапатталды.

Көкшетау қаласының 185 жылдығы, Ақмола облысының 85 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына белсенді қатысып, дипломмен марапатталды.

2010 жылы Академик, жазушы С.Мұқановтың туғанына 110 жыл толуына орай өткізілген облыстық мүшайрада II орынды иеленді.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне жоғары біліктілігі үшін Алғыс хат алды(Петропавл қаласының әкімі Н.Әшімбетов).

2010 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық «Шабыт» фестивалінде дипломант атанса, 2011 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Шешендік өнер» байқауында жүлделі III орынды иеленді.

2012 жылы Шымкент қаласында өткен «Кәнеки, тілім сөйлемеші» республикалық байқауда үшінші орынды қанжығасына байлады.

2012 жылы Көркемсөз оку шеберлерінің Оралхан Бекей атындағы қалалық байқаудың I орын иегері.

2012 жылы Петропавл қалалық ақындар айттысының I орын иегері.

«2012 жылдың Патриоты» номинациясында мемлекеттік тілді дамытуға және насиҳаттауға қоскан үлесі үшін жас ақындар клубының жетекшісі Аманжол Зағыпар СҚО әкімі С.Біләловтің дипломымен және облыс әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

2013 жылы Мағжан Жұмабаевтың 120 жылдығына арналған «Мағжан көктемі» 2 республикалық өнер фестивалі Мағжанға арналған жазба ақындар мұшайрасының көтермелеу жүлдесі.

2015 жылы М. Мақатаев атындағы II Республикалық ақындар байқауының дипломымен марапатталып, I орынды женіп алды.

2015 жыл Петропавл қалалық білім беру жүйесіндегі шығармашылық енбегі үшін Құрмет грамотасы, 2018 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен «Текті сөздің төресі - терме» атты облыстық семинарда шеберлік сынныбын өткізгені және өлкемізде терме өнерінің дамуына үлес қосқаны үшін облыстық халық шығармашылығы орта-

лығынан Алғыс хат, 2019 жылы Республикалық «Әбіш әлемі» шығармашылық конкурсында «Әбіш Кекілбаев – айшықты ақын» номинациясының иегері (НұрСұлтан к.).

2019 жылы «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы мен «Әдебиет» порталы үйымдастырған қаламгерлер арасындағы дәстүрлі Әдеби сыйлыққа, «Ауылым-алтын тұғырым» әдеби байқауында поэзия жанры бойынша тағайындалған Төлеген Айбергенов атындағы арнайы жүлде (Нұр-Сұлтан к.), 2019 жылдың 14 тамыз күні Лисаков қаласында «Сәлем, әсем қала – Лисаков!» атты республикалық ақындар айттысында «Салмақты ой» номинациясының иегері (Костанай к.).

2019 жылы «Қайсаp.kz» қоғамдық бірлестігінің «Рух жаңғырығы» атты аймақаралық ақындар мүшәйрасының I дәрежелі дипломы (Павлодар к.), 2021 жылы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, қаламгер, ардагер ұстаз Зекебай Солтанбаевтың 90 жылдық мерейтойына орай үйымдастырылған «Азат елдіңabyзы» атты аймақаралық жыр мүшәйрасының 1-орын иегері (Павлодар к.).

Өлеңдері: «Қызырлы Қызылжар», «Дауылпаз баба Қожаберген жырау», «Үкілі үміт» жинақтарымен, «Сөз Маржаны» он томдық және «Көкшетау жас ақындары» антологиясында облыстық, республикалық базылымдарда жарық көрді.



Тағдырымның тамшылары

Жүйрік жылдар жарысқан ғасырларға,
Ақпарағы уақыттың ашылғанда.
Карғалар ізіменен өрнектейді,
Сәби ғұлі қауызынан ашылғанда.
Ақ пен кара айқасы басылған ба!?
Күн сәулесі үйір ғой жасыл қанға.
Тұнде менің жүргегім тұтқындалып,
Күнде менің түседі басым дауға.
Ғұмырымды ұрттаған уақыттар-ай,
Ұшып өткен басымнан бақыт талай.
Торғай үн топқа түсіп шырылдаса,
Тандайым тәтті уынды татыпты оңай.
Көнілім күрсінеді күлем деген,
Мерт болып кетті талай күрең дөнен.
Топқа түспей торы құнан арқандалды,
Тағдырдың суық қолы шідерлеген.
Жұлдыздар ағып жатыр «сөнем» деген,
Айды бұлыт жасырады «көрем» деген.
Көздер-ай, аш көздікпен қамын ойлап,
Кездер-ай, козы-лақты көгендеген!
Қыран тағдыр кияға қонған күнде,
Аққу болып ұшканмен арман күнде.
Жаңбырдың жырын арнап отырамын,
Тағдырдың тасасында солған гүлге!

Кездесу

Самалға кірлігің тарапып,
Жанармен көруге жарапып.
Алдымда қыз мұсін бейнен тұр,
Мөп-мөлдір көзіңмен қадалып.
Санамның сабыры жоғалып,
Ормандай ойларым тоналып.
Жүректің күбірін естимін,
Сезімнің сеніне қамалып.
Біз тұрған бір метр аралық,
Махаббат ғұмырын саналық.
Әй, бірақ үн-тұнсіз жыымидың,
Бір сәтке кетердей жоғалып.
Жүзіңе жылындым шуактап,
Қолыннан ұстар ем бір аттап.
Деміңе шарпылып мен қалдым,
Сәл тұрдың қасыма тұрақтап.
Айта алмай іштегі сырымды,
Көзімнен оқыдың шынымды.
«Кетейін, ағажан», – дегенде,
Журегім кеудемде сығылды.
Кездесу қып-қыска бүгінгі,
Тістелеп азумен тілімді.
Дірілдеп сұрадым нәмірін,
«Сотканнан» естуге үнінді.
Санменен сарапап саз үнді,
Ақкудай жеткіздің наз үнді.
Көнілім кек тудай желбіреп,
Нәмірің жүрекке жазылды.
Аспан мен кара жер арасын,
Жұпарлы нұр қылып барасың.
Бұрылып сен кеттің жанымнан,

Күй кылып махаббат даласын.
Сылдырап аққандай бал бұлак,
Толқыннан жатқандай жар қулап.
Ып-ыстық уақытка бағынып,
Мен тұрмын артында қалжырап!.
Қалжырап, қалтырап тоңсам да,
Шыдар ем тұруға мен сонда!..
Карашық сен жаққа қадалды,
Елсізде елжіреп қалсам да...
...Күтем

Кешкі ой

Пенделіктің мысығы қабағымнан иіскелеп,
Күншілдіктің қүшігі балағымнан тістелеп.
Арсыздықтың арланы кескілесе жолымды,
Қызганыштың қарғасы қарқылымен сұс төгеді.
Жүргімнің куысын құдік билеп, тұн тұнып,
Жігерімнің қыраны тұғырында сілкініп.
Көже миым көпіріп, ызын толып ішіне,
Қаламым тұр паракқа із сала алмай іркіліп.
Көз жіберіп қараймын үрей толы көшени,
Жабыркатып жанымды сұық самал еседі.
Бөлтірік үн естілсе апанынан кешкүрим,
Жұлдыздарды ағызып, кара бұлттар көшеді.
Інгәлаған сәби үн бесігіне тығылып,
Көленкелер көбейді, кешке қайта тіріліп.
Ит біткендер қыңсылап топтасқанда үйлығып,
Жарыктар да азайды жер бетінен куылып.
Қабак түйіп адамдар үйге қайтып барады,
Шаршау бйлеп ақыры жүйке менен сананы.
Тіміскілеп тұлкілер ары-бері жортады,
Ұшып, конған торғайлар дірдектейді, тонады.

Тұн моншағы қап-кара кірпігіме ілініп,
Караңғылық көбейіп карашыққа тығылып.
Кешкі ойдың мазасыз жетегінде кеткенде,
Адастырып әкетті тұнгі қиял бірітіп...

Ішкі сыр

Ақ жанбырдың сырылынан сыр ұғып,
Солған гүлдің тамырына үніліп.
Орман, судың сыйдырынан тіл ұғып,
Арман қылдым киялымға жүгініп.
Жер бесіктің әлди үнін тындаған,
Желде өсіппін, гуілімен тынбаған.
Тал бесікте інгәлаған сәбиде,
Өрге шықтым уақытпенен зырлаған.
Шын өмірден аспан, жұлдыз қыраттан,
Бұл өнірмен, ерке құрак, бұлактан.
Таулар, дала, жан-жануар ай-күннен,
Жүрегіммен ғажаптығын ұнатқам.
Табиғаттың әсер алам бәрінен,
Ар-ұятың тамыр алғам нәрінен.
Жүрегімді таза ұстауға тырысам,
Шаригаттың жүру үшін жолымен.
Осы маған, әке, бата бермел пе ен?
Шашыраған нұрға бөгіп жер-көктен.
Көк бәрінің даусын естіп жөргектен,
Асыл анам құшағында ер жеткем!..
Асықтым мен поэзия еліне,
Қадам бастым қара өлеңнің жеріне.
Ақ қайыңға қыран, тұлпар, аскар мен,
Ғашықпын мен арулардың бәріне.
Керуен жылмен кетіп жаткан ғасырым,
Көргенмін мен құпиянды жасырын.

Қара өлеңнің каймағы ғой көбікті,
Емдей білген рухани асылым!

Ой елес

Жанарымнан жасыл ірін ағады,
Қабағымнан ызғар сәуле тарады.
Жаратканға дұға қылам жалынып,
Сабырлықпен басқара алмай сананы.
Шұрық тесік бұлт көрпелер жоғары,
Пана болмай тондырады даланы.
Жыртығымды жасыра алмай жарығым,
Кірпігімді күнде қырау шалады.
Салтак-салтақ балалықтың балағы,
Күшік біткен балакты кеп талады!.
Тісі батқан балтырдағы жараны,
Бөлтіріктер «жазамыз», – деп жалады.
Қайдан бірак ауыспалы күн деген,
Айдан жырап жұлдызы жок тұн көрем.
Сайдан құлап көленкелер шашылып,
Қара тасты жел ызындал тілдеген.
Ара конған гүлдің бәрі тірі емес,
Көбелектер болып алды қүлегеш.
Сиынды деп Алласына ібіліс,
Миымды кеп жұлқылайды мың елес.
«Ей адамдар, заман ақыр болады!»
Расымен, жер ананың хабары.
Алыс емес заман ақыр аралы,
Адам мінген кеме солай барады.

P.S.

Бүркіт торғай болғаны да жай емес,
Табиғат та бұрынғыға сай емес.
Онай дейді адам аңға айналу,
Солай дейді менде жүрген ой-елес!

Күлайхан Рахмет

Күлайхан Рахмет 1987 жылдың 28 мамырында Шығыс Түркістанның Алтай аймағы Көктөгай ауданында туған. «Еркелет мені...» жыр жинағының авторы. Өлеңдері газет-журналдарда, жыр жинақтарда, республикалық базылымдарда жарық көріп келеді. Журналист, ақын, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің халқаралық журналистика мамандығын тамамдаған. Алматы қаласында «Түрік әлемі» халқаралық газетінде журналист, Астана қаласында «Түгел» медиа-холдингінде «Қазанат» және «Құлыным» журналдарында орынбасар редактор қызметін атқарған.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде әлеуметтік ғылымдар магистрін тамамдап, осы университетте журналистика кафедрасының оқытушысы қызметін атқарды. Қазір Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты.



Қасиетті – Қызылжар (толғау)

Қасиетті құтты мекен Қызылжар,
Лна көрген инабатты қызыңда ар.
Ұлықтаған ұлағатын ұлтыймның,
Текті туған тегеурінді ұлың бар.

Бақыт-байлық базарына тұнған жер,
Берекеден айырылмаған думан бел.
Талай ақын тандайына жыр үйіп,
Мағжандайын марқасқаны туған ел.

Теңгермен Медина мен Меккені,
Мактануға маңғаздарың жетеді,
Қарасөзден дес бермен сүбелі,
Сәбекен мен Ғабиттердің мекені.

Азат елімен мактанамын мынау күн,
Киядағы ұясы сен қыранның.
Тал бесігі тербетілген төсінде,
Батыр ұлың Қожаберген жыраудың.

Кері жылдар кигізгенмен кебісін,
Алтын тұғыр сияктысың мен үшін.
Сарқылмаған Сал-Біржаның серлігі,
Сен туғансың серлердің серісін.

Ана Есілдің жағасында көсілген,
Сән кетпеген салтанатты көшінен.
Еркін елсің аққайыңмен сырласқан,
Дала еркесі бұғы-марал өсірген.

Өр төсінде шарыктағы асқақ ән,
Табиғатың бөлек өлкө басқадан.
Айдыныңда тербетіліп аққуың,
Артта қалып асау жылдар ақтабан.

Туар әлі, шығар талай жас дарын,
Жауларыңды жанармен жасқаған.
Тік түрғызып аяқтан, аузына қаратқан,
Ел есінде Сапуан мен Аскарың.

Парактасам бүгінің мен кешені,
Бакытты елсін маңдай бағы бес елі.
Қанмен жазған тарихыңнан тамыр ап,
Талай-талай дарабозың өседі.

Қасиетіңнен айналайын Қызылжар,
Қыран текстес сенде туған қыз-ұлдар.
Әлдейлеген, сұнғыла қыз, сүйкті ұл,
Күшағында құдретті қызу бар.
Қасиетіңнен айналайын Қызылжар!

Уақыт берші

Уа, тәнірім,
Уақыт берші аз ғана,
Өтірік құлмей наздана,
Шындықты тауып,
Ақиқат айтып кетейін,
Өмір дегенім,
Ермегім емес жайғана.
Уа, таңірім,
Уақыт берші аз ғана.
Өзінді танып білейін,

Кызылжар ақындар антологиясы

Бабамнан қалған байырғы,
Сарқытындаи киелім,
Салтына басымды иемін.
Уа, таңірім,
Уакыт берші сәл ғана.
Бесіктең сәбиге,
Токсандағы шалға да.
Ертегі тындал ержетсін,
Қазыналы картым пан дала.
Уа, тәнірім,
Мазамды алмай бір сәтке,
Уакытка да рұксат бер.
Өтпестей өмір кешеміз,
Өтседе талай неше күз.
Қызғалдақтай қыз болған,
Күшыйған анау шешеміз.
Уа, таңірім,
Уакыт берші уакыт,
Жанымды менін жұбатып.
Үлгірсем деймін бәріне,
Жаксылық жасап, әрине.
Жылағанды уатып,
Керегіне жарасам,
Менікі ме? Рас бұл уакыт.

Қар тұскенде туған жерге

Суығы ұрып тұрған жоқ қарашибын,
Қазанда қар тұсіпті қараши әне.
Пан далама ак ұлпа қар жауғанда,
Санамда сабырсыз ой таласады.

Кызылжар ақындар антологиясы

Акбас шыңы әжемдей ак жаулықты,
Тұған жердін төсіне қар жауыпты.
Сенін осы қасиетіннен жұққан білем
Жаным сонша сүйеді тазалықты.

Сағыныш арылмады, қайран кайғы,
Ақын болып туылмай ай маңдайлы.
Сенін сұлу бейненді жырлау үшін,
Сөзім жетпей кор болдым тандайдағы.

Сағынышта бір арман бар секілді,
Тұған жерсіз тұғырым тар секілді.
Ғұмыр тілеп жыр жаздым мен өзіме,
Торғын белге сніетін қар секілді.

Нағыз қазак

Шырқын бұзып қиялым марғау тұннің,
Арман тауға асықтым алмай тыным.
Ұлы жыр – өленнің өлмейтін қуаты мен,
Мұнын шертсем аянбай бар халқымның.

Атқарап ақын халық қызметі,
Маздатып тіршіліктің қызыл отын.
Қазакпыз ғой кара өлең қанға сіңген,
Тұсінер өлең сөздің күдіретін.

Табынамын кара өлең піріме тым,
Жырыз туған казактың тілі жетім.
Тілден найза суырып, жырдан қыльыш,
Жықпастан ардың туын жүгіретін.

Күмбірлі күй, сазды әнге елендеген,

Саусағынан күй төгіп бебеулеген.
Ежелден-ак қазакты қазак демей,
Нағыз казак – домбыра, өлең деген.

Ешкімге де ұқсамаймын

Сірә да , мұқалта алмас жанымды мұн,
Өзгешемін, қайтпайтын жалындымын.
Ертеніме караймын сенімменен,
Білемін өзгешелеу таным бүгін ...

Дара шабыт сыйлаған теңіз жырым,
Басқаларға ұқсамайды менің күнім.
Елден өзге мен болам паркымды біл,
Сондыктан да өзгеше менің мұным.

Кербезденіп бататын кешім бөтен,
Өмірді өзгеше етіп кешірмесем...
Мен барыма жаныма-ау сенбей-ак кой,
Дөнгелек дүниенің төсінде сен.

Ешкімге де ұқсамай бөлек өстім,
Тағдырменен тайсалмай ерегестім.
Мен өзім боп қаламын өзгермеймін,
Біреудің көшірмесі мен емеспін!

Кызылжар ақындар антологиясы
Нұргұл Әбдімұратқызы Оқашева

Нұргұл Әбдімұратқызы Оқашева 1990 жылдың 3 желтоқсанында Кызылорда облысы, Арап ауданына қарасты Мергенсай ауылында дүниеге келген. 1997-2008 жылдар аралығында аталмыш ауылдағы №58 орта мектепте білім алады. 2008 жылы орта мектепті тамамдап, Астана қаласындағы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне окуға түседі. 2012 жылы осы университеттің филология факультетін бітіреді. Астана қаласындағы «Топжарған» ақындар студиясының мүшесі. «Жүрегім жырдан ғана жаратылған», «Күз бен кыз» атты кітаптардың авторы. Бірнеше республикалық, облыстық мүшәйралардың женімпазы. Фариза Онғарсынова атындағы «Өлең, мен сені аялап өтем!» атты республика ақын қыздары мүшәйрасының I орын иегері. Мұқағали Макатаев атындағы «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты республикалық ақындар мүшайрасының бас жүлдегері. Өлендері «Көкшетау жас ақындар антологиясы», «Қызырлы Кызылжар», «Қызылжар жас ақындарының жыр кітабы» жинактарына енген, республикалық «Үркөр», «Жұлдыз», «Тұмар», «Казак әдебиеті» сынды т.б. басылымдарда жарияланып тұрады. Бүгінде Солтүстік Казакстан облыстық «Солтүстік Казакстан» газеті бас редакторының орынбасары болып кызмет етуде.



Нұрғұл ОҚАШЕВА

Жүрекке мұңның мөрін таңба қылып,
Тағы да алдадыңыз.
Алдады үміт...
Суалып көнілімнің гүл-рені,
Жанымда қала берді арман ұлып.

Шарасыз шердің шарлап шартарабын,
Өкпелеп, кімге кінә арта аламын?
Сүйсініп, ессіз сүйіп Сізді ғана,
Ғаламның ғазал мұңын арқаладым.

Сіз енді сезім жайын сөз етпеніз,
Біз енді бірімізге бозөкпеміз.
Мендергі сезім өлген...
Өлгенді айтып,
Қайтеміз өрт түсіріп өзекке біз?

Жалғамай тілегімді тілегіме,
Мұң сыйлап, сезім өлді гүл-өніме.
Күнәсіз көз жасыма жуындырып,
Жерледім жүрегіме.

* * *

Сізді іздедім...
Таба алмадым...
Таппадым...
Бара бердім бір қыдырған баққа мың.
Сұрап едім біз сүйенген теректен,
Ол да менен ала қашты ат тонын.

Шырынына құлак аспай жанымның,
Сағынышқа барып тағы танылдым.
Үмітіме жетектеген қолымнан,
Сонарынан сая берді сағым-күн.

Сізсіз, аға, өмір нұры тым әлсіз,
Мүмкін мендік мүшкіл халді ұғарсыз.
Ақбауыр-бұлт аспан жакты мекендереп,
Сіз де мені іздеп жүрген шығарсыз.

Жан жүрегім жанып, ысып, сыздап та,
Калшылдаймын қалған жандай мұздакта.
Жер бетіне қашан соғып кетесіз,
Карай-карай көзім талды сіз жаққа?!

* * *

Аздап бакыт, бар басымда аз кайғы,
Күндерімді түндеріммен жалғайды.
Көшкін бұлттың көленкесі секілді,
Арманым да алдайды.

Бакытыма оймен жетіп күні-түн,
Тәнір тарткан сыйдың ашам құлыптын.
Кей достардай көре алмайтын күлкімді,
Жалғанбайды үмітім.

Моншак тізіп мұнайғанда мен үнсіз,
Өлең оқып, жұбатқан да едің сіз.
Мені қатты сүйем дейсіз, сенемін,
Сенімім де сенімсіз...

Өкініш

Көмескі ойлар көнілге сеуіп қаяу мын,
Есіріп жүріп аспадым құлақ есті үнге.
Еркелікпенен етегін ұстап анамның,
Есейгенімді есіме алдым кеш мұлде.

Көріксіз міnez көнілден қалай өшер мұн,
(Содан-ау, бәлкім, қайырылып жүр канатым).
Аспандагыны әпер деп байғұс шешемнің,
Тауысып біttім, топшысы тастай тафатын.

Белімнен түскен бұрымым бұйра. Өргеннің,
Ражап деп жүріп, мазақ қып кеттім талғамын.
Қалаға барып, шаштараз іздең сенделдім,
Бүгінгі күннің Жібегі болу арманым.

Анамның тұнық тілегін аяқ асты ғып,
Жетесізбін-ау жеңілtek ойды жөн деппін.
Әкетайымның қабағы жасап жат қылық,
Тіл катпай койды он бес күн.

Түсіндім бәрін, түсінбеу енді жат ұғым,
Орынсыз жерде ойнектамаймын есіріп.
Таяздал барып, ұзарып кетті ақылым,
Бұрымым қалды кесіліп...

Құмыра

Жалынға денем шарпылып жатқан шакта бұл,
Құбыла бермей құрағым келді басқа жыр.
Құмыра жайлы толғаншы дейсің, қарағым,
Толқындай тулас тумайды, әттең, қасқа жыр.

Откенім еске оралды, көңіл, жасыма,
Бала кезімде ойнаушы ем киіп басыма.
Көк құмырасын Мәрия деген көршімнің.
Сыландарап жүріп сындырып алдым қапыда.

Сындырған сәттен түмшалап алды сынық мұн,
Үкілеп жүрген үзілді жібі үміттің.
Сол сәттен бастап құмыра атты ойынды,
Ойымнан сыздым, ойынның бәрін ұмыттым.

Ұмыттым бәрін, еркелік калды артымда,
Атанып жүрмін біреуге, бәлкім, нар тұлға.
Мәрия көршім сол құмырадай сын деген,
Сынбай келемін сан сынектарда, сан сында.

Құмыра көрсем ішіде жүрер мұн бұғып,
Үркіп кетеді білмеймін неден нұрлы үміт.
Құмыра көрсем ... жакындауға да жасканам,
Абайсыз тағы аламын ба деп сындырып...

Жарқын Жұпархан

Жарқын Жұпархан 1987 жылы 15 казанда дүниеге келген.

М. Қозыбаев атындағы университетін 2011 жылы «Журналистика», 2019 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тамамдаған.

Қазіргі таңда Облыстық халық шығармашылығы және мәдени-бос уақыт кызметі орталығында бөлім басшысы. «Айтыс ақындары мен жырши - термешілердің Халықаралық Одағы» РКБ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры, Ерік Аскаров атындағы облыстық жас ақындар мектебінін негізін қалаушы және жетекшісі. Республикалық ақындар айтысының жүлдегері.

«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің және «Абай» мерейтойлық медалінің иегері. Мәдениет саласына коскан елеулі үлесі үшін СҚО әкімінің Құрмет грамотасы мен Көкшетау қаласының әкімінің Алғыс хатымен марапатталған.



Қызылжардың киесі

Қалам алдым,

Ақ паракқа қара өлеңді сініріп.

Бабалардың,

Ей, адамдар бізге жеткен үнін ұқ..

Ақ қайыңның жапырағына ұя салған бұлбұл құс,

Қызылжардың топырағының сырын ұқ.

Күн мен түнің,

Аспан, жерің сырласқандай бірігіп.

Жұлдыздарың жымындаиды қара бұлтың түріліп,

Ей, Қызылжар, сенің далан емес пе.

Тұлпарлардың тұяғына кеткен талай тілініп.

Самалың мен лебіңе жүрек кетті жылынып,

Табиғаттың тылсымына қарап тұрмын кідіріп.

Есіліңнің толқындары бүйраланып, асаусып,

Ағып жатыр бір-біріне тығылып,

Тарихыңа

көз саламын, тамсанамын құнығып,

Үңілем де, мәз боламын сыр ұғып.

Абылайхан ақ үйінің ашылғанда есігі,

Тірілгендей болды қайта ұлы Рух.

Шал ақынның шабытымен бізге жеткен ірілік,

Қожаберген тоқсанында топ жарғаны ұлылық.

Саясаттың кеткеніменен киясында сүрініп,

Ей, жастарым ұлы Мағжан жырын ұқ.

Ғабиттер мен Сәбиттерді алашымның ұлы ғып,
Мұраларын ей, достарым сакта және біліп ұк.
Ей, Қызылжар, атырабың да, топырағың да киелі,
Тарихыңа табынамың басымды иіп жүгініп.

Ана тілдің тағдыры

Колыма қалам алдым тіл дегенде,
Бағыма нөсер болып туды өлең де.
Рухтың ақ байрағы желбіремес,
Ұлтының тілін білмей жүрген елде.

Жырымыздың үшпаған құсын көрем,
Үніміздің жанышталған сұсын көрем.
Ұл қызың бар жүректі тоңдыратын,
Тіліміздің қадірін түсінбеген.

Алты Алаш ту астына бірігетін,
Тілдің бұлты күн барма түрілетін,
Рухыңды көтерер кез келді ғой,
Ұлтқа айналып кетпейік тілі жетім.

Ұлы арнаңдан іздесем тілге дерек,
Мұран қалған, тарихын білген ел ек.
Ұлтымның қазығы тіл ей ағайын,
Шұбарланған тіліміз кімге керек.

Қарасақ бұзылғандай тіл қамалы,
Жаласақ жазылама бұл жараны.
Бесігінде ана әлдиін естімеген,
Болашақ сәбилерің кім болады.

Бар казак бір қазақтың ұлы емес пе,
Тілсіз, ділсіз, діңсіз күн мұң емес пе.
Ұлтымыздың айнасы, бейнесі сол,
Елдігі қазағымның тіл емеспе.

Аландай біл ел үрпақ қылышына,
Таба алмай жүр өз ұлтын тілі куә.
Кек байрағың желбіреп тұрганменен.
Қона алмай жүр ана тіл тұғырына.

Арысын ел едік ғой жылатпаған,
Дауысым тілге келіп тұрақтаған.
Кеше бізге сенім артқан Мағжан еді,
Намысын оқ тигенде құлатпаған.

Жаһандану ұрындық па дауылына,
Ана тілді бассаңшы ел бауырыңа.
Өзге тілдер тұнейтін төр емес кой,
Ғажайып қазақ деген ауылыңа.

Қаймағын шайқамайық жырымыздың,
Алда әлі тар кешу сынымыз мын.
Қазақ болып өмірге келгеннен соң,
Байрағын көтерейік тіліміздің.

От пен Рух

Ұлтымның жүрегі жарапалы,
Қасірет қан кешкен заманы.
«Зар заман», сор қоғам аяусыз,
Барымды, нарымды талады.

Күл қылмак тесілер табаны,
Өзгертпек болды олар, сананы.
Жерімді, елімді тонаумен,
Мешкейдей ашылды араны.

Рухым кұрсақта бұлқынды,
Желтоқсан. Ұл-қызым сілкінді.
Арыстан айбатын танытып,
Қазакқа жаңаша күн туды.

Қасиет сезініп ҚҰРАННАН,
Отпенен рухын суарған.
Шығыстан таң атты құлімдеп,
Айбарлы Алты Алаш қуанған.

Ақикат дәл солай ашылды,
Аспаннан ақ жаңыр шашылды.
Біз жүрдік құшақтап Мағжанды,
Біз жүрдік құшақтап Қасымды.

Тербетіп, Түркінің бесігін,
Әлемге мәшіүр ғой есімің.
Ұлтыңа сәл кештеу оралдың,
Кеш баба, бер бізге, кешірім!

Алаштың арыстан ұлдары,
Шындықтың алмасын шындалды.
Алтай мен Атырау арасын,
Қазактың жері деп жырлады.

Күн тектес маркасқа – Магжаным,
Рухтың оты боп маздадын.
Біздегі бодандық пернесін,
Өлеңнің сенімен қозғадың.

Арыстан болдын сен – айбатты,
Жолбарыс болдың сен – қайратты.
Алмастай өлеңің жарқылдаپ,
Аспаннан найзағай ойнатты.

Көрдің сен, иттердің үргенін,
Көрдің сен, достың да құлгенін.
Қасқырдай жарасын жалаған,
Қысылдың, қыңылап көрмедін.

Караңғы қапаста тағдырдың,
Рухыңды от қылып жандырдың.
Қанменен кестелеп жырыңды,
Жастарға аманат қалдырдың.

Рухың от болып сөнбеді,
Жалыннан от алып сендегі.
Желтоқсан желінде Қайраттар,
Ұлтыңың намысын бермеді.

Карашық рухка тұнғанда,
Караймыз, аскактап қырларға.
Жалынды жырларың өшпейді,
Көктуым желбіреп тұрғанда.

Тәуелсіз ұлтында Ұлы Күн,
Сенің де сайланған тұғырын.
Түркістан мекен боп Тұранға,
Тәу етті бауырлар түрігін.

Бодандық түнегі түрілген,
Аспан тұс көк байрақ тігілген.
Мәңгілік елімде рухың,
Жасайды отты өлең жырынмен.

Н...ҒА

Токташы токтай тұршы карындасым,
Әйткені сен ақынның жанындастың.
Жүрегім жыр оқиды өзін жайлышы,
Сіздегі нәзік жүрек қабылдасын.

Үндеме үндемеші үндемегін,
Үндемеуді өзіннен үйренемін.
Жадыраған жүзіннен бал тамып тұр,
Енгізіп мына мені күйге керім.

Асықпа асықпаши асықпағын,
Ұнамайды ағана асыққаның.
Үндемеумен, асықпау қосқан екен,
Баяғының бакытты ғашықтарын.

Сабыр қыл, сабыр сақта, сабыр жаным,
Не дерін тыңдасаншы қабырғаның.
Искейін бұрымынан мың бұралған,
Ағаның өтінішін орындағын.

Ұрыспа, ұрыспашы, ұрыспағын,
Ессіз ғашық ағанды дұрыстағын.
Дұға тілеп орнында қала бердім,
Білмеймін ак колынан кім ұстарын.

Ашыққан ана монологы

Біздің басқа келсін қайдан тәтті өлім,
Бұйырмайтын секілді ме ақ кебін.
Үзім нан, касық суға зар болып,
Үзілетін кезін келді-ау от демім.

Ажал құрғыр алмадың ба арбамай?
Жакындаисын жемтік көрген қарғадай.
Жын ғасырдың еңсемді езген салмағы-ай,
Құмға сіндін жанардан жас сорғалай.

Неге сонша аямадың Тәнірім,
Тұған жерім, емес пе еді казығым.
Көз алдымда бала кетті, жан кетті,
Тұғырынан таба алмай азығын.

Барымды алған, малымды алған залымдар,
Кинай бермей жанымды да алындар!.
Қазағымды тентіреткен тексіздер,
Мойында бейбақ елдің қаны бар.

Артымыздан дұға оқиды өлсек кім?
О, Тәнірім жауыз ұлтты көрші еттін.
Сәбійінің етін жеген Ананы,
Көзім шыккыр неге маған көрсеттің?!

Хайуандар жер бетіне кан себер,
Мұрделерден кара жерде тенселер.
Құнымызды жоқтамайды дейсін бе?
Бұл аштықтан бір ұрпағым қалса егер?

Қан кісенде рухымыз ашынған,
Біз кетерміз қасіретті ғасырдан.
Жалғыз уыс топыракқа көмілмей,
Мұрделерді қөрді қөзім шашылған.

Мазак қылды-ау, жын билеген маскүнем,
Кеудесінде жүрек емес тас білем.
Ұлт қарғысы мойыныңда көккөздер,
Шошқадан да арамсың-ау, қасқунем.

Азуында кетпедім бе қасқырдын?
Өз жаныма неге өзімді қас қылдын.
Қолдан бәрін жасады ғой аштыкты,
Калғандарын Тәніріме тапсырдым!..

Жаман еken бодандыққа көндіккен,
Заман кайда, теңдік кайда мен күткен.
Ажал жетті...қайтейін кеш өкіндім,
Жау колында өлмедім-ау, ерлікпен...

Уақыт

Жұлдыз ойлар ағады ғарыштағы,
Бұлтар көміп жарығы алыстады.
Айға қарап ұлыған көкбөрі Үнім,
Қайда апарады уақыттың ағыстары?

Биіктіктер бұлдыңғыр бұлдыраған,
Қара таудың койнауына түн құлаған,
Қара тасқа жанғырық жанышталып,
Қара орман мұлгиді тұнжыраған.

Ыңғарында сеземін топырактың,
Құпиясын аша алмай атыраптың.
Қайың ғұмыр желменен сықырлайды,
Бұтағынан үзіліп жапырак мұн.

Намысымды үркітпей үнгірдегі,
Оятпайтын секілді тұннің лебі,
Жусан қырдан жұтынған сәттерім-ай,
Үзілгендей тым-тырыс гүлдін демі.

Қара жерде құрсініп камығады,
Тұяғынан тұлпардың шаң ығады.
Жүрегіме мұн сеуіп тұрады ылғи,
Коркыт үнді қобыздың сарыны әлі.

Асая өзен кайтпаған ағыны әлі,
Екпіні жарға барып соғылады.
Кірпігімді гүлдеткен Ай бейнесі,
Қара тұнгі толқынға шомылады.

Уакыт зулап барады осіменен,
Таны бояу, түсі аңыз, кеші өлен.
Өмір деген паракты шимайлайды,
Тағдыр деген талғампаз есіл өлен.

Кызылжар ақындар антологиясы


Фархат Өзбекұлы Тастамбеков

Фархат Өзбекұлы Тастамбеков – журналист-блогер, ақын. 1989 жылдың 20 желтоқсанында Мамлют ауданы, Бостандық ауылында дүниеге келді. Сол ауылда орта білім алды. 11-сыныпты тамамдаған соң ҰБТ тапсырып, жоғары ұпай жинап М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың журналистика мамандығына грантқа оқуға түсті. Алғаш рет поэзия әлеміне 8-сынып оқып жүргенде қалам тербеді. Басында шығарма жазуға берілген такырыптарға өлең жазып жүрді. Кейін оның бұл қабілетін мектептегі казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Нұржан Аскандиров, Гүлсім Сәдуақасова және Гүлжан Мантаева байқап, әр жылдары аудандық, облыстық жарыстарға дайыннады. Сонымен катар Фархаттың әкесі Өзбек Сабырұлы баласының ақындық жолда дамуына көп септігін тигізді.

Фархат мектеп оқып жүргенде аудандық, облыстық Абай, Мағжан оқуларына және басқа да мүшәйраларға қатысып, үнемі жүлделі орындар алғып жүрді. Кейін ол өзінің шығармашылық жолын студенттік шағында да жалғастырды. Ол жерде топтас досы Жарқын Жұпархан және өнердегі ұстазы Аманжол Зағыпармен бірге жастардың әдеби ортасын қалыптастыруға ат салысып, облыстық және республикалық ақындар айтысына қатысты.

Фархаттың студент шағында шығармашылығы ерекше дамыды. Оның өлеңдерінің негізгі бөлігі осы кезеңде жазылды. Облыстық Мағжан оқуларының женімпазы болды. Республикалық «Менің отаным – Қазақстан» жас өнерпаздар фестивалінде де 1 орын алды. Оның «Қараша үйі, Мұқанының» өлеңін Әкім Тарази бастаған казылар алқасы жоғары бағалады.

Университетті тамамдаған соң Фархат облыстық «Солтүстік Қазакстан» газетінде, кейін республикалық «Мұнара» акпараттық порталында қызмет атқарды. 2011 жылдан бастап теріскейде қазақ тілді блогосфераны дамытуға ат салысып келеді. Өзінің жеке сайтын жүргізеді. «Кызылжар» аудандық газетінде редактор болып қызмет атқарды.



Біздің ауыл

Ауыл десем:

Ақ шаңқай үй елестер,
Соның бәрін алып қолды ер істер.

Ауыл десем:

Қыр мен сайы, дөңесі,
Елестейді сонандайдан белестер.

Ауылда өсіп қызығына тоймағам,
Бала сезім бал күйіне бойлағам.
Күннің күні, керегесі көртіліп,
«Жұдер» деген келменті ғой ой маған.

Әлі нығыз, мығым менің ауылым,
Әлі көрем қариялар қауымын.
Сол ауылға түкте емес бораның,
Түкте емес нөсерлеткен жауының

Жатсадағы ауыл жолдан тыскары,
Қиын емес нарықтың кеп қысқаны.
Қиындығы қимасындей боп қалған,
Алтыбақан – көзден бұлбұл ұшқаны.

Болса егер саусак пенен қолдарда еп,
Ойын-сауық орны ертең онар деп.
Үмітімді әлі де ұзбей келемін,
Көзден ұшқан қайта орнына қонар деп.

Туысым бар, ағайын, мұнда бауыр,
Селт етпеген соқса да қанша дауыл.
Тірліктері ойсырап қалсадағы,
Бірліктерін сактаған біздің ауыл!

Өмірім менің қырық градуста қайнаған

Такси ұстап барайын десем жұмакқа,
Жолақысын қымбат сұрайды бірақта.
Күншығыс жоқ қараңғылық елінде,
Қалдым содан мәңгілікке тұрактап.

Иманым менің жүрекке тыкқан кір акша,
Арақтан аян түседі маған бір басқа.
Сайтан ойға толтырып ап рөмкесін,
Есігімді күнде келіп жын қақса.

Дәретсіз күнде тәбетім менің ашылған,
Қырық градуста жұтып алуға асығам.
Өртеніп өнеш, мен-зен болып қиналдым,
Ақыл-ойым буланып барад басымнан.

Содан соң тұман,
Білмеймін мына мен кіммін,
Көз алдымда кояндай орғыр теңбіл күн.
Жатсам да құлап қара жерде,
Қай жақта,
Мас емеспін,
Мас емеспін деп өзімді сендердім.

Есімді жисам, келеді таң да ағарып,
Жатыр екем қара күшікке жаланып.
Алқам-салқам,
Қалтамда жоқ әмиян,
Соткам да жоқ, қалыппын түгел таланып.

Құмарлық кетпей,
Сорладым тағы басымнан,

Кырық градус жұтып алуға асығам.
Ай, бұлайша арактың құлы боп өткенше,
Бөтелкенің шумегіне қазір асылам.

Өмірім осы қырық градуста қайнаған,
Арап іш деп қыстаушы еді қай бабам.
Бұл өмірден өтуге бүтін асықтым,
Келу үшін келесі өмірге қайтадан.

Күн ұлы...

*Қайғыланба соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен тұган, Гүннен тұган пайғамбар.*

(Мағжан Жұмабаев).

Жалғыз тал қауырсынмын,
Ішінде дауысынмын,
Жеті қат көкті жарып өтіп,
Күнменен сүйісken.
Мен олмын,
Ол мен.
Жанарларым түйісken жалын жұтқан нұрынмен,
Сен – Күн бетінде құллі әлемге
өлеңмен дұға қылып,
Гарышты жырынмен биледін.
Он екі қабырғалы ордалы жүрегімде,
Рухынды рухыммен біріктіріп,
Уақыттың тіліне.
Сәуленнің нұрына іліктіріп,

Әуеніңнің сатысымен сүйредін,
Киелім,
Мен сені сүйемін!!!

Көк бөрі ем қуалап жүрген көкала үйрек күсынды.
Ұяна кондыра алмай кияннан ғана ұшырдың,
Мендеңі сонғы үмітті мұнмен рухани тілінді түсіндім.
Өмір өзі әлдилейді өлең болмысынды,
Мен алты Алашпын айбынсыз бөлінбейтін,
Ал ол жетіншісі көзге көрінбейтін.
Ол – Күннің оты,
Ол – менің отым,
Жеткізбейтін.
Жүгірген сайын биіктейтін,
Сүрінген сайын терендейтін.

Мұным не?
Не айтқым келеді мұныммен?
Мен – Қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Деймін де сәуленін Күн нұрлы,
Сонынан тапыл – тапыл жүгірем.
Шок тығып көмейге,
От шығып тілімнен,
Аналық құрсақтан,
Өлең боп туылған Күн ұлы,
Мен сені сүйемін!
Ғұмырлық үніммен.....

* * *

Аспаным тұр ажары сіңген айдын-көлмен сүйіскен,
Аккайындар иіліп кеп жотасынан иіскең.
Сол аспан, сол аккайын мен болсам деп отырам,
Арманымды айдынға айтып толқыны ұрған мүйістен.

Бәрі сұлу, бәрі ғашық ғашықтықтан жаралған,
Бірақ менің махаббатым ізім-қайым жоғалған.
Бейіш бактың бір қызының қолын ұстап жүріп ем,
Бармағына татымадым, періштемнің артық саналған.

Күте алмадым, қутімінді білмеген соң періштем,
Бір кателік, үтірінді қойдың кешіп сен іштен.
Ғашық болып махаббатпен шарт жасасып жатканда.
Мәнгі сүйіп, құтушін боп өтуге мен келіскем.

Сүйдім бірақ күте алмай дел-сал болып шыкты есім,
Төзіміңнің тұндырында тамшы суың біткесін.
Кос тағдырдың құйыла ақкан жолын екі айырдың,
Койдың ба сен кешірілмес кателіктің нүктесін.

Кеттің солай мекеніңе қайтіп енді оралmas.
Ол мекенге жай пендeler қанатсыз бірі бара алmas.
Сондықтан да хат жібердім қанатын қаптап жырменен,
Жайымды ұксан жайылсын ашу. жерге түсіп хабарлас.

Тек сені сүйесм білесің оны, білесің, жалғыз жазығым,
Жанында болмай, жабырқатып алдым жанынды сенің,
Нәзігім.
Көркі үшін ұнатқам жок пері қыздардың бірін де,
Құмарлық үшін татқам жок тосса да рахат мәзірін.

Аз уақыт рахат арзусыз болса азуыма тіптен жұқпайды,
Керісінше Саған деген толқыныстарды тізіп жұтпайды.
Өзің ғана керексін маған, керексін маған өмірлік,
Өзгелер мені сүйіп тұрса да шын махаббат шыкпайды.

Акку құсын махаббаттың үркітіп кенет алғасын,
Тістеп төктім, нөсер көктің ақмаржан толы дорбасын.
Жуып-шайсын қателік пен өкініштің дактарын,
Маған деген Жаным сенің еш ренішің калмасын.

Сіз ғашықсыз, аға!

(немесе мәңгілік махаббаттың мысалы)

Сіз ғашық болдыңыз,
Адамнан да сүйкімді,
Жаннан да сұлу.
Әлемнің ең көріктісіне,
Әуениң жетінші нотасындай,
Аскәрдың биігінде жанғырткан,
Алты Алаштың сүйіктісіне,
Ешкімнің бағынбайтын ерік – күшіне.
Сіз ғашық болдыңыз,
Мәңгілікке,
Тығылмайтын табыт ішіне.

Сіз ғашықсыз,
Орманның басына біткен,
бұлтты жапырактан тамған жасыл мұнға,
Сіздің махаббатыңыздан,
Екі әлем косылуда.
Аққайың жүректің алғысынан,
Кеудеден сәүле ғып жан ұшырған.

Тұн түссе құмартатыныңыз,
Төрт кабырғалы бөлменің ішінде жатып.
Жұтан киял тиегінен,
ағытылған щерлі – бакыт.
Сіз оны ойлаған сайын,
Соныңызға ілеспес уакыт.

Сізді түсінбейтін шығар,
Пенделер мүмкін әлі.
Еңсенізді езген құрғыр ой,
құрысын бәрі,
Бас иген танның таны,
ол жанның нәрі.
Оның мекені көрікті ой көктеткен,
Ғасырдың бағы.
Сіз оны сүюге талпынғанда,
Ол сүйдіруге ұмтылады.

Топыракта ізі жатқанымен,
Сана болып самғауға бейім.
Тұнғиық та тұнғиық емес,
Шекіздік, шетсіздіктің көкжиегіне жете
білген,
Тек түйін,
Түйін,
Түйін,
Сіз сүйесіз аға,
Ғашықсыз поэзияға,
Ендеше шайырлардың мекені,
Бұл сенің де үйің!

Қараша үйі Мұқанының

*Тұзу – тұзу тілінген таспадайын,
Қамшы өремін таспададан басқадайын.
Қаламасаң қамшымды аұлақ жүргін.
Қараша үйдің есігін ашта, ағайын!*

(М. Мақатаев).

Қараша үй –
Қара өлеңі Мұқанын,
Тұндігінен сыйалаған сынар мұн.
Акку жырым ай астында туғанда,
Қонағын боп қараша үйге сұрандым.
Қараша үй –
Қара өлеңі Мұқанын.
Асыл жырдың көрінгенде арайы.
Ақын ұлдың тер төгеді самайы.
Рұқсат етші қараша үйге барайын,
Жыр кітабым болмаса да, ағайын.
Қымыз ішіп қонағы боп жатындар,
Шындық айтып шырылдаған ақындар.
Қара өлеңнің қазанында кайнаған,
Қасиетті кара өлеңнен татындар.
Акку жырын аттандырып көк белге,
Қарсы алсын деп ұрпақтарым көктемде.
Қанатты жыр кайтып елге оралды,
Мұқан ақын бұл өмірден өткенде.
Қарасаздың жыр жанғыртып тасында,
Жетімкөлін жетім жатыр расында.
Қара өлеңнің қараша үйі тұрғанмен,
Өзін жоксын ошағының басында.
Қараша үйі,

Кара өлеңі Мұқанның,
Босағанда сығалаумен тұрамын.
(Өткені мен ғашық болған шығармын),
Кара өлеңге қасиетті күмармын.
Жыр жүлдізын жандырып,
Босағанда бұл өлеңді шығардым.

Жұмабек Рахимов

Жұмабек Рахимов 1990 жылы Есіл ауданының Өрнек ауылында дүние есігін ашқан.

Петропавл гарнizonының әскери бөлімдері арасында «Ұлыларын ұлықтаған Мәңгілік ел» атты тақырыпта ақындар айтысында II орын, «Текті сөздің төресі – терме» атты жыршы-термешілер байқауында 3 орын, Ұлы Женістің 75 жылдығына арналған «Отан үшін от кешкендер» облыстық онлайн мұшайрасында 3 орын алды. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Өлең сөздің даңғылы, бар қазактың Жамбылы» облыстық ақындар айтысында 2 орынды, «Қызырлы Қызылжар-құт бесік» облыстық ақындар айтысында 1 орынды, академик, жазушы Сәбит Мұқановтың 110 жылдығына орай өткен облыстық ақындар айтысында 1 орынды, Есіл ауданында өткен «Мениң Қазақстаным» ақындар сайысында 1 орынды, Еслям Зікібаевтың құрметіне арналған «Еслям күндері» онкүндігінде айтыс номинациясында 1 орынды қанжығасына байлады.



Отан

Отан-өлке, Отан-далам, арысым,
Талай тұлпар таныта алған шабысын.
Алла, қолда, жыға көрме туымды,
Наркы биік нағыз менің намысым.

Отан-ана, Отан-бала бақ бәрі,
Ұлы Отан ата-баба мактаны.
Жаса мәңгі, патриоттық сезім бар,
Қазақстанның азаматтары!

Отан, Отан, жасыл алқап жер төсі,
Сені сүйеді, жан-тәні мен ел көші.
Отан саған маҳаббатым шын шексіз,
Қазақстандықтарымның өлкесі.

Ұлы Отан аңсағанға құрак төр,
Сені аңсайды елім деген қуатты ер.
Ұлы Отанға, иә Жаратқан, жар болып,
Ұлы Отанға таусылмайтын қуат бер.

Ұлы Отанға арайланған шуак бер,
Келешегін кемелді етіп құрап бер.
Ұлы Отанға өтінемін, Жаратқан,
Не берсенде үйіп-төгіп бірақ бер.

Төрт-ак әріп Отан сөзі ар маған,
Отан – қыран көк аспанда самғаған.
Отанында бейбіт өмір сүрсіндең,
Құрбан болып кеткен талай нар бабам.

Шүкір бүгін бағымыз бар бес елі,
Нұрлы жолым жас ұрпақтың мекені.
Нарқы биік нар казакқа белгілі,
Отан сөзі оттан ыстық екені.

От кеуделі болсаң елді сүйгейсің,
Келер ұрпак басынды әркез игейсің.
Момышұлы Бауыржан батыр айтқандай,
Отан үшін отқа түссен, күмейсің.

Тал бесіктен алған отан бастауым,
Абыройым ар-ожданым аскарым.
Отан үшін құрбандыққа дайынмын,
Жер-бесікке жеткенінше жас жаным.

Ұлы Отанды шырқау керек ән-қылыш,
Ұлы Отанды қорғау керек ар қылыш.
Мәнгілік ел ұрпактары рухты,
Ұлы Отанды сую керек мәнгілік.

Өрнек

Өрнегім менің, өнегелі ел, нар тұлға,
Рақымды Алланың нұры көп жаусын сарқылма.
Найзағай болып, намысты елім, жарқылда,
Еңселі елім, ертеңін үшін тартынба,
Келешек ұрпақ, көркейе берсін артында.

Табиғатыңа тамсанған талай қанша адам,
Алла қаласа, биікке қарай жол салам.
Тұған елімді жырыма қоспау мүмкін бе?
Жас кіндігімнен сауғалап тұрып тамса кан.
Аяулы елім, ашық боп әркез аспаның,

Өзінде өтті балалық балғын, жас шағым.
Жалындал тұрған жастарға рух береді,
Жасыл қыналы, құдіретті қоныр тастарын.

Жырлаймын сені туған ауылым мәңгілік,
Арайлап атар әнінен салған тан құліп.
Еркелеп аккан мөп-мөлдір Есіл, шіркін-ай,
Сусындал ішсен, шөлінді басар қандырып.

Жері құнарлы, қайыны желмен шайқалған,
Карағайынан көз жауын алар май тамған.
Күн нұрыменен таласып өскен құлімдеп,
Жасыл шөптерін жадырап жатыр жайқалған.

Жан-жағын орман коршауға алған тосылмай,
Өрнегім менін жарқырап жатыр жасындей.
Кең даласында ойнақтап өстім құлындаі,
Ауылым менің абыройлы ел осындей.

Такымын қысып тілеген менің бағымды,
Берекелі елім, келтірген бүтін бабымды.
Өрнек деген киелі өлке өнерлі,
Карттары көсем, жастары шешен дарынды.

Жерім деп өскен, елім деп туған ер едім,
Қырандай самғап, сағынып ұшып келемін.
Ұлын – ұяға, қызын қияға қондырып,
Жасасын мәңгі өнерпаз менің өрелім.

Шаңырактарын шайқалмасын тек мұратым,
Намысты елім, биік шыңға бет бұратын.
Бес-ак әріпті, Өрнегім менін қуатым,
Бес мын ғасырлық, тарау жолдардан тұратын.

Тәуелсіздік

Бодандықтай бұзған мәңгі қағбаны,
Текті елімнің бар ырысы, бар бағы.
Тәуелсіздік тыныштығы ұрпактың,
Тәуелсіздік ата-бабам арманы.

Тәуелсіздік әрқашанда тірегім,
Тәуелсіздік төскейдегі жүргегім.
Тәуелсіздік бақ, береке, ынтымак,
Тәуелсіздік текті менін дүр елім.

Тәуелсіздік тіл-көз тимес байлығым,
Тәуелсіздік абыройым, айбыным.
Тәуелсіздік желбіреген көк Туым,
Тәуелсіздік кадірі мол ай құнім.


Арайланған ак таңымыз азат құн,
Тәуелсіздік нұрын төккен ғажап құн.
Тәуелсіздік баска конған бағымыз,
Тәуелсіздік ар намысы казактың.

Тәуелсіздік нар елімнің айбары,
Тәуелсіздік татулықтың айғағы.
Тәуелсіздік казағымның көгінде,
Мәнгілікке желбіреген байрағы.

Тәуелсіздік жас үрпактың жыр әні,
Тәуелсіздік бар Алаштың ұраны.
Тәуелсіздік тұғырына кеп конған,
Қазағымның қалықтаған қыраны.

Самрат Құсқенов

Самрат Құсқенов 28.06.1996 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Амангелді ауылында дүниеге келген. 2002-2012 жылдары Амангелді негізгі мектебінде, 2012-2014 жылдары №2 Благовещенка орта мектебінде, 2014-2016 жылдары М.Жұмабаев атындағы Петропавл калалық гуманитарлық колледжінде «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша, 2018-2021 жылы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде «География пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша білім алған. Өлеңдері «Ауыл арайы», «Қызылжар нұры», «Солтүстік Қазақстан» газеттеріне шығып, ұжымдық жинактарға енген. «Інкәр жүрек», «Жала мен Жаза» кітаптарының авторы. Облыстық, республикалық байқауларының жүлдегері. Зейнолла Әкімжановтың шығармашылығын насиҳаттап, «Оttai ыстық Отынағаш» кітабын компьютерде терген.



Қазақ қаны

Қазақ қаны, казақ қаны
Киелі,
Киеліге бар әлем бас иеді.
Ұлдан туған немересін қастерлеп,
Жат жұрт көрген қыздан туған жиенін!
Туыспен қыз алыспаған
Таза қан,
Тұла бойға тек арқылы тараған.
Ұлылардан ұлағатпен жалғаскан,
Алпыс екі тамырымда
ҚАЗАҚ – ӘН!
Жақсылықтың бәрін ішке дарытқан,
Адаспаған ешқашан оң бағыттан.
Жамандықты маңайына жолатпай,
Өз ұлына игілерді танытқан.
Жақындары жамағайын болатын,
Түкымдары барда құтқа толатын.
Әр кез тайлы-тұяғымен бірігіп,
Еш қараусыз қалдырмаған моласын.
Ал бүтінше?
Қазақ қаны бүлінді,
Малай түгел, оқығаны сүрінді.
Сыйлағанды көтергенде тәбеме,
Санасыздар «Қорыққан!» деп түсінді.
Жамағайын түгел,
Алыс-жақының,
Ұмыт қылды, тіпті көрші ақысын.
Туысына рұқсат алып барасың,
Іздесен де, кімге қажет ақылың?
Қазақ қалды,
Бақыт құсын көруден,

Өзінің салт-дәстүрінен өтуден.
Корқып келем, қалатындаі көмусіз,
Ал бауырлар бірін-бірі сөгуде.
Қазақ қаны
Неге бүгін карайды?
Көз алдыма әкелмеді арайды.
Көкірегін оятуға тырыссам,
Аға буын шиберідей талайды.
Халық санын талқыласаң,
Аз-ақ сан,
Аз болса да сыйыспаған, тараған.
Өзегімнен теппе, жазсам тегімді,
Қазақ қаны, қазақ қаны
Таза қан...

Адамзаттың үшінші ұстазы

(Алғашқы ұстазым Кәрішалова Зура Сағындыққызына)
Аңсап келем бастауыш сыныбымды,
Балдай тәтті қылардай қылығымды.
«Сен, Зуканның шәкірті емессің бе?» –
Деп, елім жүр кеңейтіп тынысымды.
Ұстаз деген мәңгілік ғажап атты,
Мактан тұтып белестен қазақ асты.
Арестотель бірінші есім болды,
Оқыткан сон алғаш рет адамзатты.
Бой көтерсе білімнің мұнарасы,
Ой сәулесі жанынды ұнатады.
әл-Фараби екінші ұстазымыз,
Адамзаттың тау тұлға, ғұламасы.
Әр бағытта үш орын болу қажет,
Ол үшін де озғаннан озу қажет.
Ұстаз үздік үштікке кіру үшін,

Оқушысы бір өнер току қажет.
Ел тәнті боп жүретін өлеңіне,
Айналдырып өзінің төресіне.
Алдыңызда отырған шәкірт еді,
Ақын жігіт, жұрт риза өнеріне.
Дұрыс болар коғамның ескергені,
Айтқанымның шындығын тексергені.
«Адамзаттың үшінші ұстазы – Сіз,
Ұлық көріп, болдыңыз,» – деп бергені.
Сіз осындағы күрметке лайық жансыз,
Ұлылықты тәрбиемен тағытқансыз.
Сөзініздің мәнін бір ұқпаған соң,
Сізден жырақ кетуге асыққанбыз.
«Асыққан, ол – шайтанның ісі» болды,
Салғанымыз шаланың ізі болды.
Оқуыңыз, енді кеп, зар қып қойды,
Ойымыз да тірліктің кірі болды.
Қызықты боп өтетін сабағыңыз,
Қар жаудырып тұрса да қабағыңыз.
Адамзаттың үшінші ұстазы боп,
Болашакқа жеткендей атағыңыз.
Арестотель – білімнің данасы ғой,
әл-Фараби – елдің ой атасы ғой.
Зура тәтей мектептің асылы боп,
Ұлы көшпен тарихта қалады ғой.

Ажарлым!

(«Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Мұқағали»
телехикаясында Фаризаның рөліндегі Ажарлым
Мағзумға)

Ажарлым!

Ажарлым-ай, Ажарлым кыз,

Өзіңсін жыр көгінде жанар жұлдыз.
Жаңынды тондырмайтын қаһарлы құз,
Астында табаныңың жатар құндыз.
Әдебиет мәдениетпен егіз ұғым,
Байқасан, төл өнерде қатар тұрмызы.
Бірақ, сен байкамайсың, сезбейсін де,
Ұқпадым, ақындыққа сенбейсің бе?
Поэзия әлемін де кезбейсің бе?
Мақсатпен киялыңды жеңбейсің бе?
Өзің де тандадың ғой өнер жолын,
Образға тым болмаса, енбейсің бе?
Ажарлым,
Тірілттің-ау Фаризаны,
Бір өзің орындадың дариғаны.
Тіліме салдым-дағы қәлиманы,
Жырыма косып кеттім жазираны.
Күй кештім Мұқағали болып мен де,
Алдыма келгендей жыр падишасы.
Жігіттен дос таппадым,
Сырласатын,
Сырласып, он талаппен қыр асатын.
Өзің бол, қыз болсан да сыйласатын.
Ақының өзім болам жыр жазатын.
«Таланттың бәрі жалғыз!» деп мұң шақсам.
Атыңа сай адам бол, нұр шашатын.
Ажарлым,
«Қияли!» деп ойлайсың-ау,
Біз жакка назар салып коймайсың-ау.
Бір рөлді спектакльде сомдайсың-ау,
Сол ізді кинода да жоймайсың-ау.
Жан-тәнін түсінетін шығар, бәлкім,
Рөлінде ақын қыздың ойнайсың-ау.
Койылым қойып, рөлге жараганым,

Монолог оқып, шыңға карағаным.
Менін де театр болды қалағаным,
Жыр жазып кете барды дара жаным.
Әртіс пен ақын жолдас болатындей,
Сыр ашып койдым,
Бекер жасағаным.
Мен үшін сен бірінші орындасын,
Дарынның сынға толы жолындастын.
Әртістік шеберлігің мойындалсын,
Әр казак тілегінді орындасын.
Ешқашан «Ұмыт болам!» деп қайғырма,
Тарихтың алтын бейнекорындастын.
Ажарлым,
Ажарлым-ай, Ажарлым қыз,
Өзіңсін жыр көгінде жанар жұлдыз.
Жанынды тондырмайтын қаһарлы күз,
Астында табанынның жатар құндыз.
Өмірде екі жакта жүрсек те біз,
Болашак архивтерде қатар тұрмыз.

Мықты

«Кім мықты?» деп сауал тастап бір інім,
Сыналғандай болып еді білімім.
Жауап беріп көрем, қолдан келгенше,
Мен де асыл, текстілердің бірімін.
Көз көрді ғой мықтылардың талайын,
(Еске бәрін жалпылама алайын).
Бір бай көрдім,
Өзін мықты санаған,
Құлдан бетер ұстап ұрған малайын.
Бір журналист көзге түсті жакында,
Жазатын тек «калталылар» хакында.

Өзін «Үздік классик» қып көрген соң,
Оған жақпас жазушы да, ақын да.
Балуанды да көрдім, күші тасыған,
Жан-тәніне бар құдірет дарыған.
Жан баласын допша көріп тепкілеп,
Безіп кеткен адам деген атынан.
«Мықты екен!» деп бұларды ойлама,
Бұлар жайлы әңгіме де козғама.
Әмірде ең бейшаралар осылар,
Көздегені қадірі жоқ төр ғана.
Нағыз мықты өлтірмеген иманын,
Казынаға айналдырған жиғанын.
Нағыз мықты шырғалаңға түссе де,
Жаза алған мағыналы диуасын.
Нағыз мықты ар-намысын сатпаған,
Әрқашанда әділдікті жақтаған.
Жаман болсын, жақсы болсын туысын,
Ел алдында әулие тұтып мактаған.
Өз халқының салтын білмей кей пенде,
Осал тұсын жаяр, сайып келгенде.
Адам мықты бола алады тек қана,
Ең алдымен, өзін-өзі женгенде.

Жігіт үшін

Дос та жақсы,
Жар да жақсы,
Адамға,
Ғұмыр кешсен, мына шексіз ғаламда.
Әке-шешен аман болса, бұл да – бақ,
Тілектес боп жүрген әрбір қадамға.
Нелер келіп,
Нелер кетпес басына?

Арам үйір болар адап асына.
Жігіт болып жарапған соң жиналар,
Жақсылар да, жамандар да қасына.
Несиен де,
Карызың да өтелер,
Жаның бакыт шуағына бөлөнер.
Өтелмейтін ел алдында парызың,
Ер жігіттің қасиетін төл етер.
Жұмысың да,
Оқуың да немене?
Ұсак-түйек тірлік болып келе ме?
Ұлken шаруаң елге еткен қызметін,
Мәртебең сол, өлгенінде елесе.
Жалақың да,
Ырысың да ауылда,
Жақын тұтып баса білген бауырға.
Туған жері құлпырғанда гүлденіп,
Жігіт қарсы тұрар соқкан дауылға.
Қара, менің түгел емес есебім,
Сағыныштың жыры болды кешегім.
Борышымды өтегім кеп тұрса да,
Орнында жок, құтты атамекенім.
Жоктап келем, аңсап туған жерімді,
Ақ қағазға тарқатсам да шерімді.
Жұмыстың да берекесі болмайды,
Өз өлкеңе төкпеген соң терінді.
Туған үй жок,
Демек кием жоғалды,
Руханияттың көшіп-қонып тоналды.
Ауыл қайда бұзылмаған қаймағы?
Төңкөріс деп еткен күндер оралды.
Ел жок,
Болмас дүниенің ғажабы,

Киын боп тұр, нарық заман талабы.
Жігіт үшін көрген сынақ түк емес,
Елсіз қалу екен өмір азабы...

Сабыр Санжар

Сабыр Санжар Өзбекұлы 1998 жылы 7 шілдеде Солтүстік Казакстан облысы, Мамлют ауданы, Бостандық ауылында дүниеге келген.

2015-2019 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің түлегі;

2019-2021 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің магистрі.

Аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар жүлддерегі: 2013 жылы Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі және әдебиеті пәнінен халықаралық олимпиаданың II орын игері;

2014 жылы Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі және әдебиеті пәнінен халықаралық олимпиаданың III орын игері;

2015 жылы Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі және әдебиеті пәнінен республикалық олимпиаданың III орын игері;

Аудандық, облыстық, аймақтық Абай, Мағжан оқуларының жүлдегері.

Республикалық Мағжан оқуларының «Ақын да бір бала ғой, айға ұмтылған» номинациясының жеңімпазы (2012 ж.);

Абай оқуларының облыстық кезеңінің «Жүйріктен жүйрік озар жарысканда» номинациясының III орын иегері (2011 ж.);

Абай оқуларының облыстық кезеңінің «Жүйріктен жүйрік озар жарысканда» номинациясының II орын иегері (2013 ж.);

Облыстық, республикалық ақындар айтысының жүлдегері:

2013 жылғы Тәуелсіздік мерекесіне орай өткен облы-

стық ақындар айтысның III орын иегері;

2014 жылғы шығармашыл окушылар арасындағы «Ақберен» I республикалық өнер байқауының «Ақындар айтысы» номинациясының қатысушысы.



Сок қонырау, сынғырлап!

Кен ашкандай ақ отаудың түндігін,
Куанышқа толы күн – ау тым бүгін.
Гүл көктемім көкке өрлетші, кәнекей.
Қоныраудың соңғы соққан сынғырын.

Сок қонырау, кен даламды тербетіп,
Катты соксан, калар сенін нең кетіп.
Алтын ұям кеше ғана қарсы алған,
Түлектерің қалыпты ғой ер жетіп.

Сокшы, сокшы, бебесулетіп барынды,
Жадыратшы үнінменен жанымды.
Сенін сокқан сынғырынан сәт алып,
Талай түлек таланттымен танылды.

Сок, естілсін бүгін үнің катты, нық,
Жок қой, сұлу сынғырында жат кылық.
Кияларға канат қағар кезінде,
Түлектерге тілеп сокшы сәттілік.

Сок қонырау, жас бүлдіршін қолынан,
Онындағы тусын айы онынан.
Кен өмірге аттанғалы түрғанды,
Жіберейік, кешіктірмей жолынан.

Шанағынан домбыра күй төккендей,
Қоныраулатып аспанда аққу өткендей.
Өр каламыз Өскеменде жүрсемде,
Ғажап үнін құлағыма жеткендей.

Әуенімді саналарға бойлатып,
Бар әлемді жатсың, шіркін, тойлатып!
Күміс даусың алыстағы менің де,
Шабытымды жіберді ғой оятып!

Анама

Анашым – менің ақылшым,
Өзіме ыстық, жақынсың.
Ұстаздық ұлы жолында,
Көрсеткен күрмет халқым шын.

Анашым-алтын арайым
Сүйсіне саған караймын
Қасымда жүрсөн, өзімді
Бакытты жанға балаймын

Анашым – күміс көктемім,
Көктемде гүлдей көктелім.
Құлқінен қуат алатын,
Куанышым болсын көп менің.

Анашым – бағым, берекем,
Пейілің сондай кең екен.
Көтерсін көніл күйінді,
Көктемгі төл мерекен!

Көктем

Көктем, көктем, неткен көркем,
Күн күлімдеп, нұрын төккен.
Самал желі, беттен өпкен,
Құлпырып тұр кереметтей,
Менің өлкем!

Сезімінді серпе ұштар,
Шіркін, көніл саған құштар.
Орман ішін әнге бөлеп,
Сайрап жатыр бұлбұл құстар.

Ұмытылмас мұндай шактар,
Ақын бол да жырынды актар.
Көздің жауы алып тұр-ау
Қырда өскен қызғалдактар.

Гүл-гүл көктем, неткен көркем,
Өзіңе тартар, аймалап беттен.
Жып-жылы жаңбыр, себелеп көктен,
Ойнаймын мен де, көбелекпен!!!

Көк көйлек киген қыз

Шашқандай жаңға бар уын,
Білмеймін кандай қаруым?
Санамды жаулап алды ғой,
Көк көйлек киген аруым!

Жүректі өздік қылуын,
Санамда мәңгі тұруын,
Бойымды түтел баурады,
Көк көйлек киген сұлуым!

Сұлулық Құдай төгіп тым,
Ғажайып – сол қыз, соны ұқтым.
Тұсімде де жүр екен,
Көк көйлек киген көріктім!

Құбылып бір сәт әлемім,
Неліктен сұлу жан едің.
Ай менен күнім бас иген,
Көк көйлек киген әдемім!

Аспандай биік талғамы,
Көк көйлек болған тандауы.
Шынайы көрген өзінді,
Жігіттің, шіркін, бар бағы.
Ал менің болса сен киген,
Көк көйлек болу арманым!

Нұрбол Мирағбек

Нұрбол Мирағбек М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің түлегі. Республикалық жыр мүшәйіралардың жүлдегері.



————— Қызылжар ақындар антологиясы —————
Мен мынау ыстық жүрегіммен қара тасты да сағынам...
Төлеген Айбергенов.

Ештеңені түсіндіріп керек емес ұқтым мен,
Екеумізді алдап соғып түн келеді түкпірден.
Сағыныштай сан жыл бұрын санаңызға сіңіскен,
Махаббаттай күттірген.

Енді бәрін ұғындырып әуреленбе қоғамға,
Ауыр ойлар бір сілкініс жасай алмай санаң да.
Екінші рет жүргегінде жүздесейік...
Жараткан,
Менде барын тарту еттім, ең мейрімді адамға.

Алсын бәрін күлі адамдар менде ештеңе қалмасын,
Сізге бәрін тарту еттім, сол жүргегім сол басым.
Бұл адамдар бірін-бірі жақсы көрсін үнемі,
Тек алдаса мейіріммен, сағынышпен алдасын.

Әр әуенге құлақ тұрсін, құстың үнін естісін,
Мейлі мені кеш жақсы көр, мейлі мені кеш түсін.
Бұл адамдар көкірегін іңқарлыққа толтырысын,
Дүшпандарын құшақтасын, жақсыларды дос қысын.

Тосын келген мезгілдейін жаңбыр жаусын, тоңдырысын,
Сен бәрібір біріншісін, сен бәрібір мәлдірсін.
Ей, адамдар, жүрек бар ғой, ұят бар ғой әлемде,
Керек емес кек сақтау мен, керек емес көлгірсу...

Мандаіынан сүйсін біреу жақсы көрсін құрметтеп,
Кеуденізде алқызылдан розалар гүлдеп көп.
Танда екеуміз жолығайық жаңбыр асты су, су бол,
Құшағыма құлағанда өне бойың дірдектеп.

Ей, адамдар, Төлегендей сағынғаның ұлысын,
Жаксы сөз айт, бірге қыдыр, еш себепсіз гүл ұсын.
Мынау коғам өлгенен соң еске алмасын ешкімді,
Кемсітпесін кесірлерін, құрметтесін тірісін.

Жүрегіме Төлегендей жыр сыйдыра алмаспын,
Ей, кара өлең, тамырында тамырыммен жалғастым.
Бұл сағыныш ізгіліктің, мейірімнің ұшқыны,
Бұл мендегі көптен күйге тұспей жүрген алғашқы үн...

Нотасында домбыраның абыз күйі шертілсін,
Бізден бәрін жасырады жасыл аспан жер тылсым.
Сағынышы бар адамның ұстап алып барлығын,
Қарс алдыма келтірсін.

Айтам сосын сағыныштың кандай қын екенін,
Ол дегенім иісіндей жас сәбидің бөпенін.
Ей, адамдар, менің үйім өз жүрегім, өз бөлмем,
Ал әзірге осы дала, осы қала мекенім.

Осы қала тұрағым,
Мен кешегі сактан қалған жәдігермін, мұрамын.
Төлегеннің сағынышын сыйдыра алмай қеудеме,
Алтай жаққа ақ иықты ұшып кетті қыраным.

Ұшып кетті таудан асып, өзен-көлді жағалап,
Сағыныштың өнін, түсін сезінерсің содан-ак.
Өлең деген тоқтамайтын кіл қасқанын үйірі,
Өмір деген кісінейді іргемдегі тағалы ат.

Ей, адамдар, не деп айтсам жарасады жыр екпін,
Қалай соғып тұрғандығын байқайсың ба жүректің?

...Мен ең сонғы рет жер шенберіндегі туылдым,
Мен ең алғашкы рет ана құрсағында шыр еттім.

* * *

Жеті жұрт келіп.
Жеті жұрт кеткен Маңғыстау.

Светқали Нұржан көкем Қызылжарға келген де

Мейман аға...

Сұсыныз сұр даладан қылан берсе Үнініз естіледі кей
дала да.

Жыр еді желден есіп оқығаны,
Жыраулар исі сіңген топырағы.
Тоны көк, толқын мінез шоқылары,
Қай кезде пана болған кайманаға.

Тарам тау.

Құбылаға ескен күмы,
Кожыр тас ажыратар кош белгіні.
Сарбазы сап жорықты бастап барып,
Бұл өзі Түркі деген асқақ халық.
Ерлігін екі ғасыр жырлайтұғын,
Ерінде калғып кеткен Ескендірі.

Даласын мәңгілікке құйған күмнан.
Арлы қыз айналайын иманды ұлдан.
Таңынан Бекет-ата түйе өттіріп,
Мандаіын мәрмар тасқа сүйеп тұрып,
Күмнина Құрманғазы қүй калдарған.

Дұғасын жатқа оқыған тамам елі,
Арқасын күнге тосқан ана белі.
Манғыстау мұқым елдін жер кіндігі,
Естілер есінесем ернімде үні,
Абайдың атқа салмас қаракері.

Түнектен түшкірінер түн баласы,
Адамзат айдарынан жел естіріп,
Етегі елбендерген елес құрып.
Айшығын күнге бояп күмбезінін,
Тарихта жасалмаған кімге зұлым,
Құдайдың құдіретті құм даласы.

Сізде оны сезесіз ғой, ғасыр адам,
Көкжалдың бөлтірігін асыраған.
Кеудесін кері еліктің оттай кернеп,
Я, Раббым Манғыстауды сактай көр деп,
Әр танда, Көздійықтан күн туады-ау...
Маралдың мандайынан шашыраған.

* * *

Күнгірт даланы түйе сағымдар түйреп кеп,
Аспан шетінде сәулесі біткен ай дірдек.
Жоталар мызғиды жон арқалы, үйрек бет,
Кар ұшқындейды ат тұмсығында кай дүрмек?!

Күзеуге конған ақ боз үйлерді жұлқылап,
Етегін сүйреп қашқактайды кеп шапанның.
Жырактап ұшқан құс әуенінен жыртып ап,
Кебежесіне жасырып қойдым апамның.

Ат казығында айналшақтайды үскірік,
Бессала жазыктан қар ұшқындайды кара өзек.
Ешкі-танауы, серке-муйізді пыскырық,
Сасқан коянда зәре жок...

Кайтқан әуеннің соңында қалған сұмдық...тар,
Өткен уақыттың парағы қалды жыртылып.
Анам серпіген төңкерілген де тұндік қар,
Алақанымға аунап тұсті бір тіршілік.

Абылайхан Әшімхан

Абылайхан Әшімхан 2000 жылы дүниеге келген. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студентті. Ерік Аскarov атындағы облыстық ақындар мектебінің тәлімгері. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.



Бақыт

Сөзім көпке жетпеді, қолым көкке,
Қабылдадым барлығын өмір деп мен.
Шуламайды сағыныш шағаладай,
Туламайды теңіздей көңіл көптен.
Өмір еken өткенім, келешегім,
Өмір еken аласым, берешегім.
Бүгін менің жүргегім ауырмады,
Ауырады жүргегің неге сенің?
Сағындырды демеймін өскен аула,
Өткен күндер: көнілде, есте бар ма?
Өзім екем асықкан, ерте келген,
Көктем екен кешіккен Көкшетауға.
Сен сенбедің сөзіме, елде сенбей,
Қолың созған жоқсың сен көкке мендей.
Жұлдыз болып аспанға шашылды бақ,
Күл боп сынған шынының бөлшегіндей.
Қандай ауыр, досым...

* * *

Сен неге бүгін мұлдем бөллексің?
Мен бүгін, сәулем, кімге керекпін?
Сен мені күтіп қалғандай болып,
Өзімді ертенге сүйреп әлекпін?
Білсең ғой маған көп керек емес,
Сезсең ғой маған көп керек емес.
Сағынып келіп тұрсада маған,
Бұл тағы менің «көктемім» емес.
От демің емес.
Көктемім емес,
Адамның рас өткені елес.

Жылдар да кейде өзен секілді,
Ырыкка көнбес, өткелін бермес.
Қандай арманның сонына түстім?
Конбадын құсым.
Бағымнан ұштын.
Жетсем деп саған сабалай беріп,
Қанаты талған қаршыға құспын.
Тірлікте мына жанды каритын,
Өзің болсан ғой калдырап түйін.
Жиырма бір жаста өртеніп өлген,
Мен бүгін білсең, Артығалимын.
Өкініш екен – татқан әрбір мұн.
Сағыныш екен – батқан әрбір күн.
Жүрекке барад жолды таба алмай,
Адастып кеткен Ботпан Әділмін.
Тындаsam екен ақылын кімнін?
Тұнегіне ендім, ақыры тұннің.
Сен естіп мүмкін калардай бүгін,
Мен сені үнсіз шакырып тұрмын.
– Кездесейікші...

Этюд

Менің миымның бөлмелеріне мұн тұнеп,
Менің қеудемнен құстар ұшады дүркіреп.
Өшіріп алған отымды кайта маздатып,
Оятып алам сағынышымды сілкілеп.
Қанатына орап мен айтпас сырды көп елге,
Құстар ұшады төбемде.
Сабалап кағып төгерме сенің көгіннен,
Сағынышымды айналып кеткен өлеңге.


* * *

Саған өлсң жазар едім, сөзім жоқ,
Жоқ және де сен боп жанған көзімде от.
Маған алдан кол бұлғаған топ сәуле,
Көрінбейді өзің бол.

Ғұмырымның өлшемі едің көнерген,
Сен туралы ести беріп көп елден,
Мезі болғам, ғашықтықтан өлермен.
Саған енді арнамаймын өлең мен.
Әр бір қыздың жанарының жаркылы,
Жырымды оқып менің жазған жарты күн,
Сені бәрі бақытты деп ойлайды,
Саған жазған өлеңді оку арқылы.
Көссегеміз осы болса көгерген,
Бақытын да, баскасын да төбеннен,
Төгер ме ем?
Сені бәрі бақытты деп ойлайды,
Сені танып саған жазған өлеңнен.
Ал мен ше?

Ақтілек Хайымхан

Ақтілек Хайымхан 2004 жылы сәуір айының 11-і күні Монголия жері Бай Өлкө аймғында дүниеге келген. Өлең жазуды ең алғаш 12 жасында Қекшетау қаласында өткен «Бала ақын-жас дарын облыстық айттысында бастаған. Бұланды ауданы, Қараөзек орта мектебінің түлеі. Бүгінде СКО, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары педагогикалық колледжінің 2-курс студенті. Аудан, облыстық, республикалық жас ақындар айттысы мен жыр мұшайраларының жүлдегері.



Қазақстаның мен болам

Қазақстан кең байтак туған елім,
Койнауымда күнде той, думан едін.
Кеудемде кан төгіліп сан боздактың.
Ана жасы етек-жен җуған едін.
Сақ бабаң сатылаткан тарихтарын,
Ғұндар да көмген тарих ғайыптарын.
Үйсіндерде өз балам іштен шыкқан,
Бойына сініргенмін Жайық нәрін.
Көк бөрі, көк түріктен тарағансын,
Жүйрік аттай додада жарағансын.
Кен төсімде бөлтірік ойнак салып,
Айға ұлып ұрпағым қарағансың.
Бойында тулаған кан Сарматтардын,
Дүшпандарың қастандық жармак карын.
Керейменен Жәнібек казық қағып,
Көкесін танытты жонғар-қалмактардын.
Жауға шапкан жас балам Абылайлап,
Қалың қазақ жұртының камын ойлап.
Үш жүздін басын қосам деп бекінді,
Бойына дарыттым мен нағыз айбат.
Сенсөң маған жақсы өмір сүре аласын,
Шаруаға қос женді түре аласың.
Мен үшін бір жаксылық ете алмасаң,
Перзентім бол қалайша жүре аласың.
Сан жылдар бейбіт күнін көрмеген ел,
Көкке қарай көк бөрі өрлеген бел.
Қалса да иығынан басы түсіп,
Кене балам намысын бермеген ер.
Мен алыппын алыптармен күресемін,
Жақсылардың жанына ілесемін.
Көкжалмың, сары аязда қаны қайнар,

Алты карыс азуммен тіресемін.
Перзенттерім қын күн, сынақ кешкен,
Құдайдан берілген бұл сынак дескен.
Қазақстан атаным мен бүгінгі,
Алға қарай ұмтылған ұзап көштен.
Ішімдегі көп жайға ашынасын,
Өрендердің ісіне жасынасын.
Ішіме келімсектер кіріп шығып,
Бойымдағы мұнайды тасымасын.
Жетімің мен жесірді жылатпаймын,
Келімсектер кіруін ұнатпаймын.
Ұрпағым кен тәсімді улатпасаң,
Елің болып еңсенді құлатпаймын.
Мені айтса ет жүргегің елжіресін,
Женіп шығам қолдасандар ел күресін,
Кой үстінде бозторғай жұмыртқалап,
Тәсімде туын қазақ желбіресін.

Ей адамдар

Ей адамдар ойламағын бас пайданды,
Ұмытпағын ар-ұждан басты айнаңда.
Заманың бар зорлығын көріп өстім,
Кеудемде кектік намыс жастай жанды.
Ей, адамдар, толғанғын, ойлангайсын,
Азатсың арамдықтан ойдан қайсың.
Құдай бәрін таразылап тұрады біл,
Ақиред жағдайын сен ойланғайсын.
Ей, адамдар, қайтесің кекті куып,
Ыздадай лағнет сумен бетті жуып,
Болмайды саяз оймен сазға батып,
Бабаннан, өз әкеңнен текті туып.
Ей, адамдар, түзегін ниетінді,

Армандайсын өзінді би етуді.
Колыңа алмағын тек бұл жалғанда,
Көре алмастық, накактық күйе туды.
Ей, адамдар, демеймін надан болғын,
Жақсылықка бастайтын кадам болғын.
Қамшының сабындау-ак қыска өмір,
Сондықтан ей, адамзат, адам болғын,
өз арыңның алдында бодан болғын.

Ту

Казак туы намысымның дәлелі,
Руханият, сыйым менің кәделі.
Казак дейтін ел болмаған дегенге,
Ту көтеру жауап болды әдемі.
Тудың түсі алышыпты аспаннан,
Елді қорғап, талай көзден жас тамған.
Ер етікпен су кешкен тар жол, тайғакта,
Ал тарихы көне Сақтан басталған.
Жұртый десе, ұлдың айтар әні көп,
Тұым тік тұр ұлттымыздың сәні бол.
Отан үшін ұлдары көп қан кешер,
Намыс десе, жастарының жаны жок.
Бейбіт өмір айтылмасын жан мұны,
Шаттығымен атсын күннің тан нұры.
Керей менен Жәнібек хан ерлігі,
Жетісудан құрылған Казак хандығы.
Қазан ат қазак шабатұғын алысқа,
Бәрін озар өмір дейтін жарыста.
Көксау қойдай өліміне асықкан,
Көршілестер «Көкжал» елмен алыспа.
Бастамамыз ертең тарих ірі іспіз,
Індеп жайлап жатсада ел кіріссіз.

Дос болғанға құшак ашқан туыспыз
Қас қылғанға қип түсер кылышпыз.
Өткөрген талай жұртым менің азап күн,
Тәубе етемін бүгінгі күн азатпын.
Мекке тасындай туған жерімнің әр тасы,
Құраны ту секілденген қазактың.

Диас Аяған

Диас Аяған 2003 жылы 7 қантарда Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Ақтас ауылында туған. Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатының түлегі. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің казак тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті. Е.Аскаров атындағы облыстық жас ақындар мектебінің шәкірті. Облыстық, республикалық Абай, Мағжан оқуларының, мүшайралардың жеңімпазы. Аймақтық, республикалық жас ақындар айттысының жүлдегері.



Ақ қайындар өлкесі

Мен тұған мекен – қайындар елі,
Еркелеп өстім Есілге.
Қанатымды ешкім қайырмап еді,
Жүргенде сенің төсінде.

Өзінді жайлап ауылым-ана,
Бәрін де бердің сен маған.
Тулаған асаяу дауылына да,
Ғашықпын сенің, кең далам!

Қайынды мекен, қайынды мекен,
Қалың орманым – байлығым.
Төсіне жылкы жайылды ма екен?
Тебісіп, ойнап тай-құлын.

Өмірім менің жалғаса берер,
Осынау байтак өнірде.
Арманым бар ма самғасам егер,
Қыраның болып көгінде?!

Мен тұған мекен – қайындар елі,
Бал күнім өтті бір сенде.
Осы мекеннен айырма мені,
Тағдырым, қайда жүрсем де.

Қонжық

Тіршіліктің айдауымен дүрбелен,
Қызылжардың көшесінде жүрген ем.
Саудалаған ескі затын үйдегі,
Жанды көрдім жол шетінен бірде мен.

Баяғыдан ұнатпаушы ем базарды,
Бұл көрініс ала берді мазамды.
Сатып жатқан заттарының ішінен,
Қызыл қонжық бүрдыштың назарды.

Кімдікі екен, кімдікі екен «аң» мынау?
Сатып жатса, отбасы оның жарлылау.
Жауабы жок сұрақ толып санамда,
Сол қонжыктан көз ала алмай қалдым-ау.

Ойыншиқ та тіршілікте бұл кезбе,
Иесі жок, күтеді екен кімді өзге?
Кім біледі, бір баланың ең жақын,
Досы болған шығар ол да бір кезде.

Қатал тағдыр жан жігерін ұсактап,
Қонбағанда бақытының құсы аппак,
Мүмкін сонда бұл қонжыкты бір ару
Кім біледі, жылады ма құшақтап?

Арасында жатыр қонжық шан, құмның,
Айттар сөзін үфа алады аңның кім?
Ойыншиқтағы жансыз көзден мен сонда,
Қасіретін көрдім мынау тағдырдын.

Тондырды оны даладағы сары күз,
Күзден шығар, жылымайды жанымыз.
Бұл қонжыкты неге сатып жатыр ол,
Әлде есейіп кеттік пе екен бәріміз?

Өлең

Ұлы өлең!
Өзінмен қайтадан қауыштым,
Тастадым таусылмас дау үстін.
Сыртыма шыққысы келеді,
Іштегі беймәлім дауыстын.

Ұйқымды ұрласа өлеңім,
Бар шығар қофамға керегім.
Бағы мен соры мол өмірге,
Өзімше жыр жазып келемін.

Қамауын бұздым да құсымнын,
Кеудемнен аспанға ұшырдым.
Мендеңі жүректің қағысын,
Мен көрген заманнын ағысын,
Келеді қағазға түсіргім.

Ұлы елең, өзінді тапкан күн,
Құс болып ұшуға шак қалдым.
Содан мен жан білмес сырымды,
Тек қана өзіне актардым.

Тағы да бір таным атыпты,
Болармын бір күні бакытты,
Өлеңім, мен үшін өзіңсін,
Тоқтатар құдірет уақытты.

Жастық жыры

Мен сүрмеген замандар,
Мен келмеген кезендер,
Мен білмейтін адамдар,
Мен кешпеген өзендер,

Мен бармаған неше жер,
Мен өтпеген өткелдер,
Мен жұрмеген көшелер,
Мен сүймеген көктемдер,

Мен алмаған билеттер,
Мен бермеген жылулар,
Мен салмаған суреттер,
Мен көрмеген сұлулар,

Мен кеспеген бұтактар,
Мен тұспеген тереңдер,
Мен ашпаған кітаптар,
Мен жазбаған өлеңдер,

Мен болмаған сүйікті ел,
Мен күтпеген тандар бар,
Мен шықпаған биіктер,
Мен жетпеген армандар,
Қаншама?

Жүрек жыры

Ұйқым келмей күндіз де тұнде менің,
Ой мазалап тынымсыз жүрген едім,
Қаламымды алам да осындайда,
Жүректегі жапырақ жырды өремін.

Жүректегі жапырақ жырымды өрем,
Бір үрей бар жанымды тілімденген,
Бір арман бар ішімде білінбекен,
Бір үміт бар ішімде құлімдеген.

Үрей, үміт, ішімде әз арманым,
Қалаймын жүрегімнің тазарғанын.
Жырыммен тағдырыма наз арнадым,
Жазармын, ак қағазға жазам бәрін.

Жазармын көнілімнің мұн қайғысын,
Жүрегімнің сезгенін жырлайды ішім.
Арманынды арқалап келе жатқан,
Ақынынды қалың ел тындаимысын.

Тындаимысың жырымды дала қазір,
Ондай бақ бүйіра ма маған әзір.
Теңізінен ұшырып шағала-жыр,
Арман қуып ақының жағада жур.

Ермек Жұма

Ермек Жұма 2003 жылы СҚО, Жамбыл ауданы, Сәбит ауылында дүниеге келген. Жастайынан өлең-жыр жазған ақын Сәбит негізгі мектебінде білім алғып, кейіннен Петропавл қаласындағы Әбу Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернатында білім алған. Қазіргі уақытта Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледждің 3-курс студент. Мағжан, Абай оқуларының, жыр мүшэйраларының жүлдегері.



ҮЙ ҚАМАҚТА

Келмеді ау жаксы әнмен бүгін көктем,
Хабарыңмен жанымды дірілдеткен.
Шыбын жаны адамның қиналуда,
Тұсken кезде тіріліп шыбын көктен.
Естілмесін сұйық сөз, жәй ән ұлдан,
Нені елім дәл казір сая қылған.
Бүршік жарып келді деп қалай айтам,
Қырсық шалып кеткенде аяғыңнан.
Наурыз да естілмейді дүбірлеткен,
Көктем деп бола алмайды көңіл көктем.
Құстар қайтып келді деп қалай айтам,
Адам қайтып кеткенде бұл індепттен.
Сынақ деп түсінемін кейде мұны,
Жылап көп жырлағанмын бейнеліні.
Дір етіп қайда кетіп құтыласың,
Жыр етіп отырмасаң үйдегіні.

Өмір ғажап!

Өмір ғажап-жадыра, күлші бүгін,
Көрсөң де жағымпазды, сыншыны мың.
Көбі жетпес бақытқа сен жетесің,
Бір Аллаға болсын тек құлышылығың.
Тілерің болса шаттық, досқа бақыт,
Раббымыз қоймайды ғой бос қаратып.
Кетпесін аузыңнан шүкірлігің,
Өтпесін жастық шакпен босқа уақыт.
Өмір ғажап, бағы бар төзген ердің,
Төзбесе егер мәні жок «біз» дегеннің.
Басында ақыллы жоқ адамдарың,
Ақысын жеп журеді өзгелердің.

Бұзыктар бар жүрмейтін секемденіп,
«Мен үшін тұрады» деп өтер делік.
Сен үшін тұrsa мейлі, ана өмірде,
Жауап бермес не досын, көкен келіп.
Жақсы адам бар, ізгі істі мән санапты,
Бірге болар жақының жар санапты.
Бұл өмірден алған соң мол сабакты,
Жақсылықпен жинапты мол сауапты.
Ғажап өмір, керегі тіреу ғана,
Жақсы адам өмірді сүрер дара.
Қателікке жол берме екі өмір жок,
Тағдырынды шешетін біреу ғана.

Жарқанат Хинаухан

Жарқанат Хинаухан 1998 жылы туған. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Казакстан университетінің студенті. Облыстық республикалық байқаулардың жүлдегері. Өлеңдері газет-журналдарға шығып, ұжымдық жинактарға енген. Ерік Асқаров атындағы жас ақындар мектебінің шәкірті. Коршаған ортасы «Сыршыл ақын!» деп бағалайды.



* * *

Күз келгенде қайтады жаз қонағы,
Қайтатыны бір оттың маздағаны.
Тебірентіп, толқытып саз даланы,
Қанатынан ән үзіп қаз барады.

Тұлпар тұяқ дубірлі дала, тамыз,
Келеді де басады қараша күз.
Неге таулар біздерден ұзап қалады,
Неге біздер таулардан аласамыз?!

Қараша ауыл, ақ боз үй жұмыр тіккен,
Баран тартып барады інір тіптен.
Күнде жиын қылатын қара сазда,
Көп шағалам бар еді, Кім үркіткен?!

Шыймай-шыймай шық тұрған дала тұні,
Шық қонақтың бар тағы алатыны.
Жаздың соны – шалдардың әңгімесі:
Биыл қыстың қаттылау болатыны.

Жүйрік тұрып алса егер шабан бәйгі,
Елге қайғы болғаны маған қайғы.
Жаз бойына жотада тұрған үйір,
Өзен жаққа түсे алмай табандайды.

Қыр баласы бірі деп жыры бардың,
Өлең жолын қыр жаққа бұрып алдым.
Ғасыр көрген карттардың әжіміндей,
Тау сілемі теңбілі сүрі қардың.

Қараныз да аспанға, еленденіз,

Құстың ізі емес пе төбемдегі із?!
Неге құстар біздерден ұзап кетеді,
Неге біздер құстардан тәмендеміз?!

Қосылатын ойлар бар жолда бірер,
Батылдық пен тұрса егер бойда жігер.
...Көрші ауылда жүретін керімсал қыз,
Қала жакқа қайтуға ол да әбігер.

Қандай жырдың қағамыз қақпасын қай?
Жеткізуге барлығын таппас ыңғай,
Өзгелермен бөлісіп бір ататын,
Өлең деген шалдардың шақшасындай.

Құз келгенде қайтады жаз қонағы,
Күнірентіп, толқытып саз, даланы.
Күздің басы – шалдардың әңгімесі:
Жаздың жылдам өткені, маздағаны.

P.S. Шақша атыскан шалдарың мәз болады.

Сырғалы (кен дала төріне арнау)

Алтай қойнауын толқытқан Сырғалы қайда,
Тұнық айдынын шағылтып бір жарық айға,
Сырғасы түскен сұлудың сырлы көліне,
Бір шайыр ақын керек-ау жырлары майды.

Сырлы даламда сүйсінтіп, наз ұрлайды ақ таң,
Шабыттың болып келерсің қазір қай жақтан.
Түйін болатын түрі бар түйір тасының,
Поэзияның әлемі-ай жазылмай жаткан.

Көнелік те бар көшінде жаңалық та бар,
Сарқыты десем ескінің сана құпталар.
Жазар ем әттен жаңылса жазықсыз тілім,
Киял жетпейтін қияңа қамалып қалар.

Ғасырды көрген ғазалым айдан жаңардың,
Пакырға бітпес панам-ау, пайдамда қалдың.
Балбал тастарға тіл бітсе баяндап берер,
Қандай тарихты кешкенін майдан даламның.
Түркінің қаны бойында есіргесінде,
Көк бөрі жортып төрінде көсілмесін бе?
Шыңғыс хағанның қосынын қондырдың ба екен,
Күлтегін жырдың қалдың ба көшірмесінде?

Көшпенділердің конысы көшінде бар мән,
Тұмен тұяқтың дүбірі төсінде қалған.
«Баяғыдаа – деп – бұл жерде...» басталатұғын,
Шалдар айтатын әлкисса есімде қалған.

Жағаңа бір күн жетер ме, жырларым өрген,
Ақ сағым қуып жөнелсем қырдағы белден.
...Бойжеткен суға баруға асығатындей,
Сырғасын тауып алардай сырғалы көлден.

Даяшы қызы

Маған да сыры аян ғой актық істердің,
Кептеліс көрдім жолдардан, қактығыс көрдім.
Жол бойындағы кірдім де кафеге келіп,
Бір кесе ыстық кофеге тапсырыс бердім.

Таныған сәттен сыйлар ма тілесе жарды,
Жазылмай жүрген ойларда жыр етек алды,
Дайындал келген коғені төгіп алардай,
Даяшы қыздың саусағы дір ете калы.

Өз бойымды еркін биледі өзгелік қылық,
Шықпауы киын екен ғой, сөз келіп тұрып.
«Ас болсын!» деген бір сөзді айта алмаса да,
Киылып кана кеткендей көзбен ұқтырып.

...Жапырақтардың тыста бақ саясы күзгі,
Жаурап барамыз сен дағы аяшы бізді.
Жүрегім неге тағы да дір еттің екен,
Қолдарындағы кеседей даяшы қыздың.

Ақыл сыйлаған не болды ашу сыйлаған,
Осындағы сәтте өзіміше ақынси қалам.
Төгіліп неге кетпеді мендегі сезім,
Ыстық еді ғой ол, тіпті «капучинодан».

* * *

Баска әңгіме сіз енді бастамаңыз,
Жолдар өзі айтады дастан, аныз.
Бізде болған ең сонғы қоштасудың,
Себепшісі тағы сол, Астана. Күз.

Сеп болмаса сіздегі ізгіліктен,
Қуантатын не қалды бізді үмітпен?
Каркаралы жеріне асығарсыз,
Сізді күткен жандар бар, күзді күткен.

Біздін жолдар бөлінер осы жерде,
Көрінеміз мұңлық боп сосын елге.
Күзбен сіздін ұксайтын тұстарыныз,
Құқыларын жок есте кешігерге.

Бір сенімді санама тұмар етем,
Шіркін, көніл қай күні тынар екен.
Жолымызды бөлуге осы біздің,
Астана мен күз неге құмар екен?

Қолдан ұшқан бақ дейтін құстарымыз,
Сағынышпен қалдырық тыска бір із.
Менде өлең, ал күзде сарғаю бар,
Осы біздін ұксайтын тұстарымыз.

Іздеу
(С-ра 2)

Кинайды сана сауыға қалмай,
Күнім-ау маған күз боп қарадын.
Күтпеген жерден тауып алардай,
Көш құрым сені іздел барамын.

Айтуға бәрін батпайсын кейде,
Сосын ғой көніл өлеңге құштар.
Сені бұл жактан таппайсын дей ме,
Кикулап барад төбемде құстар.

Сенін бейнендей ақылдым кенет,
Көз алдымдағы қала да өзгерді.
Атынды атап шакырғым келед,
Орамал таккан қара көздерді.

Айналама да толады елесің,
Өзің боп кетті кең көшे жана.
Жүріп өткендей бола бересің,
Мына жолдармен сен кеше ғана.

Іздемесіме бір бермейді ерік,
Жүрек лұпілін есіттің бе еken,
Сен жүрген жерге үлгермей келіп,
Кездесер сәттен кешіктім бе еken?

Армандалап босқа аңсамағанмын,
Шырмалып ойдың мың жыры жанға.
Қасымнан өткен қаншама жанның,
Бірі көрмепті тым күрығанда.

Махаббат деген анық айдын ғой,
Көріне қоймас бескүнде шегі.
...Ешкімді мұнда танымаймын ғой,
Танымайды еken ешкім де сені.

P.S. Өзінді құту құзырда мына,
Іздеймін өмір майдан дегесін.
Әйтпесе менің Қызылжарыма,
Қарағандыннан қайдан келесін?


Анаға арнау

Әлемнің жинап бойға бар асылын,
О, анашым, басымнан бақ асырдың.
Табанында жұмактың кілті бар ғой,
Аяулы алақанға не жасырдың?!

Сізге деген қабыл ал тілегімді,
Күндей нұрлы көңілден гүл егілді.
Аяулы ана, жүзіннен айналайын,
Мейірімге толтырған жүрегімді.
Пейілінді орнаттың атар таңға,
Әкемізбен өмірде катар самға.
Сізге деген карызым өтелмейді,
Үш арқалап Меккеге апарсам да.
Мейірімділік сыйлайтын жанға тылсым,
Есімінде ерекше мән жатыр шын.
Сізге жаннат тілеймін жаратқаннан,
Өмірдегі сен менің жаннатымсын.

Құрмаш Дәulet

Дәulet Құрмаш 2000 жылы 22 мамырда Айыртау ауданы, Дәуқара ауылында дүниеге келген. Сол ауылдың орта мектебін тамамдаған. Қазіргі таңда М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дің 4-курс студенті.



Тәуелсіздік деген не?

Ұлт па еken өмірге қайта ғашық?
Ел ме еken, тұратын айбары асып?
Табалдырығы о тозған Тәнір ме еken?
Алла ма еken есігі айқара ашық?

Ошағы ойран болған қазан ба еken?
Елім-айдай енірер саз ән бе еken?
Сай-сүйекті сырқыратар коңырау ма?
Жан-тәнінді балқытар азан ба еken?

Бір рума еken, жау болған бір руына,
Ат басын бас ауғанға бұруым?
Карағайдай ағалар құлауы ма?
Құлаған шырша салтанат құруым?

Қанмен жанмен келетін бақ ырыс па?
Өкісік пе еken, іштегі жарылыс па?
Жесірдін деміндегі құмарлық па ?
Жетімнің көзіндегі сағыныш па?

Дәмбе еken көз жастың кermек таткан?
Қайғы ма еken, иыққа берген батпан?
Жер үшін сатылмаған ерлер ме еken?
Сатылған жер ме еken ерлер жаткан?

Табылған сәті ме еken жоғалған күн?
Аспан ба еken, тұнеріп торлаған мұн?
Шекараға қағылған казық па еken?
Жүрегіне қадалған оралманның?

Жазума екен, жанғырткан пешенемді?
Бақыт па екен, көгерктен көсегемді?
Тәуелсіздік ойма екен санамдағы?
Беу, казақша ойлатқан осы өленді.

* * *

Жүремін өзіммен сөйлесіп,
Ол маған өз сырын айта алған.
Қанша рет серпілед сол есік?
Қанша рет қағылад қайтадан?

Қанша рет қансырайд жұдырық?
О, ұнсіз кабырға міз бақпас.
Мен кайда асығам жүгіріп?
Ей, өмір келмеске ұзатпаш...

Қанша рет өзімді алдармын?
Сөзіме тұрмас боп алғанмын.
Қағылар азуым е, солай,
Тағы да тістелед бармағым.

Тістелгені, өткінші оны ұмыт.
Ал қанша бал татып жаландын?
Кесіртке құйрығындай о, ұміт
Қанша рет үзіліп, жалғандын?

Қанша рет жанардан жас парлар?
Өксігім өлеңге тірелді.
Алдағы күндерге жоспар бар,
Арттағы күндерге бір белгі.

Қанша рет қапыда тал кармай?

Кім тұрад жағада жымып?

Мен кейде батуды армандай,

Себебі тартады тұнғиык.

Қанша рет сарғаяды жапырақ?

Қанатсызбын тек киял ем болар.

Сол канатсыз жұрт ұшып жатыр-ак,

Тек жерге конбайды енді олар...

Қанша рет Тәнірge сыйындым?

Ұят-ай, сонша рет киналғам.

Қанша рет сол ойдан тындым?

Ұшуға кез болды жиналған.

Ұшармын, жеткізгем көзімді.

Тәнірдің занына не етермін?!

Өмірден ұшқанша, өзімді,

Өленге кондырып кетермін...

Уақытша канат берген қарға Құдай.

Мен жындыша ойланам қарғам ұдай.

Қыстағы ұшып жүрген аппак карлар,

Жаздағы маса шыбын аруағындей.

Ұшып бәйек, жел біліп ырқын алуан,

Сенде сондай канатты ең, шіркін, арман.

Менде бірге ұшқым келді, жо-жок әлде,

Мендері шыбын жан ба шырқыраған...

Аспанда жасын бұлай бастайды.
Әкелер бізге бұл ай рас қайғы.
Ең соңғы жидек ағып түскенде,
Алғашкы жапырақ курай бастайды.

Өзіме неге өз даусым бөтен.
Іштей ұғысшы сөз таусылды көкем.
О сол бір жапырақ көңілім шығар,
О сол бір жидек көз жасын ба екен?!

Табиғат тылсымы кел жырға сіңші.
Менімен бірге кел жыла күлші.
Көз жасын болса, күз келмесе екен.
Көңілім болса, жел болмасыншы.

Тұмауратып қалғанда

Бағаламай сэттердің қадірін кей,
Уакытым жүр, жер ана жатырын жей,
Ажал келіп төбемнен жымиғанда,
Бет шұқыры көрінед қабірімдей.

Езу тартса барлығын білгендігі,
Бопсалауы шығар ау бұл сіндігі.
Жымиғаны о сондай коркынышты,
Қандай болмак каркылдалап күлгендігі.

Сені көрген үрейлі карашығым,
Өзіннен жатыр онда жан жасырын.
Елең етіп құлағын жетіп келдің,
Толғағын естігенде Анашымның.

Содан бері келесің кекесінмен,
Арасында шертіп қап шекесінен.
Толғағын естіп кеп ең, кетер кезде,
Зарлауын естіп кетер ме екенсің сен.

Мұхамед Конқаев

Конқаев Мұхамед Мерекеұлы – 1995 жылы 25 сәуір күні Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Дәуқара ауылында дүниеге келген. 2001 жылы мектеп табалдырығын аттап, 2013 жылы Дәуқара орта мектебін тәмамдаған. 2013-2017 жылдар аралығында Ш. Үәлиханов атындағы Қекшетау мемлекеттік университетті филология мамандығы бойынша білім алған. 2018-2020 жыл аралығында М.Қозыбаев атындағы СҚМУ казак филологиясы бойынша білімін жалғастырып, гуманитарлық ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алған. 2017 жылдан бері Қекен Шәкейұлы атындағы Қекшетау ақындар мектебінде жетекшілік қызмет атқарады. Халықаралық айтыс ақындары мен жыршы-термешілер Одағының, Дүние таланттары одағының мүшесі, Монголия Халық Республикасы мәдениет саласының үздігі. «Жас дарын» алтын медалінің (Алматы, 2017), «Мағжан Жұмабаевка – 125 жыл» мерейтойлық медалінің (Қекшетау, 2018), Дүние таланттары одағы тағайындаған АВАЙ медалінің (Алматы, 2021) иегері.

Жас ақындарға арналған «Поэзияға қадам және айтыска дайындық» атты оку құралының авторы. Өмірдерегі мен жетістіктері «Лучшие люди» Халықаралық энциклопедиясына (2014), өлендері «Қекшетау каласының жас ақындары антологиясына» (2015), «Алтын тұғыр» (2019) антологиясына енген.



Ауыл

Арайлы таң хабары ерте жетіп,
Найза сәүле түседі өлкеге тік.
Ақ шұғыла бұйра бас ормандарды,
Маңдайынан сипайды еркелетіп.

Тәнір өзі нәр берген топыракқа,
Аты – ауыл, бұл жердің, заты – мақпал.
Бебеу қағып, күнменен шағылышып,
Ақ күміске шомылар жапырақтар.

Жауын жауар бұтактан нұр тамдырып,
Көгерерін қайың мен тұр тал біліп.
Тау шынымен сәт сайын дидарласып,
Тәкәппарлау көрінер сұнкар бұлт.

Ұмыттырып шерді де, құсаны да,
Жетелейді бір тылсым мысалына,
Бар айнала ұйыған іңір түссе,
Мамыр күйдің енеді құшағына.

Тоқылдақтың мезі бол жалқы үнінен,
Қоңыр қоян жылт етер тал түбінен,
Қас каая есінеп бар тіршілік,
Бұлбұл құстан сұрайды ән түнімен.

Нұр ойнайды аспанның қабағында,
Бір тылсым бар даланың самалында.
Барқыт тұнде елбіреп, мұн елжірер,
Жұлдыздардың кірпікті жанарында.

Ауыл, ауыл,
Босайды көніл неден?
Жүрегімнен соны ойлап төгілді өлең.
Тек ауылдан шығады кербез жандар,
Тек ауылдан басталар өмір деген.

Тал бесікпен болмаймыз неге бірге,
Елемедің, білмеймін, еледің бе?
Шеберлігі Тәнірдей суретшінің,
Тұнып тұр ғой ауылдай шедеврде.

Садыржан Ақжол

Садыржан Ақжол Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Бостандық ауылында дүниеге келген. Облыстық, республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері. Қазіргі танда Бостандық орта мектебінің 10-сынып оқушысы.



Сегіз аяқ

Абай боп толғап,
Каламды қолға ап,
Жүректен туып сырлы арман.
Қаланы көріп,
Ауылға келіп,
Кеудеде ойлар бұр жарған.
Аунайды жылдар ары аттап,
Күнтізбемізді парактап.

Егемен ел бол,
Көк тұлы жер көп,
Аңсаған Абай күн келді.
Жарлысы байып,
Мактауға лайық,
Сіңісп кетті өрлі ұғым.
Артық болмайды ақындар жырын арнаса,
Отанды сүймей, ұлтшыл болу далбаса.

Басқа елді тілдеу,
Жаксыны күндеу,
Батырлық болып саналмас.
Менменшіл тұлға,
Өскен гүл құмға,
Кеткен күн қайта оралмас.
Арсыз, көнілі ұятсыз,
Келмейді ажал сынақсыз.

Өтірікке құштар,
Қызғаншак іштар,
Жағымпаз есті ұл-қыздар.
Кыран мен карға алмасып,

Солардан ұрпақ жалғасып,
Барады шөгіп шың-күздар.
Кім ұғар дейсің қайғынды ел,
Тартылып жатыр айдын-көл.

Жұмыссыз жастар,
Қылмысқа бастар,
Имену, корқу, ары жок.
Саудалап тәнін,
Айырып бағын,
Жылаған жастың саны көп.
Талқысы көpte шектеу жок,
Тән саудасы өшкен жок.

Рушыл, жершіл,
Өсекшіл, өршіл,
Ұлттық шыңға жете алмай.
Мансапқа шөлдеп,
Ететін еңбек,
Нәпсіге өкім ете алмай.
Істеген істің бәрі бос,
Имандылардың жаны дос.

Күндестік өршіп,
Сол үшін тершіп,
Жақының жанды жаралап.
Сүйем деп алдап,
Кінәсіз ерді қаралап.
Алмасып жатыр күн мен ай,
Токтатар жоққой мулде орай.

Байларды мактап,
Әлсізді даттап,
Мирас боп қалған дәстүрдей.
Үлкенді зекіп,
Ойланбай көкіп,
Барады жастар бас білмей.
Дүние кезек алмасар,
Тектіден текті жалғасар.

Қалауын тауып,
Хиуадан шауып,
Абайға өссек еліктеп.
Қара сөздерін,
Бала кездерін
Сіңіріп өссек зерделеп.
Абай болмаспыш бірақ та,
Дайын болсақ сынаққа.

Тәуелсіздіктің аркасы,
Бейбітшіліктің ортасы,
Ұлы Абайдың қол жетпей кеткен арманы.
Сары ала алқап,
Қала болып қалсақ,
Кейінгі келер ұрпактар үшін пайдалы.
Сактай гөр Алла тіл көзден,
Жеткіз десендер бір сөзбен.

Көк тұлы елім,
Кең байтақ жерім,
Елу жылдан соң ұрпакқа.
Аманат жетсе,
Арсыздық өшсө.
Бірге ойнап, өссе гүл бакта.

===== Кызылжар ақындар антологиясы

Ұлттың осы арманы,
Уақытша ғой қалғаны.

Мазмұны

Болат Кожахметов.....	3стр
Той көйлегі.....	5
Алпыстан асканда	7
Қап тауы	9
Аспандағы арғымактар немесе балалық туралы этюд	10
Кедейім, кербезім	12
Күн.....	15
Таң	17
Тал тус	19
Тұн.....	20
АРБА қазакы және	21
...тактайлы.....	23
Сағындыков Болат	25
Тында, әлем!	28
Мен казакпын	29
Уа заман-ай, заман-ай	30
Қалижан Ташкенов.....	32
Өлең туралы өлендер.....	34
«Конағына кім тосады шикі асын?...».....	35
«Жылтыр сөздер жылмиып жыр кұрасты...»	36
Маңызынан айрылған бата.....	37
Нұрсайын Шәріп.....	40
Елім менің.....	42
Ұлы ханы қазактын.....	43
Ардагерлер.....	44
Мынау менің ауылым шалғайды.....	45
Кезден өттік алды-артқа қарамайтын.....	46
Толегенов Жапар.....	47
Алтайға тағзым.....	49
Құттықтау толғау.....	50
Кәмилә Әлібаева.....	53

Кызылжар ақындар антологиясы

Аңсаймын ауылымды	56
Ерік Аскarovты еске алу	58
Қасым Нұргалиев	60
Қазак тілім-казакы қасиетім	62
Мағжан ақынның монологы	63
Шокан ұшқан ұя	64
Кожаберген жыраудың сонғы тілегі	66
Әзбек Тастанбеков.....	68
Соғыс таңбасы	70
Біздің ауыл	72
Тәуелсіздік – тұғырым	73
Жауыр болған «Жанағы»	74
Арнау	75
Ғалия Малдыбаева	78
Туған жерім	80
Ой нөсері	80
Марал Оспанова.....	82
Отаным десем	85
Жолдар, жолдар	85
Күз	86
Гүлшат Рамазанова	88
Туған жер	90
Ұлы Абай жолымен	90
Домбыра	91
Қайран отты жанарын-ай!	92
Сен үшін өмір сүремін	92
Жанар Калиева.....	94
Өз елім	96
Қыздар	97
Неге?	98
Қос сезім	98
Тағы түн	99
Аманжол Зағыпар	100

Тағдырымның тамшылары.....	105
Кездесу	106
Кешкі ой	107
Ішкі сыр.....	108
Ой елес	109
Құлайхан Рахмет	111
Қасиетті- Кызылжар (толғай)	113
Уақыт берші.....	114
Кар түскенде туған жерге	115
Нағыз казақ.....	116
Ешкімге де ұқсамаймын	117
Нұргұл Оқашева	118
«Жүрекке мұнның мөрін таңба қылып...»	120
«Сізді іздедім...»	120
«Аздал бақыт, бар басымда аз қайғы..»	121
Өкініш	122
Құмыра.....	123
Жарқын Жұпархан	124
Кызылжардың киесі.....	126
Ана тілдің тағдыры	127
От пен Рух.....	128
Н...ҒА	131
Ашыққан ана монологы	132
Уақыт.....	133
Фархат Тастанбеков	135
Біздің ауыл	138
Өмірім менің қырық градуста қайнаған	139
Күн ұлы.....	140
Сіз ғашықсыз, аға!	143
Караша үйі Мұқанның	145
Жұмабек Рахимов	147
Отан.....	149
Әрнек	150

Кызылжар ақындар антологиясы

Тәуелсіздік	152
Самрат Құсекенов.....	154
Казак қаны	156
Адамзаттың үшінші ұстазы.....	157
Ажарлым!.....	158
Мықты.....	160
Жігіт үшін	161
Сабыр Санжар.....	164
Сок конырау, сыңғырлап!	167
Анама	168
Көктем	169
Көк көйлек киген қыз	169
Нұрбол Мирасбек.....	171
«Ештеңеңі түсіндіріп керек емес ұқтым мен...»	173
Светкали Нұржан көкем Қызылжарға келгенде	175
«Күнгірт даланы түйе сағымдар түйреп кеп...»	176
Абылайхан Әшімхан.....	178
Бакыт	180
«Сен неге бүгін мұлдем бөлексін?...»	180
Этюд	181
«Саған өлең жазар едім, сөзім жок...».....	182
Ақтілек Хайымхан.....	183
Қазақстаның мен болам.....	185
Ей адамдар	186
Ту	187
Диас Аяған.....	189
Ақ қайындар өлкесі.....	191
Конжық	191
Өлең	193
Жастық жыры	194
Жүрек жыры	195
Ермек Жұма	196
Үй қамақта	198

Өмір ғажап!	198
Жарқанат Хинаухан	200
«Күз келгенде кайтады жаз қонағы...»	202
Сырғалы (кен дала төріне арнау)	203
Даяшы қыз	204
«Басқа әнгіме сіз енді бастамаңыз...»	205
Іздеу (С-ға 2)	206
Анаға арнау	207
Құрмаш Дәulet	209
Тәуелсіздік деген не?	211
«Жүремін өзіммен сөйлесіп...»	212
Тұмауратып қалғанда	214
Мұхамед Қонқаев	216
Ауыл	218
Садыржан Ақжол	220
Сегіз аяқ	222

Редакторы: Болат Қожахметов

Корректоры: Перизат Әбдірешова

Дизайнері: Глебова Марина

Компьютерде беттеген: Мамельбаева Махфузә